



KAZAKHEXPORT



БАЙТЕРЕК

# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

"KAZAKHEXPORT" ЭКСПОРТТЫҚ  
САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ " АҚ

Есеп туралы	5	Персоналды басқару және еңбек жағдайы	59
Маңызды тақырыптарды анықтау	6	Еңбек жағдайлары	61
<b>ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ</b>	10	Ынталандыру және сыйақы	62
<b>БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЗІ</b>	12	Оқыту және дамыту	63
<b>КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ</b>	14	Әлеуметтік бастамалар	65
Бизнес-моделі	14	Қаржылық сауаттылықты арттыру	67
Қолдау құралдары	15	<b>КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ</b>	<b>68</b>
Компанияның даму кезеңдері	18	Корпоративтік басқару жүйесі	69
<b>НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ДИНАМИКАСЫ</b>	20	Корпоративтік басқару кодексі	69
<b>2023 жылдың НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ</b>	20	Жалғыз акционер	70
<b>ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ</b>	22	Директорлар кеңесі	72
<b>ДАМУ ЖОСПАРЫ</b>	24	Басқарма	75
2023 жылы ҚНК нысаналы мәндерінің орындалуы	26	2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұйымдық құрылым	80
Әлеуметтік-экономикалық әсер	28	Ішкі аудит қызметі	81
<b>ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ</b>	30	Корпоративтік даулар мен мүдделер дауын реттеу	82
Операциялық қызметтің нәтижелері	31	Комплаенс тәуекелін басқару	82
2023 жылы «KazakhstanExport» қолдауымен жүзеге асқан кейстер	34	Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл	84
Халықаралық қызмет	36	Сатып алу тәжірибесі	87
Қаржылық көрсеткіштер	39	Сыртқы аудит	88
<b>ТҰРАҚТЫ ДАМУ</b>	40	Тәуекелдерді басқару	88
Тұрақты дамуды басқару жүйесі	41	<b>ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТЕПЕ-ТЕҢДІК</b>	<b>90</b>
БҰҰ Жаһандық шартының принциптерін және «БҰҰ-әйелдер» бастамасының принциптерін сақтау	45	Қоршаған ортаға әсері	91
БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге үлес қосу	48	Ресурстарды тиімді пайдалану және қалдықтарды жауапкершілікпен өңдеу	93
Жауапты сақтандыру	50	Экологиялық белсенділік	95
Салық саясаты	53	<b>1-ҚОСЫМША. GRI индексі</b>	<b>96</b>
<b>ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК</b>	<b>54</b>	<b>2-ҚОСЫМША. «KazakhstanExport» ЭСК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарын сақтау/сақтамау туралы есеп</b>	<b>100</b>
Адам құқықтарын құрметтеу	55	<b>3-ҚОСЫМША. Қаржылық есептілік</b>	<b>101</b>
Адам құқықтарын, гендерлік теңдікті және инклюзивтілікті сақтау	56	<b>4-ҚОСЫМША. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл</b>	<b>102</b>
Корпоративтік әдеп	57	<b>БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ</b>	<b>106</b>
Омбудсмен институты	58		



## КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## ЕСЕП ТУРАЛЫ

GRI 102-1, 102-5, 102-7

### «KAZAKHEXPORT» ЭКСПОРТТЫҚ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ (бұдан әрі – «KazakhExport» немесе Компания)

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «KazakhExport» немесе Компания) мүдделі тараптардың мүдделерінің тепе-теңдігін сақтай отырып, елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін оның экономикаға, экологияға және қоғамға әсер етуінің маңыздылығын түсінеді. Тұрақты даму саласындағы міндеттерді іске асыру үшін Компания өзінің Даму жоспарының негізгі ережелерін, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттарда

бекітілген халықаралық мінез-құлық нормалары мен принциптерін ұстанады. «KazakhExport» ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты даму үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, негізгі бизнес процестерге тұрақты даму принциптерін біріктіреді.

«KazakhExport» жыл сайынғы өз қызметінің нәтижелерін корпоративтік интернет-сайтта ұсынылған жылдық есептерде көрсетеді:

[kazakhexport.kz](http://kazakhexport.kz)

### «KAZAKHEXPORT» 2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ (бұдан әрі – Есеп)

БҰҰ Жаһандық шартының он принципін және «БҰҰ-әйелдер» бастамасының жеті принципін, экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару саласындағы ақпаратты ашу жөніндегі нұсқаулықты ескере отырып, Есептілік жөніндегі жаһандық бастаманы тұрақты дамыту саласындағы есептілік жөніндегі халықаралық нұсқаулыққа (GRI), сондай-ақ Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне және Компанияның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес дайындалды.

Есепте «KazakhExport» қызметінің нәтижелері, жетістіктері, стратегиялық міндеттер бойынша жұмысы, корпоративтік басқару мәселелері мен тұрақты даму саласындағы қызмет және одан әрі даму жоспарлары көрсетілген.

GRI 102-46

## МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫ АНЫҚТАУ

GRI 102-44, 102-47, 103-1

«KazakhExport» ЭСК» АҚ тұрақты даму саласындағы жаһандық есептілік бастамасының (GRI 2021) жаңартылған стандарттарына сәйкес маңызды тақырыптарды айқындау үшін жыл сайын ішкі және сыртқы мүдделі тараптарға сауалнама жүргізеді.

Маңызды тақырыптардың тізбесін дайындау кезінде Қоғамның қызметі, өткен есепті кезеңде елеулі деп танылған тақырыптар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бекіткен банктер мен басқа да қаржы ұйымдары үшін экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару (Environmental, Social and Corporate Governance, ESG) саласындағы ақпаратты ашу жөніндегі нұсқаулық елеулі деп таныған тақырыптар ескерілді.

Әлемдік компаниялар басшыларының көпшілігі тұрақты дамуды өз бизнесінің басымдықтарының бірі деп санайды, жыл сайын тұрақты даму мақсаттарын алға қойып, тұрақты бастамалар компанияның қаржылық және экономикалық жағдайын жақсартуға әкеледі деп санайды. Қаржы секторы тұрақты дамуда

2023 жылы мүдделі тараптарға арналған кешенді есеп дайындауға мүмкіндік беретін ең маңызды тақырыптарды анықтау кезінде үш кезеңдік тәсіл қолданылды. Тақырыптар маңызын бағалау халықаралық «GRI» стандарттарының талаптарына сәйкес жүргізілді. Бағалау шеңберінде маңызды тақырыптардың тізбесі келісіліп, маңыздылық матрицасы құрастырылды:

### Маңыздылықты бағалау процесі



маңызды тақырыптардың негізгі тізімін дайындау – компаниялар жиі қолданатын тақырыптар тізімін жасау;



сыртқы және ішкі мүдделі тараптарға сауалнама жүргізу арқылы тақырыптардың маңызын бағалау;



тақырыптардың қорытынды рейтингін талдау және құрастыру, оның нәтижесі бойынша қорытынды маңыздылық матрицасы – графикалық көрнекі (№1 қосымша) жасалған.

шешуші рөл атқарады, өйткені экономика өсуінің маңызды қозғаушысы бола отырып, бірнеше міндеттерді, атап айтқанда: «жасыл» жобаларды қаржыландыруды, «жасыл» қаржы өнімдерін әзірлеуді, қоршаған ортаға өзінің теріс ізін азайту және «жасыл» облигациялар шығаруды орындайды.

Қаржы ұйымдарының үлкен жауапкершілігі ықтимал беделді тәуекелдердің туындауына байланысты пайда болады.


Көптеген компаниялар әртүрлі бастапқы шарттардан тұратын тұрақты даму мақсаттарымен жұмыстарын бастап, жауапты бизнесті жүргізудің үлгісін көрсете отырып, тұрақты даму мақсаттарын реттейді.

Мүдделі тараптардың пікіріне жүргізілген сауалнама Қоғам қызметі туралы есептерде ашылуы қажет маңызды тақырыптарды анықтауға мүмкіндік берді.

Маңызды тақырыптардың базалық тізімін дайындау барысында 2022 жылмен салыстырғанда олардың тізімінде айтарлықтай өзгерістер болған жоқ.

## МАҢЫЗДЫЛЫҚ МАТРИЦАСЫ

Маңызды тақырыптарды анықтау жұмысының нәтижесі Компанияның ақпаратты қолдануға қатысты мүдделі тараптардың барлық сұраныстары мен пікірлерін көрсететін маңыздылық матрицасы болды.



## МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР

## БҰҰ ЖШ ПРИНЦИПТЕРІ

## БҰҰ ТДМ

ТҰРАҚТЫ ДАМУ  
САЯСАТЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ

Қоғамның қоршаған ортаға теріс экологиялық әсерін азайту шаралары («жасыл кеңсе» бағдарламасын енгізу, электр энергиясын, жылу энергиясын және суды тиімді пайдалану)

Қоғамның қаланы көгалдандыру бойынша іс-шаралары (сенбіліктер ұйымдастыру, қалалық экологиялық іс-шараларға қатысу)

Қоғамның жауапкершілікті сақтандыру тәжірибесін енгізу бойынша қабылдаған шаралары (заңның экологиялық талаптарын сақтау, жобалардың экологиялық талаптарға сәйкестігін қарау, контрагенттердің қоршаған ортаға әсері туралы ақпарат беру тәртібі)

Қоғамның жауапты сатып алу тәжірибесін енгізу бойынша қабылдаған шаралары (заңның экологиялық талаптарын сақтау, контрагенттердің қоршаған ортаға әсері туралы ақпарат беру тәртібі)

Шығарындылар мен қалдықтар (көміртегі ізі, макулатураны жинау және қайта өңдеу әдістері)

Жұмыспен қамту (жұмыскерлерді таңдау және жалдау; кадрлардың ауысуы)

Жұмыскерлерге еңбекақы төлеу және олардың қызметінің тиімділігін басқару (бағалау жүйесі; жұмыскерлерді тарту)

Мүмкіндіктердің әртүрлілігі, оның ішінде гендерлік теңдік (кемсіту жағдайлары; еңбек даулары; еңбек жағдайларындағы елеулі өзгерістер; Омбудсмен қызметі)

Қоғамдағы қызметкерлерді әлеуметтік қамтамасыз ету және материалдық емес ынталандыру (әлеуметтік қолдау, «тимбилдинг» іс-шаралары командаларын, шеберлік сайыстарын ұйымдастыру және т.б.)

Оқыту және дамыту (білім және біліктілікті арттыру бағдарламалары, тренингтер/семинарлар өткізу)

Адам құқықтарының сақталуын бағалау (Қоғамдағы адам құқықтары, адам құқықтары саласында оқыту, адам құқықтарын сақтауға арналған экспорттық жобаларды бағалау)

Еңбек және демалыс жағдайларын жақсарту (қауіпсіз еңбек жағдайларын ұйымдастыру, еңбек жағдайларын бағалау және жақсарту)

Қауіпсіздік техникасы (өндірістік қауіпсіздік мәселелері, қауіпсіздік техникасы қағидалары, білім беру іс-шаралары, өрт қауіпсіздігі бойынша семинарлар, кеңсе орынжайларынан, ғимараттан эвакуациялау жаттығулары)

Қоғамның экономикалық көрсеткіштері (құрылған және бөлінген экономикалық құн; негізгі қызметтен түскен кіріс; басқа кірістер; еңбекке жұмсалған шығындар; салықтар және басқа да міндетті шегерімдер; капиталды берушілерге төлемдер; таза пайда)

Корпоративтік басқару (бақылау және есеп беру жүйесі, Компания басшылығы, Директорлар кеңесі және мүдделі тараптар арасындағы қарым-қатынас, гендерлік теңдік)

Қоғамның ақпараттық саясаты (ақпаратты ашу, бұқаралық ақпарат құралдарында, интернетте, корпоративтік интернет-ресурста орналастыру, баспасөз конференцияларын өткізу, медиа-жоспар әзірлеу)

Сатып алу тәжірибесі (тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жүйесі; сатып алудағы жергілікті қамту үлесі; жеткізу тізбегіндегі әсерлерді басқару және бағалау)

Іскерлік әдеп (барлық мүдделі тараптар алдындағы экономикалық және әлеуметтік жауапкершілік, құрмет, әділдік және ашықтық)

Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің саясаты мен әдістері туралы ақпараттандыру және оларды оқыту, контрагенттердің этикалық адалдығын тексеру)

Инновациялық даму және цифрландыру (қызметтердің сапасын басқару, қызметкерлер мен тұтынушылардың қанағаттану деңгейін арттыру, бизнес-процестерді автоматтандыру, электрондық құжат айналымына ауысу)

Сақтандыру саласындағы заңнаманы сақтау (қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы ақпараттық қауіпсіздік жүйесінің және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау)

**7-принцип:** Іскер топтар сақтық принципіне негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдауы керек.  
8-принцип:

**8-принцип:** Іскер топтар экологиялық жауапкершілікті арттыру үшін бастама көтеруі керек.



**1-принцип:** Іскер топтар халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қолдап, құрметтеуі керек.

**2-принцип:** Іскер топтар адам құқықтарының бұзылуына қатысы болмауы тиіс.

**3-принцип:** Іскер топтар бірлестіктер бостандығын және ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығын нақты тануды қолдауы керек.

**4-принцип:** Іскер топтар мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық түрлерін жоюды жақтауы керек.

**5-принцип:** Іскер топтар балалар еңбегін толық жоюды жақтауы керек.

**6-принцип:** Іскер топтар еңбек пен жұмыспен қамтуда кемсітушілікті жоюды жақтауы керек.



**9-принцип:** Іскер топтар экологиялық таза технологияларды дамытуға және таратуға қолдау көрсетуі тиіс.

**10-принцип:** Іскер топтар сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне, соның ішінде бопсалау мен парақорлыққа қарсы тұруы керек.



**2-тарау. 2-параграф.**  
Өз экологиялық әсерін басқару

**2-тарау. 1-параграф.**  
Ұлттық экономиканың тұрақты дамуына қолдау көрсету

**2-тарау. 3-параграф.** Жауапты еңбек тәжірибесі

**1-тарау. 4-параграф.** Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

**2-тарау. 1-параграф.** Ұлттық экономиканың тұрақты дамуына қолдау көрсету

**2-тарау. 4-параграф.** Жауапты іскерлік тәжірибе

**3-тарау. 4-параграф.** Корпоративтік басқару

**3-тарау. 6-параграф.** Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

**3-тарау. 7-параграф.** Қаржылық қолдау

**3-тарау. 8-параграф.** Тұрақты даму саласындағы ақпаратты ашу

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

GRI 102-14



### Рустам ҚАРАҒОЙШИН

«Қазақстанның экспорттық-кредиттік  
агенті» АҚ  
Директорлар кеңесінің төрағасы

### ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, СЕРІКТЕСТЕР ЖӘНЕ ИНВЕСТОРЛАР!

KazakhExport бүгін шикізаттық емес экспортты ілгерілету жөніндегі бірыңғай оператор болып табылады. Компания экспорттаушы кәсіпорындар мен қаржы институттарына экспорттық циклдің барлық кезеңдерінде сақтандыру қаржылық қолдау шараларының кең спектрін ұсынады.

2023 жылы KazakhExport қызметінің қорытындысы отандық экспортты қолдау бойынша қойылған міндеттерді орындаудың тиімділігін көрсетті. Әлемдік экономикадағы жалпы тұрақсыз жағдайға, сыртқы нарықтардағы күрделі процестерге қарамастан, компания шикізаттық емес қызметтер мен тауарларды қазақстандық экспорттаушыларды қолдау көлемі бойынша рекордтық белгіге қол жеткізді.

Ағымдағы жылы Компания қызметінің басталғанына 20 жыл толды. Шикізаттық емес экспортты дамытуды дәйекті және тұрақты ынталандырумен, елдің шикізаттық емес секторындағы қазақстандық экспорттаушыларды қолдау көлемін ұлғайтумен және қазақстандық кәсіпорындарды қаржылық-сақтандыру және қаржылық емес қолдау практикасын қалыптастырумен байланысты бірінші кезектегі міндеттерді орындаумен қатар, KazakhExport стратегиялық міндеттерді шешуге зор көңіл бөлді.

2023 жылы ҚР Үкіметі қосымша сақтандыру міндеттемелерін одан әрі қабылдау мақсатында 10 жыл қолданылу мерзімімен экспортты қолдау бойынша 129,2 млрд теңге мөлшерінде мемлекеттік кепілдік бере отырып, KazakhExport жиынтық көлемін ұлғайтты.

Экспортты қолдау бойынша алынған мемлекеттік кепілдік сақтандыру портфелінің деңгейін қолда бар жиынтық көлемі шегінде сақтауға мүмкіндік береді, бұл KazakhExport сенімділігінің жоғары дәрежесін, қаржы институттары мен шетелдік экспорттық-кредиттік агенттіктер тарапынан компанияға деген сенімді сақтайды, соның салдарынан шикізаттық емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің отандық экспорттаушылары экспорттық қызметті іске асыру кезінде KazakhExport-тан қаржылық қолдау ала алады. Атап айтқанда, KazakhExport сақтандыру өтемімен халықаралық қаржы институттары мен екінші деңгейдегі банктерді ұзақ мерзімді қаржыландыруды тарту, өзінің шетелдік контрагенттерін саудалық қаржыландыруды есепке алу, өзінің экспорттық келісімшарттары бойынша қаржылық тәуекелдерді төмендету және экспортты қолдау бойынша басқа да KazakhExport құралдарын қолдану мүмкіндіктерін ала алады.

Келешектегі үдемелі даму үшін берік негіз қаланды және Қазақстан Республикасының сауда және интеграция министрлігі KazakhExport-пен бірлесіп әзірлеген "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экспорттық-кредиттік агенттік және шикізаттық емес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын ілгерілету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау арқылы алға жылжу және KazakhExport-қа экспорттық-кредиттік агенттік мәртебесін беру үшін үлкен негіз жасалды.

Компания экспорттаушыларды қолдау құралдарын кеңейте отырып, сыртқы нарықтарда қазақстандық тауарлар мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ете отырып, бизнестің экспорттық әлеуетін дамытуды ынталандыруды жалғастырады.

# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЗІ

GRI 102-14



## Аслан КАЛИГАЗИН

«KazakhExport» ЭСК» АҚ  
Басқарма төрағасы

### ҚҰРМЕТТІ КЛИЕНТТЕР, СЕРІКТЕСТЕР ЖӘНЕ ӘРІПТЕСТЕР!

Өткен 2023 жылды қорытындылай келе, «KazakhExport» үшін өте нәтижелі болғанын атап өтеміз. Әлемдегі экономикалық және геосаяси қиындықтарға қарамастан, сыртқы жағдайларға бейімделе отырып, қазақстандық экспорттаушылардың халықаралық нарықтардағы қызметіне барынша қолайлы жағдайлар жасай отырып, оларды қолдауда ілгерілеуге қол жеткіздік.

Экспорттық-бағдарланған кәсіпорындарды қаржылық-сақтандыру арқылы шикізаттық емес экспортты дамытуды ынталандыру бойынша үлкен және жүйелі жұмыс жүргізілді, нәтижесінде «KazakhExport» проактивті әрекеттерінің арқасында негізгі көрсеткіштерге қол жеткізді.

Өңдеуші сектордың қазақстандық экспорттаушыларын қолдау көлемі Компания үшін рекордтық 324,8 млрд теңгеге жетті, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 25% артты. Сондай-ақ, өзіміз қолдаған, 436 шетелдік импорттаушылармен жасалған экспорттық келісімшарттар сомасының өсімі 1,5 трлн. теңгеден асқанын атап өткен жөн.

2023 жылы «KazakhExport» 70 экспорттаушыға қолдау көрсетті, олардың 27-сі алғашқы рет қолдауға ие болды. 2022 жылмен салыстырғанда экспорт алдындағы және экспорттық саудалық қаржыландыруды бойынша құралдар шеңберінде қолдауға ие болған экспорттаушылар саны тиісінше 13-тен 17-ге дейін өсті. Ұсынылған экспорт алдындағы және экспорттық саудалық қаржыландыру көлемі 2023 жылы 19,3 млрд теңгені құрап, жоспарлы мәннен 38% жоғары көрсеткішті көрсетті. Қолдауға ие болған кәсіпорындар экономиканың тамақ және химия өнеркәсібі, машина жасау, агроөнеркәсіптік кешен, металлургия және басқа да маңызды салаларында жұмыс істейді.

Есепті жылы «KazakhExport» бюджет қаражатын тартпай тек сақтандыру өнімдерін пайдалана отырып, қаржы институттарын отандық экспорттаушыларды қолдауға 246 млрд теңге сомасында ынталандырды.

Өткен жылы біз экспорттық-кредиттік агенттіктерді, коммерциялық сақтандырушыларды және халықаралық ұйымдарды қоса алғанда, шетелдік әріптестермен өзара іс-қимылды дамытып, нығайтуды жалғастырдық. Атқарылған жұмыстың жарқын мысалдары Өзбекстанның, Тәжікстанның жүйе құраушы қаржы институттарымен аккредитив шеңберінде қаржыландыруды тарта отырып, Қазақстаннан тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің импортына сұранысты ынталандыру туралы, Иранмен экспорттық кредиттер мен инвестицияларды кепілдіктер мен сақтандыру саласында, қайта сақтандыру шеңберінде Өзбекстанмен және Бельгия экспорттық-кредиттік агенттігінің өкілімен қол қойылған келісімдер болып табылады.

2023 жылы әлемдегі ең ірі қайта сақтандыру компанияларымен – «Swiss Reinsurance Company» және Инвестициялар мен экспорттық кредиттерді сақтандыру жөніндегі Ислам корпорациясымен (ICIEC) облигациялық қайта сақтандыру шарттарының талаптарын ұзарту және айтарлықтай жақсарту бойынша жұмыс жүргізілді. ICIEC және «Jusan Garant» СК» АҚ-мен факультативтік қайта сақтандыру шарттары және ТМД елдерінен бірнеше сақтандыру компанияларымен қайта сақтандыру бойынша бас келісімдер жасалды.

Мұның бәрі қазақстандық экспорттаушылар мен шетелдік импорттаушыларға бизнесті жүргізудің барынша қолайлы және тиімді жағдайларын қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар «KazakhExport» бизнес-процестеріне үздік әлемдік тәжірибелерді біріктіруге мүмкіндік береді.

Өткен жылы Moody's Investors Service халықаралық рейтингтік агенттігі «KazakhExport» қызметінің табыстылығын атап өтті, ол «KazakhExport» сақтандыру қаржылық тұрақтылығы рейтингін «Ваа2» деңгейінде растап, болжамды тәуелсіз рейтингке сәйкес «Тұрақтыдан» «Оң» деген көрсеткішке өзгертті.

Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі «KazakhExport» компаниясымен бірлесіп, Мемлекет басшысы 2024 жылғы 23 қаңтарда қол қойған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экспорттық-кредиттік агенттік және шикізаттық емес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын ілгерілету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын әзірледі.

Жалпы, «KazakhExport» алға қойылған мақсаттарға жоспарлы түрде қадам басуда. Басым міндеттерге шикізаттық емес экспортты қолдау көлемін одан әрі ұлғайту ғана емес, көрсетілетін қызметтердің сапасын жетілдіру және экспорттаушыларды қолдау құралдарын кеңейту кіреді.

Клиенттерге, серіктестер мен әріптестерге жемісті ынтымақтастығы және шикізаттық емес тауарлар мен қызметтер экспортын дамытуға үлес қосуға ұмтылысы үшін ризашылығымды білдіремін. Қол жеткізілген нәтижелер қазақстандық шикізаттық емес экспортты қолдау жүйесін одан әрі дамытудың берік іргетасы болатынына сенімдімін!

Барлықтарыңызға амандық пен өсіп-өркендеуді тілеймін!

## КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

«KazakhExport» - шикізаттық емес экспортты дамыту және ілгерілету саласындағы ұлттық даму институттарының қатарына кіретін ұлттық компания.

«KazakhExport» шикізаттық емес экспортты сақтандыру арқылы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің шикізаттық емес экспортының көлемін 2025 жылға қарай 41 млрд АҚШ долларына дейін ұлғайту мақсатында

қазақстандық өнімді ілгерілету үшін қолайлы жағдай жасау бойынша алға қойылған міндеттерді іске асыруға белсенді қатысады. Компания өңдеуші сектордың экспорттаушы кәсіпорындары мен екінші деңгейдегі банктердің сыртқы сауда операциялары кезінде төлем жасамау тәуекелінен сақтандыру деңгейін қамтамасыз етеді және экспорттық мәмілелердің қауіпсіздігіне кепілдік береді.

## БИЗНЕС-МОДЕЛЬ

Бүгінде «KazakhExport» сақтандыру ұйымы ретінде келесі қызметтерді жүзеге асырады:

# 1

экспорттық циклдің барлық кезеңдерінде экспорттаушыға сақтандыру қолдауы көрсетілетін ерікті сақтандыру

# 2

қайта сақтандыру сақтандыру тәуекелдерін беру және қабылдау мақсатында жүзеге асырылады

# 3

екінші деңгейдегі банктерге шартты салымдарды орналастыру экспорттаушыларды сауда және экспорт алдындағы қаржыландырумен қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады

- ◆ Экспорттық келісімшарттар бойынша төлемеу тәуекелін төмендету
- ◆ Экспортқа бағытталған кәсіпорын құру
- ◆ Өндірісті жаңғырту, қуатты арттыру

- ◆ Экспортты ұлғайту, жаңа нарықтарға шығу
- ◆ Айналым капиталын тартуға қолдау көрсету

## ЭКСПОРТТЫҚ ЦИКЛДІҢ БАРЛЫҚ КЕЗЕҢДЕРІНДЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

## ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

- ◆ Қазақстандық тауарларды\жұмыстарды\ көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін шетелдік сатып алушыны қаржыландыру
- ◆ Шетелдегі қазақстандық инвестицияларды саяси тәуекелдерден қорғау
- ◆ Экспорттаушылар мен импорттаушылар үшін кредит беру шарттарын жақсарту
- ◆ Шетелдік сатып алушының төлем жасамау тәуекелін қабылдау

- ◆ Жаңа нарықтарға «Қауіпсіз кіру» стратегиясы
- ◆ Төлемді кейінге қалдыру шарттарымен экспорттау
- ◆ Айналым қаражаттары мен инвестицияларды толықтыру үшін кепіл жеткіліксіз болған кезде банктегі қаржыландыру

GRI 102-2, 102-9

«KazakhExport» қызметі, ең алдымен, тауарлардың, көрсетілетін қызметтер мен шетелге инвестициялардың ұлттық экспортын қолдау үшін коммерциялық және саяси тәуекелдерді жабу қажеттілігі мен мүмкіндігіне негізделеді.

«KazakhExport» экспорттық кредиттерді сақтандыру саласындағы үздік халықаралық тәжірибелерге сәйкес әзірленген, сондай-ақ әлеуетті және ағымдағы клиенттің қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратын ұлттық экспортты қолдау үшін сақтандыру құралдарын ұсынады.

## САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША ҚАМТЫЛҒАН ТӘУЕКЕЛДЕР

### Саяси тәуекелдер

- ◆ Валюта айырбастауға, төлем аударуға шектеу немесе тыйым салу
- ◆ Тәртіпсіздіктер, азаматтық толқулар, дау-дамай
- ◆ Шет мемлекеттің мемлекеттік органының келісімшартты бұзуы немесе орындамауы
- ◆ Шет мемлекеттің тауарды жеткізуін шектеу немесе тыйым салу
- ◆ Сақтандыру төлемі – экспорттық кредит сомасының 100% дейін

### Коммерциялық тәуекелдер

- ◆ Сатып алушының келісімшарттық міндеттемелерді орындамауы
- ◆ Сатып алушының банкроттығы, таратылуы
- ◆ Шетелдік банктің банкроттығы
- ◆ Сақтандыру төлемі – экспорттық кредит сомасының 100% дейін

## ҚОЛДАУ ҚҰРАЛДАРЫ

Сақтандыру өнімдерінің кең ауқымы экспорттаушылар үшін де, қазақстандық кәсіпорындардың экспорттық операцияларын қаржыландыратын банктер үшін де тәуекелдерді басқарудың максималды мүмкіндіктерін ұсынады.

### Экспорттаушыға ұсынылатын мүмкіндіктер мен артықшылықтар

- ◆ Шетелдік сатып алушы төлем жасамаған жағдайда шығын тәуекелін азайтуға көмектесіп, оның сенімділігін тегін тексереміз
- ◆ Банк кепілдігін алуға және валюталық тәуекелдерді хеджирлеуге көмектесеміз
- ◆ Шетелдік сатып алушыны сіздің тауарыңызды сатып алуы үшін қаржыландырамыз
- ◆ Айналым капиталыңызды толықтырамыз
- ◆ Шетелдік сатып алушыдан аванс алуға көмектесеміз

### Өнім

- Экспорттық кредитті сақтандыру
- Экспорттаушының қысқа мерзімді дебиторлық берешегін сақтандыру
- Халықаралық факторингті сақтандыру
- Экспорттаушылардың жұмыстарды орындауға/ қызмет көрсетуге байланысты залалдарын сақтандыру
- Экспорттаушының мерзімді валюталық мәмілелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру
- Экспорттаушының қаржы ұйымдары алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру
- Экспорттық сауданы қаржыландыру
- Экспорт алдындағы қаржыландыру
- Аванстық төлемді сақтандыру
- Қарыздарды сақтандыру
- Экспорттаушының облигациялар бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру
- Аванстық төлемді сақтандыру

«KazakhExport» арсеналы экспорттаушылардың нақты проблемаларына және Компания клиенттерінің нақты кейстеріне сүйене отырып, халықаралық тәжірибеге негізделіп жасалған **18 қолдау құралынан тұрады**. Осылайша, экспорттаушылардың белгілі бір проблемалары мен қажеттіліктерін шешуге мүмкіндік беретін 18 құрал қалыптасты.

Өнім атауы	Өнімнің қысқаша сипаттамасы
<b>Экспорттық кредитті сақтандыру</b>	Құрал экспорттаушыға төлемді кейінге қалдыру шартымен экспортқа өнімді, жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді өткізу кезінде шетелдік контрагенттің қаржылық міндеттемелерін орындамау тәуекелінен қорғауды қамтамасыз етеді.
<b>Қысқа мерзімді дебиторлық берешекті сақтандыру</b>	Құрал экспорттаушылар мен оларға қаржыландыруды ұсынатын қаржы институттарын шетелдік сатып алушылардың төлемеу қаупінен қорғауға арналған. Осы өніммен экспорттаушы төлем мерзімін ұзарту арқылы экспорттық келісімшарттардың бүкіл портфелін сақтандыра алады.
<b>Экспорт алдындағы қаржыландыру</b>	Экспорттаушыны төлемді кейінге қалдыра отырып, сатып алушымен келісімшарттар болған жағдайда экспорттық өнімді өндіру немесе жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді орындау мақсатында айналым қаражатын толықтыруға қаржыландыру.
<b>Экспорттаушының аванстық төлемдерді қайтару бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру</b>	Құрал қазақстандық тауарларды/көрсетілетін қызметтерді қазақстандық компаниядан аванстық төлем негізінде сатып алатын шетелдік компанияны (импорттауды) қорғауды қамтамасыз етеді.
<b>Облигацияларды экспорттаушылардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру</b>	Құрал экспорттық әлеуетті дамыту мақсатында қаржыландыруды тартуға мүмкіндік береді және экспорттаушылар шығарған облигацияларды ұстаушылардың дефолт тәуекелінен қорғауды қамтамасыз етеді.
<b>Экспорттаушының жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге байланысты залалдарын сақтандыру</b>	Құрал қазақстандық кәсіпорынға импорттаушы орындаған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдаудан негізсіз және дәлелсіз жалтарған/бас тартқан жағдайда шетелдік контрагенттің (импорттаушының) төлемеу тәуекелінен төлемді кейінге қалдыру шарттарында жұмыстарды орындауды/қызметтерді көрсетуді кездейтін экспорттық келісімшарттар бойынша қорғауды алуға мүмкіндік береді.
<b>Экспорттық аккредитивті сақтандыру</b>	Өнім экспортер банкіне (растаушы банкке) экспортердің пайдасына импортер атынан құжаттың аккредитив ашқан эмитент-банкнің қаржылық міндеттемелерін орындамау тәуекелінен қорғауды қамтамасыз етеді.
<b>Экспорттық сауданы қаржыландыру</b>	Аккредитивтік есеп айырысу нысаны бар келісімшарттар шеңберінде қазақстандық тауарларды сатып алу үшін шетелдік әріптестерге банктер арқылы берілетін қаржыландыру құралы. Құрал шетелдік сатып алушылар тарапынан қазақстандық өнімге сұранысты ынталандыруға мүмкіндік береді.
<b>Қарыздарды сақтандыру</b>	Құрал қаржы институтына айналым қаражатын толықтыруға арналған қарыз шарты немесе инвестициялық мақсаттар бойынша экспорттаушының қаржылық міндеттемелерін орындамау тәуекелінен қорғауды ұсынады. Құрал экспорттаушыға кепілдік қамтамасыз етудің жетіспеушілігі кезінде қаржыландыру алуға мүмкіндік береді. Банк экспорттаушыға мақсаты экспортты дамытуды қамтитын қарыз береді.

## Өнім атауы

## Өнімнің қысқаша сипаттамасы

**Жобалық қаржыландыруды сақтандыру**

Құрал кредиттік ұйымға жобалық қаржыландыру жөніндегі кредиттік шарт шеңберінде қазақстандық кәсіпорынның (экспорттаушының) өз міндеттемелері бойынша төлемеу тәуекелінен сақтандыру қорғауын алуға мүмкіндік береді. Кредиттік ұйым экспорттаушыға инвестициялық жобаға (жобалық қаржыландыруға) мақсаты экспортты дамытудан тұратын кредит ұсынады.

**Қаржы лизингін сақтандыру**

Құрал кепілдік қамтамасыз ету жеткіліксіз болған және/немесе лизинг беруші мәміле бойынша тәуекелді толық көлемде қабылдауға дайын болмаған жағдайда жабдықты сатып алу үшін лизингтік өнімдерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

**Экспорттаушының қаржы ұйымдары алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру**

Құрал қаржы ұйымына қазақстандық кәсіпорынның (экспорттаушының) кепілдік шеңберінде өз міндеттемелері бойынша төлемеу тәуекелінен сақтандыру арқылы қорғалуына мүмкіндік береді.

**Шетелдік банк берген банктік кепілдіктерді сақтандыру**

Құрал банктер мен экспорттаушыларға экспорттық келісімшарттарды орындау шеңберінде берілген кепілдіктер бойынша шетелдік банктің міндеттемелерін орындамау тәуекелінен қорғауды ұсынады.

**Экспорттаушының мерзімді валюталық мәмілелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру**

Құрал банктерге экспорттаушылардың валюталық мерзімді келісімшарттар бойынша міндеттемелерді орындамау қаупінен сақтандыру арқылы қорғауды ұсынады.

**Халықаралық факторингтік сақтандыру**

Факторингтік операциялар бойынша қаржы ұйымын шетелдік контрагенттердің өз келісімшарттық міндеттемелерін орындамау тәуекелінен сақтандыру арқылы қорғау.

**Шетелдік контрагентті қаржыландыру кезінде кредиттік ұйымды сақтандыру**

Құрал кредиттік ұйымға кредиттік шарт шеңберінде өз міндеттемелері бойынша шетелдік контрагенттің (импорттаушының) төлемеу тәуекелінен сақтандыру арқылы қорғалуына мүмкіндік береді.

**Қаржы ұйымдарының шығындарын сақтандыру**


Құрал қаржы ұйымына қаржылық қызметтер көрсету туралы шарт (аккредитив ашу, банк кепілдігін шығару, мерзімді валюталық мәміле, кредит (қарыз, қаржыландыру) беру) шеңберінде қазақстандық кәсіпорынның (экспорттаушының) өз міндеттемелері бойынша төлемеу тәуекелінен сақтандыру арқылы қорғалуына мүмкіндік береді.

**Қазақстандық инвестицияларды сақтандыру**

Құрал қазақстандық инвесторға инвестициялау шарты шеңберінде шетелдік компанияның өз міндеттемелері бойынша төлемеу тәуекелінен сақтандыру арқылы қорғалуына мүмкіндік береді.

# КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

GRI 102-10



# НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ДИНАМИКАСЫ

«KazakhExport» компаниясының қазақстандық экспорттаушыларды қолдау көлемі 2023 жылдың қорытындысы бойынша

**324,8** млрд теңге көрсеткішке жетті.

Есепті кезеңде «KazakhExport» құралдары шеңберінде импорттаушылармен жасалған

**619** келісімшартқа қолдау көрсетілді.

Аталған экспорттық келісімшарттар бойынша жалпы сома

**1 574,4** млрд теңгені құрады.

**91** экспорттаушыға қолдау көрсетілді, олардың 70-іне 2023 жылы қолдау көрсетілсе, 27-сі бұрын әріптестік жасамағандар. Олар шетелдік 436 сатып алушымен сауда қатынастарын орнатты.

\*2018 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңдегі қаржылық көрсеткіштер ХҚЕС 17 сәйкес қайта қаралғанға дейін көрсетілген.

Қызметтің негізгі көрсеткіші	Өлшем бірлігі	2018	2019	2020	2021	2022	2023		% түзетулер
		Факт	Факт	Факт	Факт	Факт	План	Факт	
<b>Стратегиялық көрсеткіштер</b>									
Стратегиялық көрсеткіштер	млрд теңге	90,2	97,8	134,63	204,7	259,1	302	324,8	108
Қабылданған сақтандыру міндеттемелерінің көлемі	млрд теңге	-	-	-	-	20,02	14	19,3	138
Ұсынылған экспорт алдындағы және экспорттық сауданы қаржыландыру көлемі	млрд	420	544	589	326,5	1135,8	1100	1574,4	143
Экспорттық келісімшарттар сомасы	бірл.	334	368	374	212	553	403	619	154
Экспорттық келісімшарттар саны «KazakhExport» компаниясынан алғаш рет қолдау алған экспорттаушылардың саны	сан.	27	42	40	26	21	25	27	108
«KazakhExport» компаниясының қолдау құралдарын пайдаланатын кәсіпорындардың экспорттық түсім көлемі	млрд теңге	-	-	-	-	591,5	364	619,1	170
«KazakhExport» компаниясының қолдауына ие болған кәсіпорындардағы қызметкерлер саны	бірл.	-	-	-	-	5 624	8 101	11 243	139
ROA	%	3,3	3,4	3,7	1,53	1,57	1,48	3,36	227%
<b>Қаржылық көрсеткіштер</b>									
Бір жылдағы таза пайда	млрд теңге	1,59	2,36	3,86	2,01	2,27	2,23	4,95	222%
Жыл соңындағы активтер	млрд теңге	48,65	88,20	122,87	139,4	149,85	151,79	153,39	101%
Жыл соңындағы меншікті капитал	млрд теңге	43,31	79,19	109,44	114,2	113,01	114,30	117,53	103%

## 2023 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

GRI 102-10

Қазақстан Республикасы Үкіметінің №126 қаулысымен

**KazakhExport**

компаниясы 2023 жылғы 15 ақпанда шикізаттық емес экспортты ілгерілету жөніндегі бірыңғай оператор болып айқындалды.

Жалғыз акционері «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ға

**1,59**

млрд теңге мөлшерінде дивиденд төленді.

Қабылданған міндеттемелер көлемі бойынша

**324,8** млрд теңге сомасында рекордтық көрсеткішке қол жеткізілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 116 қаулысымен «KazakhExport» компаниясына қолданылу мерзімі 10 жылға

**129,2**

млрд теңге сомасында экспортты қолдау бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін беру туралы шешім қабылданды.

# ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

«KazakhExport» бизнес моделінде цифрландыру және автоматтандыру маңызды рөл атқара отырып, тұтынушылардың назарын және функционалдығын арттыруды қамтамасыз етеді. Компания ішкі процестерді оңтайландыруға ғана емес, сонымен қатар тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын өнімдер жасап, қызметтер көрсетуге ықпал ететін озық технологиялық шешімдерді біріктіруге тырысады. Сонымен қатар, Компанияға заманауи технологияларға ден қою нарықтың өзгеретін талаптарына тез бейімделуге және бәсекеге қабілеттілікті сақтауға көмектеседі.

## Цифрландыру

«KazakhExport» компаниясы 2023 жылы өзінің ақпараттық инфрақұрылымын жетілдіру және операциялық процестерді оңтайландыруға айтарлықтай күш жұмсады. Осы мақсаттарға жету мақсатында түрлі іс-шаралар мен бастамалар өткізді. Осы міндеттерді орындау барысында Компания қызметті автоматтандыру және цифрландыру бөлігінде заманауи ақпараттық технологияларды белсенді енгізді, бұл операцияларды орындау жылдамдығы мен дәлдігін едәуір жақсартуға, адамның еңбек шығындарын азайтуға, сондай-ақ жалпы еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Аталған іс-шаралар Компанияның жобалары мен ресурстарын тиімді басқару үшін іс-шараларды логикалық ұйымдастыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

### Цифрландырудың негізгі шаралары:

2023 жылы шетелдік өкілдердің қатысуымен өтетін іс-шаралар бойынша есеп беру, құрылымдық бөлімшелердің сұрауларына жауап беру, «Service Desk» модулі бойынша АТ әдіснамасына сәйкес АТ қызметтерін ұсыну бөлігінде 20-дан астам бизнес-процестер мен модульдер автоматтандырылды.

1С және «SimBASE» жүйелерінде банк салымдарын өтеуді есепке алу, андеррайтингтік шешімдердің қорытындылары мен хаттамаларының журналын қалыптастыруды, олардың орындалуын мониторингтеуді қоса алғанда, деректер мен есептілікті басқару автоматтандырылды.

Сонымен қатар, қолданыстағы бизнес-процестер мен модульдерді модификациялау және жаңарту, процестерді автоматтандыруды жақсарту және жүйелерді оңтайландыру мен пайдаланудың ыңғайлылығын арттыру үшін функционалдылықты қосу, роботтандыру және қателерді түзету бойынша жұмыстар жүргізілді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша құрылымдық бөлімшелердің 311 кіші процестерін қамтитын 60 процеске талдау жүргізілді, осылайша еңбек шығыны, бизнес-процестердің жетілуі, бизнес-процестердің сыни және автоматтандыру деңгейі айқындалды, бұл Компанияның процестерін оңтайландыру, цифрландыру және автоматтандыру бөлігінде одан әрі жетілдіруге мүмкіндік берді.

«Сатып алу және енгізу» бағытында 2022 жылмен салыстырғанда көрсеткіштер үш есе жақсарды, бұл ақпараттық жүйелерді неғұрлым сапалы енгізуге ықпал етті. Тестілеу және әзірлеу орталарында жұмыс істеуді, сондай-ақ қызметкерлерді кейінгі оқытуды және кейіннен консультациялар өткізуді қамтитын, жобаларды кезең-кезеңімен іске асыру бойынша жұмыстар жолға қойылды.

2023 жылдың соңында ESG стандарттарын сақтау аясында Қоғамның АТ техникасы жойылды және есептен шығарылды.

«Мониторинг және бағалау» бағытында тиімділікті 15%-ке арттыруға мүмкіндік беретін іс-шаралар жүргізілді. АТ және АҚ тәуекелдерін басқару әдістемесі әзірленді және бекітілді, АТ және АҚ тәуекелдер тізілімін қайта қарау және бағалау бойынша іс-шаралар жүргізілді.

Қоғамның АТ қызметі «Жоспарлау және ұйымдастыру» бағытында 2022 жылмен салыстырғанда 20% жақсарды. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2024-2025 жылдарға арналған ауқымды цифрландыру бөлігінде Жалпыұлттық жоспардың 60-тармағын орындау бойынша процестерді бюрократиядан арылту және өтінімдерді қарау мерзімдерін қысқарту жөніндегі Жол картасы бекітілді. Сондай-ақ, алты негізгі бағытты қамтитын, ақпараттық технологияларды дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған стратегиясы бекітілді:

- Экспорттаушының жеке кабинетін әзірлеу және енгізу;
- Қоғам қызметкерлерінің цифрлық дағдыларын дамыту;
- Бизнес-процестерді қайта құру;
- Автоматтандыру;
- Жобалық басқаруды енгізу;
- АТ сервистері мен жүйелерін дамыту.

Стратегияның негізгі мақсаты – Қоғамның бизнес-процестерін автоматтандыру және оңтайландыру арқылы көрсетілетін қызметтерді цифрлық трансформациялау арқылы тиімділік пен бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізу.

## Ақпараттық қауіпсіздік

Қоғам басшылығының назары киберқауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған. Цифрлық байланысқа көшу жағдайында «KazakhExport» корпоративтік ақпараттық жүйелердегі деректердің, операциялық және қаржылық қызметке нұқсан келтіруі мүмкін кибер-басып кіру (шабуылдардың) тәуекелдерін бақылауға жауапкершілікпен қарайды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның ақпараттық қауіпсіздігін және ақпараттық активтерін басқару жүйесін жетілдіру шеңберінде мынадай іс-шаралар өткізілді:

- «KazakhExport» компаниясында 17 киберқауіпсіздік жүйесі іске қосылған;
- Қоғам қызметкерлерінің АҚ саласындағы хабардарлығын арттыру;
- Ақпараттық деректерді сақтауға арналған резервтік алаң құрылды;
- Есептік жазбаны мониторингілеу мен бақылау үшін пайдаланушыларды бақылау жүйесі енгізілді;
- Серверлер мен ақпараттық жүйелердің мониторингі жүйесі енгізілді;

Ақпараттық технологиялар департаменті Қазақстан Республикасының талаптарының реттеушілік әсеріне сәйкестігі шеңберінде:

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты адамдардың біліктілігін арттыру жөніндегі талаптарды қоса алғанда, ақпараттық қауіпсіздік бөлімшелерінің басшылары мен жұмыскерлерінің құзыретіне қойылатын талаптар бөлігінде 100% дейін жеткізілді;

Қоғамда сақталатын деректерге санкцияланбаған қол жеткізуден ақпараттық сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ететін қауіпсіз жұмысты ұйымдастыруға, сондай-ақ Қоғамның киберқауіпсіздігіне қойылатын талаптар бөлігінде 92% дейін жеткізілді;

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптар бөлігінде 91% дейін жеткізілді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын автоматтандыруға қойылатын талаптар бөлігінде 94% дейін жеткізілді;

Бухгалтерлік есепті жүргізуді автоматтандыру қағидалары бөлігінде 90% дейін жеткізілді.

Қоғамның АТ-паркі мен инфрақұрылымын жаңарту және жақсарту шеңберінде серверлерге жүктемені азайту, сондай-ақ деректердің резервтік көшірмесін жасау және қалпына келтіру арқылы ақауларға төзімділікті қамтамасыз ету үшін бұлттық шешімдерге көшу бойынша іс-шаралар жүргізіліп, сондай-ақ жұмыскерлердің еңбек өнімділігін арттыру үшін техника мен лицензиялар сатып алынды.

Серверлер істен шыққан жағдайда электрондық пошта және телеграмма боты арқылы хабарлау процесі енгізілді;

Онлайн режимде VPN қосылымын мониторингілеу процесі енгізілді;

Қоғамның ақпараттық қауіпсіздік архитектурасы жаңғыртылды;

Алматы қаласындағы бас кеңсесінде және өкілдігінде киберқауіпсіздікті жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілді;

Корпоративтік сайтты көп деңгейлі қорғау жүйесі құрылды.

Қоғамдағы ақпараттық қауіпсіздік кибершабуылдардан қорғау, SIEM (Security Information Event management) жүйесі және т.б. сияқты ақпараттық қауіпсіздіктің әртүрлі жүйелерімен қамтамасыз етіледі.

Қоғам қорғалуы жоғары ішкі киберқауіпсіздік жүйесін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды және барлық мүдделі тараптарға оның сапасына деген сенімділікті жеткізуге тырысады.

# ДАМУ ЖОСПАРЫ

Мемлекеттік стратегиялық құжаттарға сәйкес, Қазақстан үшін 2025 жылға қарай түбегейлі өзгеріс қазақстандық экспорттың шикізаттық сипатынан қазақстандық өнімді ілгерілету және шикізаттық емес экспортты дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға көшу болып табылады.

«KazakhExport» компаниясының Даму жоспары (бұрын – Даму стратегиясы) шикізаттық емес экспортты қолдау бөлігінде Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге қосқан үлесін қамтамасыз етуге бағытталған.

«KazakhExport» компаниясының 2014-2023 жылдарға арналған даму жоспарын іске асыру нәтижесінде қолдау көрсетілетін экспорт көлемін едәуір ұлғайтуға және қолдау көрсетілетін экспорттаушылар санын ұлғайтуға қол жеткізілді. Өткен кезеңдегі белсенді жұмыс

халықаралық жобалардағы сақтандыру және қаржылық сараптаманы тереңдетуге, сондай-ақ басым нарықтардың ерекшелігін ескере отырып, экспорттық мәмілелерді сүйемелдеу бойынша құзыреттерді кеңейтуге көмектесті.

«KazakhExport» компаниясының 2014-2023 жылдарға арналған даму жоспарын іске асыру мерзімі 2023 жылы аяқталғанын ескере отырып, Компанияның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 25 қыркүйектегі шешімімен (№13 хаттама) қазақстандық және әлемдік экономиканың, сыртқы сауданың ағымдағы үрдістерін, сондай-ақ шикізаттық емес экспортты қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалық құжаттардың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуде Қазақстан Республикасы Үкіметі мен «KazakhExport» жүргізіп жатқан жұмысты ескере отырып, алдағы онжылдық кезеңге (2024-2033 жж.) арналған жаңа Даму жоспары бекітілді.

## «KAZAKHEXPORT» КОМПАНИЯСЫНЫҢ 2024-2033 жж. ДАМУ ЖОСПАРЫ

«KazakhExport» компаниясының 2024-2033 жылдарға арналған Даму жоспары оның миссиясын, пайымын, дамуының стратегиялық бағыттарын, мақсаттарын мен міндеттерін, сондай-ақ онжылдық кезеңге арналған

қызметтің негізгі көрсеткіштерін айқындайды. Жаңа Даму жоспарына сәйкес, «KazakhExport» компаниясының экспорттық-кредиттік агенттік ретіндегі миссиясы – Қазақстанның шикізаттық емес экспортының өсуін қолдау.

## КОМПАНИЯНЫҢ ПАЙЫМЫ

Бұл ретте, Компанияның ұстанымы сыртқы нарықтарда отандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді ілгерілетуге ықпал ететін озық экспорттық-кредиттік агенттікке айналу, ал Даму жоспарының негізгі стратегиялық бағыттары экспорттық әлеуетті арттыруға ықпал ету және өзінің операциялық тиімділігін арттыру болып табылады.

## Дамудың стратегиялық бағыттары

Миссияға сүйене отырып, стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді іске асыруды қоса алғанда, дамудың екі стратегиялық бағыты анықталды:

### 1 ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУҒА ЫҚПАЛ ЕТУ

#### Стратегиялық мақсаттар

Қолдау көрсетілетін экспорт көлемін арттыру

#### Стратегиялық міндеттер

- Экспорттаушыларды қолдау үшін көрсетілетін қызметтер желісін кеңейту
- Экспортты қаржылық қолдау құралдарын жетілдіру

### 1 Экспортты қолдау құралдарын жетілдіру

- Қабылданған сақтандыру міндеттемелерінің көлемі
- Ұсынылған экспорт алдындағы және экспорттық сауданы қаржыландыру көлемі
- Экспорттық келісімшарттардың сомасы
- Экспорттық келісімшарттардың саны
- «KazakhExport» компаниясының қолдау құралдарын пайдаланатын кәсіпорындардың экспорттық түсім көлемі

### 2 Экспорттаушылар санын арттыру үшін жағдайлар жасау

- «KazakhExport» компаниясының қолдауына алғаш рет ие болған экспорттаушылардың саны

### 3 Операциялық тиімділікті арттыру

- «KazakhExport» компаниясының қолдауына ие болған кәсіпорындардағы қызметкерлер саны
- ROA

### 2 ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТИІМДІЛІКТІ АРТТЫРУ

#### Стратегиялық мақсаттар

Адами капиталды дамыту

#### Стратегиялық міндеттер

- Қаржы секторынан жоғары білікті қызметкерлерді тарту және оларды ұстап қалу үшін жағдайлар жасау

Көрсетілетін қызметтердің цифрлық трансформациясы

#### Стратегиялық міндеттер

- Ағымдағы бизнес-процестердің реинжинирингі
- Бизнес-процестерді автоматтандыру
- Сервисстерді цифрландыру

Корпоративтік басқару және тұрақты даму деңгейін арттыру

#### Стратегиялық міндеттер

- Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру
- Тұрақты даму принциптерін енгізу және сақтау

Сақтандыру портфелінің сапасын жақсарту

#### Стратегиялық міндеттер

- Тәуекел объектілерін бағалау кезінде тәсілдерді жетілдіру
- Тәуекел объектілерінің мониторингі
- Сақтандыру портфеліндегі тәуекел объектілерін артаптандыру

Қазақстандық компаниялар өнімдерінің сыртқы нарықтарда ұсынылуын кеңейту

#### Стратегиялық міндеттер

- Елдердің аумағында басым және жоғары экспорттық мүдделіліктің болуы
- «KazakhExport» компаниясының танымалдығын және ол туралы ақпаратты арттыру

## 2023 жылы ҚНҚ мақсатты мәндерін орындау

Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 11 наурыздағы шешімімен (№2 хаттама) бекітілген «KazakhExport» компаниясының 2014-2023 жылдарға арналған даму жоспарына сәйкес «KazakhExport» компаниясының негізгі стратегиялық мақсаты – қолдау көрсетілетін экспорттық келісімшарттардың көлемін ұлғайту және қаржылық қолдау алған экспорттаушылар санын арттыру.

### «KazakhExport» компаниясының 2023 ж. стратегиялық ҚНҚ көрсеткіштерін орындау

Қызметінің негізгі көрсеткіші	Өлшем бірлігі	2023 жыл		абс.,	салыстырмалы, %
		Жоспар	Факт		
Қабылданған сақтандыру міндеттемелерінің көлемі	млрд теңге	302	324,8	22,8	108%
Ұсынылған экспорт алдындағы және экспорттық сауданы қаржыландыру көлемі	млрд теңге	14	19,3	5,3	138%
Экспорттық келісімшарттар сомасы	млрд теңге	1 100	1 574,4	474,4	143%
«KazakhExport» ЭСК» АҚ қолдау құралдарын пайдаланатын кәсіпорындардың экспорттық түсім көлемі	млрд теңге	364	619,1	255,1	170%
«KazakhExport» ЭСК» АҚ қолдауына алғаш рет ие болған экспорттаушылардың саны	бірл.	25	27	2	108%
Экспорттық келісімшарттардың саны	бірл.	403	619	216	154%
«KazakhExport» ЭСК» АҚ қолдауына ие болған кәсіпорындарда жұмыспен қамтылғандар саны	адам	8 101	11 243	3 142	139%
ROA	%	1%	3,36	2,36	336%

2023 жылдың қорытындысы бойынша «KazakhExport» барлық стратегиялық ҚНҚ-ге толық көлемде қол жеткізді.

1. Қабылданған сақтандыру міндеттемелерінің 2023 жылдағы жоспары 302 млрд. теңге болса, орындалуы 324,8 млрд.теңгені құрады, яғни 108 %-ға орындалды. 2022 жылы бұл көрсеткіш жоспар бойынша 250 млрд.теңге болса, орындалуы 259,1 млрд.теңгені құрады, яғни 104% орындалды.

2. Экспорт алдындағы және экспорттық сауданы қаржыландыру көлемінің 2023 жылдағы жоспары 14 млрд.теңге болса, орындалуы 19,3 млрд.теңгені құрады, яғни 138% орындалды.

3. Экспорттық келісімшарттардың сомасының 2023 жылдағы жоспары 1 100 млрд теңге болса, орындалуы 1 574,4 млрд теңгені құрады, яғни 157% орындалды.

4. Экспорттаушылармен жасаған экспорттық келісімшарттар санының 2023 жылдағы жоспары 403 келісімшарт болса, орындалуы 619 бірлікті құрады, яғни 154% орындалды. 2022 жылы бұл көрсеткіш жоспар бойынша 383 бірлік болса, орындалуы 553 бірлікті құрады, яғни 144% орындалды.

5. «KazakhExport» компаниясын қолдау құралдарын пайдаланатын кәсіпорындардың экспорттық түсім көлемінің 2023 жылдағы жоспары 364 млрд теңге болса, 2023 жылдың соңында орындалуы 619,1 млрд теңгені құрады, яғни жылдық жоспар 170% орындалды.

6. «KazakhExport» компаниясының қолдауына алғаш рет ие болған экспорттаушылардың саны. 2023 жылдағы жоспар бойынша 25 жаңа экспорттаушыға қолдау көрсету болса, нақты 27 жаңа экспорттаушыға қолдау көрсетілді, яғни 108% орындалды. 2022 жылы 21 жаңа экспорттаушыға қолдау көрсетілді.

7. «KazakhExport» компаниясының қолдауына ие болған кәсіпорындардағы жұмысшылар саны жоспар бойынша 8 101 адамды құраса, 2023 жылдың соңында 11 243 адам қолдауға ие болды, яғни жылдық жоспары 139% орындалды. Бұл көрсеткішті есептеу нақты статистикалық деректерге және 2022 жылдың қорытындысы бойынша экспорттаушылардың ақпаратына негізделген.

8. ROA 2023 жылдағы жоспары 1% болса, орындалуы 3,36% құрады, яғни 336% орындалды.

## ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕР

GRI 103-2, 203-1.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 21 қарашадағы № 932 қаулысына сәйкес «KazakhExport»- шикізаттық емес экспортты дамыту және ілгерілету саласындағы ұлттық даму институты.

Компания өзінің негізгі қызметі шеңберінде өңдеуші сектордың экспорттаушы кәсіпорындары мен қаржы институттарында сыртқы сауда операциялары кезінде кредиттік тәуекелден сақтандыруды қамтамасыз етеді және экспорттық мәмілелердің қауіпсіздігіне кепілдік береді.

«KazakhExport» қаржылық және сақтандыру қолдауының арқасында 2023 жылы «KazakhExport» қолдау құралдарын пайдаланатын кәсіпорындардың экспорттық түсім көлемі 619,1 млрд теңгені құрады.



## ҚОСЫМША ЖОСПАРЛАР МЕН МІНДЕТТЕР

- 1** «KazakhExport» ЭСК» АҚ-ның «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігіне» трансформациясы.
- 2** Қабылданған сақтандыру және кепілдік міндеттемелерінің көлемі бойынша жоспарға 315,2 млрд теңге мөлшерінде қол жеткізу.
- 3** Жаңа қолдау құралдарын енгізу (регламенттеу):
  - ◆ Шетелдік сатып алушыларды/банктерді қазақстандық банктердің қаржыландыруы кезінде сыйақының пайыздық мөлшерлемелерін субсидиялау;
  - ◆ Экспорттық операцияларға кепілдік беру.
- 4** Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясымен (ЕҚСК) ынтымақтастық орнату.


## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ

## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ


GRI 102-6

2023 жылы Компания жалпы сомасы **1 574,4 млрд теңгеге 619 экспорттық келісімшартты** орындауға қолдау көрсетті. Қабылданған сақтандыру міндеттемелерінің көлемі **2022 жылғы 259,1 млрд теңгеден 2023 жылы 324,8 млрд теңгеге** дейін өсті. **2023 жылы 70 экспорттаушы**, оның ішінде **27-і** қолдауға алғаш рет ие болды.


Ұсынылған сауданы қаржыландыру көлемі




Қабылданған міндеттемелердің көлемі



Ұсынылған экспорт алдындағы қаржыландыру көлемі



Қолдау көрсетілген экспорттық келісімшарттардың сомасы





## 2023 ЖЫЛЫ «KAZAKHEXPORT» ҚОЛДАУЫМЕН ЖҮЗЕГЕ АСҚАН КЕЙСТЕР

### 1.«ALA Sintez» ЖШС, Алматы

«ALA Sintez» ЖШС Қазақстанда қалайы лактаумен және литографиямен айналысатын жалғыз кәсіпорын болып табылады. «ALA Sintez» ЖШС мүліктік кешені Қазақстан, Алматы қаласы, Түрксіб ауданы мекенжайында орналасқан. Мүліктік кешен ауданы 0,9287 га жеке меншік құқығындағы жер учаскесінде орналасқан, жалпы ауданы 2483,3 ш.м. әкімшілік-өндірістік объектілерді қамтиды.

«ALA Sintez» ЖШС литографиясы бар және литографиясы жоқ электролиттік құймалы жұқа табақ қаңылтырдан жасалған бітеуге арнылған тығындарын шығарады. «ALA Sintez» ЖШС шығаратын бітеуге арнылған тығындар Орта Азия елдері мен Қазақстан Республикасы өндірісінің сыра қайнату секторы кәсіпорындары ұсынған тұтынушыларға арналған.

«KazakhExport» 2023 жылы «RBK Bank» АҚ-мен бірлесіп, «ALA Sintez» ЖШС-нің «Bank RBK» АҚ алдындағы міндеттемелері бойынша 250 млн теңге мөлшерінде сақтандыруды қамтамасыз ету арқылы өнім экспортын ұлғайтатын айналым капиталын толықтыруға арналған қарызды сақтандыру бойынша қолдау көрсетті.

### 2.«Сәуле» кондитерлік фабрикасы» ЖШС, Жамбыл облысы

«Сәуле» кондитерлік фабрикасы – қоспасы бар вафли, глазурі бар вафли, қант және печенье, кәмпит тәрізді сапалы кондитерлік өнімдердің түрлерін ұсынатын заманауи қазақстандық кәсіпорын.

Фабрика 2017 жылы Тараз қаласында ашылды. Қысқа уақыт ішінде фабрика бәсекеге қабілетті кәсіпорынға айналды, өнімдері Қазақстан Республикасының аумағында да, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Ресей Федерациясы, Әзірбайжан, Грузия сияқты жақын шетелде де тұрақты сұранысқа ие. Кондитерлік фабрианың өндірістік қуаты жылына 10 000 тонна өнімді құрайды.

2023 жылы «KazakhExport» компаниясы «Сәуле кондитерлік фабрикасы» ЖШС-на «Экспорттық кредитті сақтандыру» өнімі бойынша қолдау көрсетті. Көрсетілген қолдау шеңберінде «KazakhExport» Өзбекстан мен Ресей Федерациясындағы шетелдік сатып алушылар тарапынан төлем жасамау тәуекелін қабылдады. 2023 жылы көрсетілген қолдаудың жалпы көлемі 181,4 млн теңгені құрады.

### 3.«TECHNOKONT» ЖШС (ТЕХНОКОНТ)

«TECHNOKONT» ЖШС – өз клиенттері үшін электрмен жабдықтау, электр энергиясын бөлу және автоматтандыру жүйелері саласында инженерлік-техникалық шешімдер ұсынушы компания. Кәсіпорын электротехникалық өнімдерді, автоматтандыру жүйелерін өндірудегі әлемдік көшбасшы ABB компаниясымен көп жылдық тәжірибеге ие.

2023 жылы «KazakhExport» «Қысқа мерзімді дебиторлық берешекті сақтандыру» өнімі бойынша «TECHNOKONT» ЖШС-на қолдау көрсетті. Бұл қолдау «TECHNOKONT» ЖШС-на шетелдік контрагент «ENTER Engineering Pte. Ltd.» (Өзбекстан) пайдасына жалпы сомасы 9 млн АҚШ долларынан асатын төлемі кейінге қалдырылған өнімді жөнелтуге мүмкіндік берді.

### 4. «Петропавловский водочный завод» ЖШС, СҚО

«Петропавловский водочный завод» ЖШС Солтүстік өңірдің тамақ өнеркәсібінің ірі кәсіпорындарының бірі болып табылады. Ауданның өнеркәсіптік және экономикалық саясатының негізгі міндеті өндірісті әртараптандыруды дамыту болып табылады. Осыған байланысты облыс аумағында арақ зауытының болуы және кейін жаңа цех салу жоғары әлеуметтік және экономикалық маңызға ие.

Компания Солтүстік Қазақстан облысындағы ең ірі салық төлеушілердің бірі болып табылады. Экспорт Германия, Қырғыз Республикасы, Грузия, Ресей, Моңғолия елдеріне сатылады.

2023 жылы «KazakhExport» компаниясы «Петропавловский водочный завод» ЖШС «Қазақстан Халық Банкі» АҚ алдындағы міндеттемелері бойынша инвестициялық мақсаттарға, атап айтқанда: жүргізілген құрылыс-монтаждау жұмыстарына және өнім өндіру үшін жабдықтар сатып алуға жалпы сомасы 7 млрд.теңгеге сақтандыру қорғауын ұсыну арқылы қолдау көрсетті.

### 5. «Бота-2015» ЖШС, Ақмола облысы

«Бота-2015» ЖШС – Ақмола облысындағы зығыр, рапс, күнбағыс тұқымдарын өңдейтін престелген өсімдік, көп дақылды зауыт дайындайтын ірі кәсіпорын.

Қазіргі кезде «Бота-2015» ЖШС майлары Қытай, Польша, Өзбекстан, Тәжікстан, Германия нарықтарындағы тұтынушылардың сұранысына ие. «Бота-2015» ЖШС өнімдері олардың сапа стандарттарының барлық жиынтығына жауап береді. Қайта өңдеудің қайталама өнімі – күнжара шетелдік нарықтарда да сұранысқа ие.

«Бота-2015» ЖШС зауытында жоғары технологиялық өндірістің және шикізат сапасының жоғары болуын байланысты жоғары сапалы қайта өңдеу өнімдері алынады. Майлар алу процесінің тұтастай автоматтандырылуы өнімнің сапасына оң әсер етеді.

Инновациялық, жоғары технологиялық өндіріс майлы дақылдардың тұқымын максималды тиімді өңдеп, май алу пайызын 100% дейін жеткізеді. Компьютерлік бағдарламамен басқарылатын заманауи жабдықтар, бақылаудың жаңа технологиялары ең соңғы халықаралық стандарттарға сәйкес тұрақты жоғары сапалы өнімдер шығаруға мүмкіндік береді.

2023 жылы «KazakhExport» компаниясы айналым қаражатын толтыру үшін «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-да кредит желісі бойынша 5 млрд теңге сомасында кредиттік тәуекелді қабылдап, экспорттаушыға дайын өнім өндіру көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

GRI 102-4

### 2023 жылы өңірлік директорлардың көмегімен



### «KazakhExport» компаниясының өңірлік директорларының қатысуымен 2023 жылы жүзеге асырылатын жобалардың ішінде келесілерді атап көрсетуге болады:

- 

1 Тәжікстан Республикасында Тәжікстанның «Амонатбанк» мемлекеттік жинақ банкі шығарған аккредитивтер арқылы «Доро-инвест» ЖШС мұқтажы үшін «Еураз Каспиан Сталь» ЖШС металл прокатын, «Холдинг Азия Групп Таджикистан» ЖАҚ, сондай-ақ «Холдинг Азия Групп Таджикистан» ЖАҚ үшін «СарыарқаАвтоПром» ЖШС шығарған «JAC» маркалы автомобильдерді жеткізуді қаржыландыру мақсатында мәмілелер іске асырылды.
- 

2 Өзбекстан Республикасында «Yangi-Angren IES» АҚ үшін «Trainast» ЖШС логистикалық қызметтерін, өзбек импорттаушысы «Ўзметкомбинат» АҚ үшін қазақстандық компания «Бизнес-Экспо» ЖШС болат дайындамаларын жеткізуге арналған аккредитивтерді сақтандыру шеңберінде жобалар іске асырылды. Сондай-ақ шетелдік өкілдің көмегімен өзбек сатып алушысы «Premium Beef Well» ЖШС-на «Зерновая индустрия» ЖШС ет экспорты бойынша қолдау көрсетілді.
- 

3 Ресей Федерациясында Татарстан Республикасының «Находка» ірі сауда желісі мен қазақстандық кондитерлік өнімдерді, тұрмыстық химияны, сусындар мен шай өнімдерін жеткізу бойынша экспорттық кредиттерді сақтандыру бойынша жобалар іске асырылды.

2023 жыл кезеңінде шетелдік контрагенттермен сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту және нығайту жөніндегі жұмыстар шеңберінде «KazakhExport» ЭСК» АҚ кеңсесінде Тәжікстан Республикасының, Өзбекстан Республикасының, Пәкістан Ислам Республикасының, Әзірбайжан Республикасының, Иран Ислам Республикасының және Біріккен Араб Әмірліктерінің шетелдік елшіліктерімен және дипломатиялық миссияларымен кездесулер өткізілді.

Жоғарыда аталған кездесулер барысында дипломатиялық миссиялардың өкілдеріне «KazakhExport» ЭСК» АҚ қолдау шаралары ұсынылды, сондай-ақ қазақстандық тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді белгіленген елдердің нарықтарына жеткізу бойынша әлеуетті жобалар талқыланды.

### Сонымен қатар, «KazakhExport» ЭСК» АҚ өкілдері экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру бойынша халықаралық ұйымдар мен қауымдастықтардың кездесулеріне қатысты:

- 1 Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандырушылардың халықаралық одағы мүшелерінің жыл сайынғы кездесулері – «Berne Union»;
- 2 Ислам Даму Банкі тобының жыл сайынғы кездесуі;
- 3 «Aman Union» Ислам мемлекеттерінің экспорттық-кредиттік агенттіктері қауымдастығы мүшелерінің жыл сайынғы кездесуі;
- 4 Несиелерді сақтандыру және кепілгерлік жөніндегі халықаралық қауымдастық мүшелерінің жыл сайынғы жиналыстары – «ICISA».



Бұдан басқа, 2023 жылы «KazakhExport» ЭСК» АҚ өкілдері Біріккен Ұлттар ұйымының (БҰҰ), сондай-ақ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ӘЫДҰ) бірқатар отырыстарына, конференцияларына және жұмыс топтарына қатысты.

### 2023 жыл кезеңінде «KazakhExport» ЭСК» АҚ қызметкерлері түрлі халықаралық форумдар мен семинарларға, соның ішінде:



Шетелдік экспорттық-кредиттік агенттіктермен өзара іс-қимылды дамыту және нығайту жөніндегі іс-шараларды өткізу шеңберінде 2023 жылы «KazakhExport» ЭСК» АҚ қызметкерлері экспорттық кредиттерді сақтандыру бойынша әлемдегі жетекші ұйымдардың бірі –«Euler Hermes»-пен тәжірибе алмасу мақсатында Берлин қаласында (ГФР) ұйымдастырылған оқыту семинарына қатысты.



Сондай-ақ, 2023 жылы Астана қаласында «KazakhExport» ЭСК» АҚ ЕАЭО елдерінің экспорттық-кредиттік агенттіктері басшыларының кездесуі ұйымдастырылды, оның шеңберінде қатысушылар өз ұйымдарының қызметінің нәтижелерінің ұсынып, саяси және экономикалық тәуекелдерді сақтандыру нарығындағы ағымдағы үрдістер мен сын-қатерлерді талқылады.

Есепті кезеңде «KazakhExport» ЭСК» АҚ қызметкерлері үкіметаралық/мемлекетаралық комиссиялардың 12 отырысына қатысты.

**2023 жылы өңірлік директорлар мен Халықаралық ынтымақтастық департаментінің көмегімен әлеуетті импорттаушылардың алты сапары ұйымдастырылды:**

**1** «Находка» сауда желісі (Қазан, Татарстан, РФ) өкілдерінің Астана қаласында қазақстандық өндірушілермен – Қазақстанның барлық өңірлерінің әлеуетті өнім берушілерімен келіссөздер ұйымдастыру мақсатында сапары.

**2** «Еуразиялық металлургия зауыты» ЖШҚ (РФ) өкілдерінің мыс және алюминий созба сымдарын жеткізу бойынша әлеуетті жобаларды талқылау мақсатында сапары.

**3** Ресейлік сауда желісі өкілдерінің «Рейд-21» ЖШҚ, «АгроРеспублика» ЖШҚ және «Форвард» ЖАҚ (Башқұртстан Республикасы, РФ) әріптестік қатынастар орнату және қазақстандық өнімді кейіннен Ресей нарығына экспорттау мақсатында қазақстандық экспорттаушылармен B2B кездесулер өткізу үшін Астана қаласына сапары.

**4** «КИТ» ЖШҚ (РФ) компаниясының «KazakhExport» ЭСК» АҚ қолдау құралдарын қолдана отырып, қазақстандық өнімді жеткізуді талқылау үшін сапары.

## ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР


2023 жылдың қорытындысы бойынша

**153,38** млрд теңге  
«KazakhExport» активтері

**117,53** млрд теңге  
меншікті капиталы

**4,95** млрд теңге  
таза пайда

«KazakhExport» активтерін пайдалану тиімділігінің көрсеткіші 2023 жылы 3,36 % құрап, 227% орындалды.



# ТҰРАҚТЫ ДАМУ

## ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

«KazakhExport» ЭСК» АҚ-ның 2024-2033 жылдарға арналған жаңа Даму жоспарында Қоғамның әл-ауқаты, ресурстардың қолжетімділігі, энергия бағасының өсуі сияқты көптеген салаларды қозғайтын жаһандық экономикаға қауіп төндіретін климаттың өзгеруі проблемаларына баса назар аударылады.

Париж келісімінің міндеттемелерін орындау шеңберінде Қазақстан үшін 2023 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясын қабылдау маңызды қадам болды.

Бұл Стратегияның негізгі мақсаты 2060 жылға дейін климаттың өзгеруіне және көміртегі бейтараптығына Қазақстан экономикасының тұрақты дамуына қол жеткізу болып табылады. Қазіргі уақытта Қоғам белсенді ESG стратегиясы бар кәсіпорындар үшін артықшылықтар мен жеңілдіктер жүйесін қолданады, сонымен қатар тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесіне және андеррайтинг процесіне және қайта сақтандыру саясатына ESG факторларын белгіледі.

**«Қаржы институттары, банктер және сақтандыру ұйымдары портфель құру және жобаларды іріктеу арқылы бизнес үшін құндылықтар мен стратегиялық бағдарлар жүйесін қалыптастырады. Біз сақтандыру жеңілдіктері көмегімен нақты секторды ынталандырып, өндірушілерді экологиялық қажеттіліктерді негізге алуына жәрдем бергіміз келеді.**

**KazakhExport үшін NZECA ұйымына кіру – бұл прогрессивті тәжірибені қабылдау және оны көміртек бейтараптығы жолында өз жағдайымызға бейімдеу тәсілі. Біз UNEP FI бастамасын осындай маңызды әрі күрделі мәселелердің шешімін табатын алаң ретінде көреміз», – деді KazakhExport Басқарма төрағасының орынбасары Аян Бектібаева.**

**Сондай-ақ Аян Бектібаева бұл бастама Қазақстанның экономикалық тұрақтылығы мен инвестиция тарту мүмкіндігін арттыратынына сенім білдіріп, KazakhExport ESG-қызметі шеңберінде климаттық күн тәртібін қалыптастыруға және ұзақ мерзімді жоспар құруға кіріскенін атап өтті.**

**Анықтама:**  
«NZECA» – бұл БҰҰ-ның Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасының қаржылық бастамасы (UNEP FI) және Оксфорд Университетінің инновациялар орталығы мақұлдаған жаңа жоба.

◆ Экспорттық-кредиттік агенттіктер альянсының мақсаты – 2050 жылға қарай портфельдердегі парниктік газдардың (ПГ) барлық операциялық шығарындыларын нөлдік шығарындыларға ауыстыру.

◆ Альянс қатысушыларының қатарында әлемнің ірі экспорттық-кредит агенттіктері бар.

◆ ЭКА жаһандық сауданы көміртексіздендіру, экспорттаушыларды төмен көміртеккі экономикаға көшуде қолдауда, нақты экономикадағы шығарындыларды азайтуда және қаржы ағындарының экологиялық бейтарап, климатқа төзімді жобалар мен инвестицияларға ауысуына ықпал етуде, сондай-ақ өндірістерде тұрақты даму принциптерін енгізуге бағытталған мемлекеттік және жеке бизнестің бірлескен күш-жігерін дамытуда маңызды рөл атқара алады.

GRI 102-12, 103-2

Қоғам әлеуметтік жауапты компания ретінде ESG факторларын өз қызметіне енгізеді және біріктіреді. Компанияда «KazakhExport» бизнес-процестеріне ESG принциптерін енгізу жөніндегі тұжырымдама әзірленді, оның шеңберінде өтініш берушілерге олардың ESG принциптеріне сәйкестік дәрежесін айқындау бойынша сауалнама бекітілді.

Сонымен қатар, Қоғамда кәсіпорындарда ESG-

### Альянстың бір бөлігі ретінде Қоғам өндірісті көмірқышқылсыздандыру тәсілдері туралы білімді қолдануға дайын:

- ◆ сараптамалық қарым-қатынас форматында тәжірибе алмасу мүмкіндігін иелену;
- ◆ аумақты ескере отырып, «Net Zero» стратегиясына қол жеткізудің нақты мүмкіндіктерін талқылау;
- ◆ шешім қабылдау процесінде экологиялық, әлеуметтік және басқару мәселелерін ескеру.

2023 жылы Қоғамның тұрақты даму саясатын іске асыру жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді. Осы құжат шеңберінде көрсетілген іс-шаралардың бірі Қоғамның климаттық стратегиясын, өнім берушілерге арналған тұрақты даму жөніндегі жадынамалар, клиенттердің қанағаттанушылығын бағалауды жүргізу әдістемесін әзірлеу, климаттық тәуекелдерді бағалауды жүргізу және т.б. болып табылады.

Сондай-ақ, 2024-2026 жылдарға арналған Тұрақты даму саласындағы тиімділіктің негізгі көрсеткіштері айқындалды, оның көрсеткіштері Қоғамның тұрақты даму саласындағы жетістіктерін қадағалауға және Қоғамның тұрақты даму саласындағы прогресін бағалау жүйесін қалыптастыруға көмектеседі


принциптерін іске асыратын клиенттерді көтермелеу бағдарламасы бар. «NZECA» ұйымына бұл мүшелік Қоғам үшін көміртегі бейтараптығына кезең-кезеңімен қол жеткізуде және ауқымды трансформацияны іске қосуда және экономиканы қазба отынға бағдарлаудан алшақтатуда, сондай-ақ саясаттың басымдығы ретінде жаңартылатын энергия көздеріне көшуді бекітуде үлкен рөл атқарады.

Альянсқа мүшелік көміртегі бейтараптығына кезең-кезеңімен қол жеткізуде және ауқымды трансформацияны іске қосуда және экономиканы қазба отынына бағыттаудан алшақтатуда, сондай-ақ саясаттың басымдығы ретінде жаңартылатын энергия көздеріне көшуді бекітуде үлкен рөл атқарады.

Климаттың өзгеруі экономикалық өсуге де, Қоғамның жұмыс құрылымына да үлкен әсер етеді.

Қоғамның басты мақсаты – экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік принциптерін сақтай отырып, қазіргі заманның қажеттіліктеріне сәйкес болашақ ұрпақтың мүмкіндіктерін сақтау және көбейту үшін елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосу.

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШ



**Көрсеткіш**  
«KazakhExport» ЭСК» АҚ қолдауымен жасалған экспорттық келісімшарттар сомасының Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібі экспортының және көрсетілетін қызметтер экспортының жалпы көлеміне қатынасы

**Есептеу әдістемесі**  
«KazakhExport» ЭСК» АҚ қолдауымен жасалған экспорттық келісімшарттар сомасының Статистика бюросы мен ҚР Ұлттық Банкінің ресми деректері негізінде Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібі экспортының және көрсетілетін қызметтер экспортының жалпы көлеміне қатынасы

«Stat.gov.kz» ресми деректері және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сайтынан алынған ақпарат бойынша 2023 жылы Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібі экспортының және көрсетілетін қызметтер экспортының көлемі 15 113,1 млрд теңгені құрады, «KazakhExport» ЭСК» АҚ қолдауымен жасалған экспорттық келісімшарттардың сомасы 1 574,4 млрд теңгені құрады.

Осылайша, «KazakhExport» ЭСК» АҚ қолдауымен жасалған экспорттық келісімшарттар сомасының Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібі экспортының және көрсетілетін қызметтер экспортының жалпы көлеміне қатынасы» көрсеткіші 2023 жылы 10,4% (15 113,1 млрд теңгеге 1 574,4 млрд теңгені) құрады.

Тұрақты даму саласындағы қызметті басқару Қоғамның корпоративтік басқару жүйесінің бөлігі болып табылады.

Стратегиялық басшылықты тұрақты даму саласындағы мәселелерді қарайтын және бекітетін Қоғамның Басқармасы жүзеге асырады.

Қоғамның тұрақты даму принциптерін қол жеткізуге қосқан үлесі сақтандыру өнімдерінің кең желісін ұсына отырып, экспорттаушыларды қолдау, қаржылық емес қолдау шараларын көрсету, өз клиенттеріне қашықтан қызмет көрсету үшін цифрлық технологияларды кезең-кезеңімен қолдану, ішкі бизнес-процестерді автоматтандыру және адами капиталды дамыту арқылы көрінеді.



Сонымен қатар, Қоғам өз клиенттеріне әдістемелік қолдау көрсетеді. 2023 жылы Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында экспорттаушыларға өз өндірісінде ең үздік қолжетімді техниканы (бұдан әрі – ҰҚТ) енгізу бойынша ұсынымдар орналастырылды. 2021 жылғы 1 шілдеде жаңа «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі» күшіне енді, ол қоршаған ортаны қорғаудағы технологиялық нормалауға – ҰҚТ, ресурс үнемдеуші технологиялар мен практикалар негізінде нормалауға, түзілетін қалдықтардың көлемін қысқартуға және қауіптілік деңгейін төмендетуге және оларды тиімді басқаруға, жаңартылатын энергия көздерін пайдалануға, су үнемдеуге, сондай-ақ энергия тиімділігін арттыру, табиғи ресурстарды орнықты пайдалану, қалпына келтіру және молықтыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға көшудің негізін қалады. ҰҚТ қолдану қоршаған ортаның ластануын кешенді алдын алуға, қоршаған ортаға теріс антропогендік әсерді азайтуға және бақылауға, ресурстардың тиімділігін арттыруға бағытталған.



## 2023 жылдың қорытындысы бойынша іске асырылған іс-шаралар

- ◆ ESG жол картасы – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ бастамаларының ұсынымдарын ескере отырып, экологиялық және әлеуметтік саясат өзектендірілді
- ◆ Қоғамның тәуекелдер тізілімі ESG-тәуекелдерді бөле отырып, өзектендірілді
- ◆ Экспорттаушыларға ең жақсы қолжетімді технологияларды енгізу бойынша ұсынымдар әзірленді
- ◆ Тұрақты даму саласындағы қызметтің негізгі көрсеткіштері әзірленді және бекітілді
- ◆ 2022 жылғы қорытындысы бойынша Жаһандық есептілік бастамасының (GRI) тұрақты даму саласындағы есептілік жөніндегі нұсқаулығына сәйкес «KazakhExport» ЭСК» АҚ-ның Жылдық қызметі туралы есебі жарияланды.
- ◆ Жылдық қызмет туралы есепте ашылуы тиіс ең маңызды тақырыптар анықталды
- ◆ Сенбілік өткізілді
- ◆ Қызметкерлерді көліктің экологиялық түріне көшуге ынталандыру мақсатында «автокөліксіз күн» іс-шарасы ұйымдастырылды. Осы акцияға қатысқан Қоғам қызметкерлерінің саны 50% асты
- ◆ Еліміздің жоғары оқу орындары студенттерінің Қоғамда өндірістік практикадан өтуі туралы шарттар жасалды
- ◆ Команда құрушы тимбилдинг өткізілді
- ◆ Жақсы орындалған жұмысы үшін алғыс білдіру мақсатында жылдың үздік қызметкерлерін марапаттау өткізілді
- ◆ Ішкі және сыртқы білім беру өткізілді
- ◆ Қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсетілді
- ◆ Қоғамның бірқатар бизнес-процестеріндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді
- ◆ Тәлімгерлік институты бойынша нормалар бекітілді
- ◆ Екіжақты тәжірибе алмасу және ЭКА-мен ынтымақтастық шеңберінде Қоғам қызметкерлерінің тағылымдамалары ұйымдастырылды
- ◆ Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс қимыл жөніндегі құжат өзектендірілді
- ◆ Қоғамның қылмыстық жолмен алынған ақшаны заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекеліне ұшырауына бағалау жүргізілді
- ◆ «ESG-жол картасы-Бәйтерек» ҰБХ» АҚ бастамаларының ұсынымдарын ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты өзектендірілді
- ◆ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілді
- ◆ Ішкі құжаттарда қудалаудың болмау кепілдігін қоса алғанда, бұзушылықтар туралы хабарлаған адамдарға қатысты қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі нормалар регламенттелген

## БҰҰ ЖАҒАНДЫҚ ШАРТЫНЫҢ ПРИНЦИПТЕРІН ЖӘНЕ «БҰҰ-ӘЙЕЛДЕР» БАСТАМАСЫНЫҢ ПРИНЦИПТЕРІН САҚТАУ

2023 жылдың сәуір айында Алматы қаласында Қоғам БҰҰ әріптестері мен Жаһандық шарт мүшелерінің (UN Global Compact) кездесуіне қатысты. Қатысушылар қатарында Қазақстанның мемлекеттік органдары мен Қазақстандағы БҰҰ Елдік командасының өкілдері бар.

Іс-шаралар мақсаты тұрақты даму күн тәртібін (ESG) ілгерілетудегі бизнесті қолдау, «UN Global Compact» туралы ақпараттандыруды арттыру және тиімді «ESG» бизнес тәжірибелерін көрсету болып табылады. Конференция аясында қатысушылар ESG-дегі бизнестің рөлін, тұрақты қаржыландыру және жауапты инвестициялау мәселелерін және іскерлік ынтымақтастық нысандарын талқылады.

Қоғамда «KazakhExport» компаниясының бизнес-процестеріне ESG принциптерін енгізу тұжырымдамасы әзірленгенін атап өтті, оның шеңберінде өтініш берушілерге олардың ESG принциптеріне сәйкестік дәрежесін айқындау бойынша сауалнама бекітілді. Сонымен қатар, Қоғамда кәсіпорындарда ESG-принциптерін іске асыратын клиенттерді көтермелеу бағдарламасы бар.

Сонымен қатар, БҰҰ-ның Алматы қаласындағы штаб-пәтерінде БҰҰ-ның «SDG Ambition» Жаһандық шартының бизнес-акселераторы бағдарламасының жеңімпаздары, тұрақты іскерлік тәжірибені ілгерілету жөніндегі инновациялық бастама салтанатты марапатталды.

«SDG Ambition» бизнес акселератор – бұл БҰҰ сарапшылары мен әріптестері бизнестің

### БҰҰ-ның Қазақстандағы тұрақты үйлестірушісі Микаэла Фриберг-Стори атап өтті:

«Ақпан айында «Бизнес және адам құқықтары» және мамыр айында өтетін «Климаттық амбиция» акселераторы жергілікті бизнес қауымдастығының бұл бастамаларға деген қызығушылығының артып келе жатқанын көрсетеді, бұл оның халықаралық күн тәртібіне сәйкестігінің айқын көрсеткіші. Бизнес тұрақты даму мақсаттарына жетуде шешуші рөл атқарады».

2023 жылдың қараша айында Астана қаласында «Қазақстандық бизнес тұрақты даму үшін» атты панельдік пікірталас өтті. Іс-шараны Қазақстандағы БҰҰ тұрақты үйлестірушісінің кеңсесі бизнес-қоғамдастықты тұрақты даму мақсаттарымен (ТДМ), оларға қол жеткізудегі Қазақстанның нәтижелерімен таныстыру, сондай-ақ тұрақты даму мүддесінде БҰҰ-ның бизнес-сектормен ынтымақтастығын кеңейту үшін ұйымдастырды.

Іс-шара аясында бизнес экономикалық өсуді қамтамасыз ету, жұмыс орындарын ашу, әлеуметтік мәселелерді шешу үшін инновацияларды ынталандыруда және климаттың өзгеруіне қарсы күресте белсенді қатысуда маңызды рөл атқаратыны атап өтілді. ТДМ индексіне сәйкес, Қазақстан ТДМ-ға қол жеткізген 166 елдің ішінде 66-шы орында.

**Іс-шара барысында БҰҰ-ның Қазақстандағы тұрақты үйлестірушісі Микаэла Фриберг-Стори атап өтті:**  
«Бизнесті жүргізудің тұрақты әдістері енді таңдау емес, ол – қажеттілік, тұрақтылыққа, бәсекеге қабілеттілікке және ұзақмерзімді табысқа апаратын жол».

стратегиялық және операциялық аспектілеріне тұрақты дамудың 17 мақсатын біріктіруді жеделдету үшін әзірлеген алты айлық білім беру бастамасы. 2023 жылғы қазаннан 2024 жылғы наурызға дейін Орталық Азия елдері үшін арнайы тренинг ұйымдастырылды, оған Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстаннан 40 компанияның өкілдері қатысты. «SDG Ambition» бағдарламасына қатысушылар қатарында – «KazakhExport» компаниясының өкілдері бар.



Бұл акселераторға қатысу және «KazakhExport» компаниясының қызметіне ТДМ енгізудің тәжірибелік жолдарын түсіну және құзыреттерін күшейту мүмкіндігі компанияларға тиімдірек болуға, стратегиялық мақсаттарды дұрыс қоюға және Қазақстанда ESG белсенді қатысушылары мен танымал етушілері болуға көмектеседі. ТДМ-нің әрқайсысы көрсететін экологиялық және әлеуметтік проблемалар өзекті болып табылады және кез-келген қызмет саласына әсер етеді. Компанияның БҰҰ-ның Жаһандық шартына қосылуы және қызметкерлердің «SDG Ambition» акселераторына қатысуы тұрақты даму саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерді және жауапты бизнес жүргізу стандарттарын ілгерілетуге ықпал етеді.

Қоғам корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік пен ESG саласындағы әлемдегі ең ірі бастама «UN Global Compact»-тің толыққанды қатысушысы болып табылатынын атап өтеміз.

«UN Global Compact»-ке қосыла отырып, «KazakhExport» компаниясы БҰҰ-ның адам құқықтары, еңбек құқықтары, қоршаған ортаны қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы Жаһандық шартының 10 принципін сақтауға, сондай-ақ БҰҰ-ның ESG саласындағы 17 мақсатын ілгерілету міндетін қабылдады.

БҰҰ-ның Жаһандық шартының басты артықшылығы – оған қосылған компания өзінің жаһандық Тұрақты даму мақсаттарына адалдығын жариялайды. Осылайша, ол қаржылық көрсеткіштерді көтеру үшін ғана емес, сонымен қатар ұзақмерзімдік кезеңде компанияның құнын арттыратын және оның қаржылық нәтижелерін жақсартатын ESG принциптерін кеңінен қолданатын жаңа буын компанияларының тізіміне кіреді.

БҰҰ Жаһандық  
шартының принциптеріАқпаратты  
ашу (бөлім)

	БҰҰ Жаһандық шартының принциптері	Ақпаратты ашу (бөлім)
Адам құқықтары	<b>1-принцип</b>	Іскер топтар халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қолдап, құрметтеуі керек.
	<b>2-принцип</b>	Іскер топтар адам құқықтарының бұзылуына қатысы болмауы тиіс.
Еңбек қатынастары	<b>3-принцип</b>	Іскер топтар бірлестіктер бостандығын және ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығын нақты тануды қолдауы керек.
	<b>4-принцип</b>	Іскер топтар мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық түрлерін жоюды жақтауы керек.
	<b>5-принцип</b>	Іскер топтар балалар еңбегін толық жоюды жақтауы керек.
Қоршаған ортаны қорғау	<b>6-принцип</b>	Іскер топтар еңбек пен жұмысқа орналасуда кемсітушілікті жоюды жақтауы керек.
	<b>7-принцип</b>	Іскер топтар экологиялық мәселелерге сақтықпен қарауды қолдауы керек.
	<b>8-принцип</b>	Іскер топтар экологиялық жауапкершілікті арттыру үшін бастама көтеруі керек.
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес	<b>9-принцип</b>	Іскер топтар экологиялық таза технологияларды дамытуға және таратуға ықпал етуі тиіс.
	<b>10-принцип</b>	Іскер топтар сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне, соның ішінде бопсалау мен парақорлыққа қарсы тұруы керек.

## «БҰҰ-ӘЙЕЛДЕР» БАСТАМАСЫНЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ

- 1 Компания басшылығы деңгейінде гендерлік теңдікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды белсенді қолдауды құру
- 2 Жұмыстағы әйелдер мен еркектерге әділ қарау; адам құқықтарын және кемсітпеуді құрметтеу және қолдау
- 3 Барлық жұмысшылардың, ерлер мен әйелдер денсаулығын, қауіпсіздігін және әл-ауқатын қамтамасыз ету
- 4 Әйелдердің білім алуына, біліктілігін арттыруына және кәсіби өсуіне ықпал ету
- 5 Бизнесі дамыту, жеткізу тізбегі және тарату саласында әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал ететін тәжірибелерді қолдану
- 6 Жергілікті қоғамдастық деңгейіндегі бастамалар арқылы және насихат жұмыстары арқылы тең құқықты насихаттау
- 7 Нәтижелерді бағалауды және қоғамды гендерлік теңдік жолындағы прогресс туралы ақпараттандыру



## БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҮЛЕС ҚОСУЫ

**Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ)** – кедейлікті жоюға, теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы тұруға, планетаны қорғауға және барлық адамдар үшін бейбітшілік пен гүлденуді қамтамасыз етуге бағытталған жаһандық деңгейде қабылданған мақсаттар. 2030 жылға дейін 17 негізгі бағыт таңдалды, оларды іске асыру елді өмірдің барлық негізгі салаларының тұрақты дамытуға және осы әлемдегі әрбір адамға қатысты жаһандық мәселелерді шешуге әлеуетті түрде әкелуі мүмкін.

ТДМ-ні іске асыру және оған қол жеткізу процесі БҰҰ өкілдерінің де, Қазақстан Республикасының Үкіметінің де тұрақты бақылауында.

БҰҰ ТДМ	Қоғамның үлесі	Ақпаратты ашу (бөлім)
<p><b>1-ТДМ:</b> Кедейшілікті оның барлық түрлерінде барлық жерде жою</p> <p><b>2-ТДМ:</b> Аштықты жою, азық-түлікті қамтамасыз ету продовольственной безопасности</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>шикізаттық емес секторға сақтандыру қолдауын ұсыну;</li> <li>экспорттаушыларды қолдау шаралары бойынша клиенттерді оқыту;</li> </ul>	<p>Жауапты сақтандыру</p> <p>Экономикалық өсу</p> <p>Әлеуметтік-экономикалық әсер</p> <p>Салық саясаты</p>
<p><b>3-ТДМ:</b> Денсаулық пен әл-ауқат</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің денсаулығын демеу және салауатты өмір салтын насихаттау;</li> <li>Қоғам қызметкерлерін медициналық сақтандырумен қамтамасыз ету;</li> <li>коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмау бойынша шараларды жүзеге асыру; нфекции;</li> </ul>	<p>Адам ресурстарын басқару және жұмыс жағдайлары</p> <p>Әлеуметтік жауапкершілік және белсенділік</p> <p>Экологиялық белсенділік</p>
<p><b>4-ТДМ:</b> Сапалы білім</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>қызметкерлерге кәсіби және тұлғалық өсу үшін кең мүмкіндіктер ұсыну;</li> <li>барлық жұмыскерлердің білімге қолжетімділігін арттыру технологияларын дамыту;</li> <li>тәжірибе алмасу үшін экспорттық-кредиттік агенттіктермен ынтымақтастық;</li> <li>студенттердің тағылымдамадан өтуі үшін университеттермен ынтымақтастық;</li> </ul>	<p>Адам ресурстарын басқару және жұмыс жағдайлары</p> <p>Білім беру және дамыту</p> <p>Цифрлық трансформацияның негізгі оқиғалары</p> <p>Әлеуметтік жауапкершілік және белсенділік</p>
<p><b>5-ТДМ:</b> Гендерлік теңдік</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>тең еңбек жағдайлары мен мансаптық мүмкіндіктер жасау;</li> <li>жұмысқа қабылдаудың, қызмет нәтижелерін бағалаудың және сыйақы төлеудің әділ жүйесін қамтамасыз ету;</li> <li>декреттік демалыстағы қызметкерлерді қолдау;</li> </ul>	<p>Әлеуметтік жауапкершілік</p>
<p><b>6-ТДМ:</b> Таза су және санитарлық тазалық</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>операциялық қызмет барысында су ресурстарын тиімді пайдалану;</li> <li>ресурстарды үнемдейтін технологияларды қолдану;</li> </ul>	<p>Жауапты сақтандыру</p> <p>Қоршаған ортаға әсері</p>
<p><b>7-ТДМ:</b> Қолжетімді және таза энергия</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>меншікті энергия тиімділігін арттыру;</li> <li>ресурстарды үнемдейтін технологияларды қолдану;</li> </ul>	<p>Жауапты сақтандыру</p> <p>Қоршаған ортаға әсері</p>
<p><b>8-ТДМ:</b> Лайықты еңбек және экономикалық өсу</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>қызметкерлердің лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және оларға даму мүмкіндіктерін ұсыну;</li> </ul>	<p>Салық саясаты</p> <p>Цифрлық трансформацияның негізгі оқиғалары</p>




БҰҰ ТДМ	Қоғамның үлесі	Ақпаратты ашу (бөлім)
<p><b>9-ТДМ:</b> Индустрияландыру және инновация енгізу, тиімді Инфрақұрылым құру</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>ірі, орта және шағын бизнестің экономикалық дамуына қолдау көрсету үшін қаржылық және қаржылық емес қызметтерді көрсету;</li> <li>әлеуметтік-экономикалық әсерді болжайтын жобаларды қолдау (жаңа жұмыс орындарын ашу);</li> <li>көлік инфрақұрылымын дамытуға ықпал ететін жобаларды қолдау;</li> </ul>	<p>Адам ресурстарын басқару және жұмыс жағдайлары</p> <p>Әлеуметтік-экономикалық әсер</p>
<p><b>10-ТДМ:</b> Елдер арасындағы өзара теңсіздікті төмендету</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>қаржыға қолжетімділікті кеңейту;</li> <li>экономикалық маңызды қаржылық өнімдер мен көрсетілетін қызметтер ұсыну;</li> <li>қызметкерлер мен тұтынушылар үшін инклюзивті ортаны дамыту</li> </ul>	<p>Қолдау құралдары</p> <p>Адам құқықтарын құрметтеу</p> <p>Құқықтарды құрметтеу, гендерлік теңдік және инклюзия</p>
<p><b>12-ТДМ:</b> Жауапты тұтыну және өндіру</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>«Жасыл кеңсе» бағдарламасын іске асыру;</li> <li>энергияны, суды тиімді пайдалану және қалдықтарды жауапты басқару тұрғысынан экологиялық білім беру тәжірибесі;</li> <li>тұтынушыларға олардың тұрақты даму принциптеріне - ESG-принциптеріне адалдығын ескере отырып, жеңілдіктер беру;</li> </ul>	<p>Жауапты сақтандыру</p> <p>Қоршаған ортаға әсері</p> <p>Цифрлық трансформацияның негізгі оқиғалары</p>
<p><b>13-ТДМ:</b> Климаттың өзгеруімен күресу</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>тұрақты даму принциптерін сақтау;</li> <li>кеңсені аббатандыру, сенбіліктер өткізу арқылы көміртегінің орнын толтыру шараларын жүзеге асыру;</li> <li>тұтынушыларға олардың тұрақты даму принциптеріне – ESG-принциптеріне адалдығын ескере отырып, жеңілдіктер беру;</li> </ul>	<p>Жауапты сақтандыру</p> <p>Қоршаған ортаға әсері</p> <p>Цифрлық трансформацияның негізгі оқиғалары</p> <p>Әлеуметтік жауапкершілік</p>
<p><b>16-ТДМ:</b> Бейбітшілік, әділдік және тиімді институттар</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>сақтандыру саласындағы заңнама талаптарын және халықаралық стандарттарды сақтау;</li> <li>корпоративтік басқару және іскерлік этика стандарттарын енгізу;</li> <li>сыбайлас жемқорлық және қаржылық қылмыспен күресу;</li> <li>киберқауіпсіздік дамыту және деректерді қорғау;</li> <li>қаржы саласындағы нормативтік реттеуді жетілдіру процесіне қатысу;</li> </ul>	<p>Салық саясаты</p> <p>Адам құқықтарын құрметтеу</p> <p>Корпоративтік этика</p> <p>Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы әрекет</p> <p>Цифрлық трансформацияның негізгі оқиғалары</p>
<p><b>17-ТДМ:</b> Тұрақты даму мүддесіндегі әріптестік</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>қаржылық емес ақпаратты жинауды дамыту және ұсыну;</li> <li>ESG аспектілеріне қатысты мәселелер бойынша халықаралық ұйымдармен, мемлекеттік органдармен, бизнеспен өзара іс-қимыл;</li> </ul>	<p>Жауапты сақтандыру</p> <p>Салық саясаты</p> <p>Корпоративтік этика</p> <p>Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы тұру</p> <p>Әлеуметтік жауапкершілік</p>

## ЖАУАПТЫ САҚТАНДЫРУ

GRI 103-1, 103-2, 413-1

Париж келісімінің міндеттемелерін орындау шеңберінде 2023 жылғы 2 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізудің 2060 жылға дейінгі стратегиясы бекітілді. Стратегияның негізгі мақсаты 2060 жылға дейін климаттың өзгеруіне және көміртегі бейтараптығына Қазақстан экономикасының тұрақты дамуына қол жеткізу болып табылады. Стратегияның орта мерзімді мақсаты – 2030 жылға қарай парниктік газдар шығарындыларын 1990 жылғы шығарындылар деңгейіне қатысты 15% азайту (шартсыз мақсат) және экономиканы көміртексіздендіруге халықаралық қолдау алған жағдайда қысқартуды 25% жеткізу (шартты мақсат). Стратегия Қазақстан экономикасын ESG принциптерін тарату, «жасыл» инвестицияларды ілгерілету және тарту, энергияны үнемдейтін өндіріс, электрлендіру және т.б. сияқты жаһандық климаттық үрдістерге бейімдеу қажеттілігін ескереді.

### Көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу



ESG принциптері қазақстандық компаниялардың күнделікті өміріне көбірек енгізілуде. Сонымен қатар, отандық бизнес ұмтылатын нәрселер көп: кейбір ойыншылардың жетістіктері әлі де әлсіз, ал кейбір жағдайларда тіпті өз қызметінің нәтижелерін қайта бағалау туралы айтуға болады. «Kursiv Research» сарапшылары 2023 жылдың тамызында корпоративтік ESG тәжірибелерінің екінші зерттеу барысында осындай қорытындыға келді.




**ESG тәжірибелері** экологияға ұқыпты қарауды, қолайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз етуді, сондай-ақ компанияны дұрыс корпоративтік басқаруды қамтиды. ESG-стандарттар бастапқыда Қоғамның даму стратегиясының негізі болып табылады: **шикізаттық емес экспорт көлемінің өсуі – бұл көмірсутектер экспортына тәуелділіктің төмендеуі, өндірістік кәсіпорындардың өсуі жұмыс орындарының өсуіне және бюджетке аударымдардың ұлғаюына әсер етеді.** Қоғам өзара іс-қимыл шеңберінде экспорттаушыларға шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға теріс әсер ету деңгейін төмендету үшін қолдағы ең жақсы техниканы қолдануды ұсынып, тұрақты өсу принциптерін енгізіп жатқан кәсіпорындар үшін жеңілдіктер ұсынады. Егер олар экологияға, көміртегі бейтараптығына ұқыпты қарайтын болса, онда Қоғам сақтандыру тарифінің құнын төмендету түрінде қолдау көрсетуге дайын. Бұл кәсіпорындарға экономикалық ынталандыруға, энергия, шикізат және материалдар шығындарын азайтуға, өнімділік пен өнім сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Батыс компанияларында ESG тәжірибелерін енгізу талаптары өнім берушіге ғана емес, бүкіл логистикалық тізбекке қолданылады. Сыртқы экономикалық қызметпен айналысатын кез-келген бизнес жыл сайын осыны кездестіреді. Экспорттаушы талаптарға сай болмаған жағдайда, ол шетелдік әріптермен жұмыс істей алмайды.

Қазіргі уақытта инвесторлар компаниялардың «жасыл» саясатына көбірек назар аударуда – олар табиғатқа теріс әсерді азайтуға, кәсіпкерлердің өз қызметкерлеріне және жалпы қоғамға қалай қамқорлық жасауға, корпоративтік басқару сапасын жақсартуға мүдделі. ESG тәжірибелерін қолдану компанияларға тұрақтылықты, ұзақмерзімдіөсуді, бизнестің әлеуметтік маңызын қамтамасыз ете отырып, сондай-ақ қосымша қаржы ресурстарын тартуға мүмкіндік береді. Жетекші қаржылық сарапшылардың пікірінше, әлемдік қорлар жақын арада тұрақты даму принциптерін елемейтін компанияларға инвестиция салуды тоқтатады.

ESG рейтингтері компанияны басқару тиімділігін бағалау және ықтимал корпоративтік тәуекелдерді, сондай-ақ экологиялық және әлеуметтік салалардағы тәуекелдерді болжау үшін пайдаланылады. Сонымен қатар, ESG рейтингінің болуы тұрақты даму принциптеріне сәйкес келетін компаниялармен жұмыс істеуге бағытталған инвесторлар мен клиенттердің қызығушылығын арттыруы мүмкін. Климат пен экологияның жаһандық өзгерістері, сондай-ақ бизнесті жүргізуге әлеуметтік жауапты көзқарастың маңызын күшейту аясында компаниялардың бизнес-процестеріне тұрақты даму принциптерін интеграциялауды бағалау қажеттілігі арта береді.



Компанияның дамуы үш ESG критерийі бойынша бағаланады. E, S және G үш құрамдас бөлігінің әрқайсысы рейтингтік агенттік бизнестің экологиялық және әлеуметтік тәуекелдеріне, сондай-ақ компаниядағы корпоративтік басқару тәуекелдерін бағалайтын көрсеткіштерге ие.

#### Е-сектор:

- компанияның планетаның климатына әсері (атмосфераға көміртегі шығарындылары);
- табиғи ресурстарды пайдалану (су көздерінің ластануы, флора мен фаунаға теріс әсер ету);
- қоршаған ортаның ластануы (улы және радиациялық қалдықтар, өнім үшін химиялық зиянды қаптамаларды пайдалану);
- «жасыл» технологияларды пайдалану (жаңартылатын көздерден алынатын энергия, компания қызметінің аумағын қалпына келтіру).

#### S-сектор:

- персоналға дұрыс қарым-қатынас (еңбекті қорғау, денсаулық, мансаптық мүмкіндіктер, жұмыс жағдайлары);
- өнім өндіру кезіндегі жауапкершілік (өнім сапасы, деректер қауіпсіздігі, сенімділік, жауапты инвестициялар);
- әлеуметтік артықшылықтар (қызметкерлердің қарым-қатынасын қамтамасыз ету, қаржылық көмек бағдарламалары, қызметкерлердің денсаулығын қосымша сақтандыру, тамақтануды қамтамасыз ету).

#### G-сектор:

- компанияны басқару (Директорлар кеңесінің құрамы, тәуелсіз аудит, компанияның акционерлерге ашықтығы);
- компанияның тәртібі бағыты (корпоративтік әдеп, салық саласындағы ашықтық, сыбайлас жемқорлықтың болмауы, нарықтағы адал бәсекелестік).

Рейтингті қалыптастырудың бірыңғай тәсілі жоқ. Барлық агенттіктер компаниялар туралы ашық деректерді талдап, бірақ ұпайларды басқаша қарастырады. Сондықтан әр түрлі агенттіктердің ESG рейтингтері әр түрлі болуы мүмкін.

Көптеген компаниялардың ESG бағалауларының тұрақты тәжірибесін енгізуі экологиялық апаттардың алдын алуға немесе әлеуметтік қақтығыстардың туындауына бағытталмағанын түсіну керек. Негізгі мотивтер – тұтынушылар мен инвесторлардың талаптарын қанағаттандыру қажеттілігі, өз бизнесін әлеуметтік жауапты ретінде орналастыруға ұмтылу.

ESG рейтингтері тек ықтимал тәуекелдерді ескереді, ал компанияның сыртқы ортаға әсерін бағаламайды (болашақта компанияның ықтимал шығындары).

Нақты тұжырымдалған ESG стратегиялары бар компаниялар жалпы капиталды тарту кезінде тиімді жағдайға ие, өйткені көптеген инвесторлар осындай компанияға инвестиция салуға дайын. Рейтингтік агенттіктердің деректерін өздерінің тәуелсіз талдауларының нәтижелерін растау үшін база ретінде пайдаланатын инвесторлар бар.

Қандай да бір рейтингтің болуы міндетті емес, қызметті бағалау бойынша көрсетілетін қызметтерді әртүрлі әдістер қолданатын әртүрлі ұйымдар ұсынады. Алайда, рейтинг болмаған жағдайда, мүдделі әріптестер белгілі бір құжаттар тізімін сұрай алады. Бүгінде әлемде экологияға және табиғатқа ұқыпты қарау мүдделілігі артып келеді. Сондай-ақ, озық компаниялар кәсіподақтар мен құқық қорғау ұйымдарының қысымымен өз қызметкерлері үшін еңбек жағдайларын үнемі жақсартып отырады. Экологияға ұқыпты қарау және жақсы жұмыс жағдайлар жасау әрқашан кез-келген бизнестің негізгі принциптері болады.

Қазіргі уақытта Қоғам шикізаттық емес экспортты қолдайды, себебі әртараптандыру баламалы салалар шикізатқа тәуелділікті азайтуға көмектесіп, ESG факторларын андеррайтингке енгізді, сонымен қатар тарифтеуді компанияның ESG факторларына әсер ету деңгейіне байланыстырды.

2024 жылға арналған жоспарлар климатқа қатысты ұсынылатын іс-шаралар мен салалық саясатты көздейтін Климаттық стратегияны әзірлеуден тұрады. Климаттық стратегияда ең маңызды әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін басым бағыттар, мысалы, біздің еліміздегі парниктік газдар шығарындылары ең қарқынды секторлар көрсетіледі. Сондай-ақ, 2024 жылға арналған жоспарда кредиттік рейтингті бағалау шеңберінде тұрақты даму саласындағы халықаралық рейтинг скорингін алу мүмкіндігін қарастыру қажет.

Қоғамдағы тәуекелдерді басқару стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге әсер ететін қауіпті оқиғалардың алдын алуға және орын алған жағдайда олардың әсерін шектеуге мүмкіндік береді. Тәуекелдерді басқару Қоғамның стратегиялық жоспарлау, корпоративтік басқару және қаржылық тұрақтылықты сақтау процесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

#### 2023 жылы Қоғам келесі ESG тәуекелдерін бөліп көрсете отырып, тәуекелдер тізілімін өзектендірді:

- беделді тәуекелдер;
- кадрлардың тұрақтамау тәуекелі;
- Қоғам қызметіне тұрақты даму принциптерін енгізу жөніндегі іс-шараларды тиісінше орындамау тәуекелі;
- Қоғамның бизнес-процестеріндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері және алаяқтық тәуекелдері.

2024 жылға арналған жоспарларда тәуекелдер тізіліміне экологиялық менеджмент жүйесі, еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау менеджменті жүйесін, бақыланбайтын іркілістер, тоқтап қалулар, Қоғам қызметінің жұмыс істеуінің бұзылуы бойынша тәуекелдерді енгізу мүмкіндігін қарастыру, сондай-ақ климаттық тәуекелдерді бағалауды және олардың салдарын жұмсарту жөніндегі тиісті іс-шараларды енгізу мүмкіндігін қарастыру. Бұл ақпаратты ашу TCFD сияқты қолданыстағы есеп беру жүйелеріне сәйкес келуі мүмкін.

## САЛЫҚ САЯСАТЫ

GRI 103-2, 207-1

2021 жылы Қазақстанда жеке тұлғалар үшін салық тәжірибесінде маңызды өзгеріс – жалпыға бірдей декларациялау жүйесін енгізу болды. Бұл механизм азаматтардың қатысуымен қаржылық операциялардың ашықтығын қамтамасыз етуге және олардың активтерінің құрылымын егжей-тегжейлі бағалауға мүмкіндік береді. Декларация кезең-кезеңімен енгізіледі және еліміздің барлық азаматтары мен резиденттерінің біртіндеп тапсыруы қамтылады.

**Декларацияның бірінші кезеңі** салық саласындағы жаңа дәуірдің басталуын белгіледі. Ең алдымен, мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың шенеуніктері мен топ-менеджментіне, сондай-ақ олардың жұбайларына активтер мен кірістерді декларациялау жөніндегі міндеттеме қолданылды.

**Екінші кезеңде**, 2023 жылы декларация мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың қалған қызметкерлері мен олардың жұбайларына қолданылды.

**«Активтер мен міндеттемелер туралы»** кіріс декларациясын ұсына отырып, салық төлеушілер Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан активтерді қоса алғанда, өз активтері мен міндеттемелерінің құрылымын ашуға міндетті. Оның ішінде қолдағы ақша мен шетелдік банктік шоттардағы ақша қаражаты, шетелдегі жылжымайтын мүлік, бағалы қағаздар және криптовалюталар мен компаниялардағы қатысу үлестерін қоса алғанда, өзге де инвестициялық активтер ашылуы, сондай-ақ декларацияда егжей-тегжейлі көрсетілуі тиіс. Кіріс декларациясы активтер мен операциялардың ашық құрылымына көшуде шартты бастапқы нүкте рөлін атқарады.

2021 жылы салық тақырыбы алғаш рет қоғамға және қоршаған ортаға әсерінің маңызды аспектілері бойынша басшылар мен негізгі стейкхолдерлердің сауалнамалары, ESG саласындағы халықаралық рейтингтік агенттіктердің талаптарын талдау негізінде ашу үшін маңызды болып анықталды.

Қоғамның салықтық есепке алу саясаты Қоғамдағы есептік қолданыстағы салық жүйесімен міндеттілік, сенімділік, әділдік және біркелкілік қағидаттарында регламенттеу мақсатында Салық кодексінің негізінде әзірленді. Қоғам салықтарды және бюджетке төленетін міндетті төлемдерді елдің салық заңнамасына қатаң сәйкес есептеуге, ұстап қалуға және аударуға және салық міндеттемелерінің туындау, орындау және тоқтату негіздері мен тәртібі нақты көрсетілген салық есебін және өзінің салық тіркелімдерін жүргізуге міндетті. Салық тіркелімдерінде уәкілетті орган бекіткен салық есептері нысандарының әрбір жолы бойынша көрсетілген сандық көрсеткіштердің толық жазылуы көрсетілуі тиіс. Қоғам коммерциялық ұйымдар үшін көзделген Салық кодексінде көрсетілген салық жеңілдіктерін пайдаланады.

Қоғам зейнетақымен қамсыздандыру туралы, міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнамаға сәйкес әлеуметтік сақтандыруға аударымдарды, міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды төлеу жөніндегі **салық агенті болып табылады.**

Табыс алуға бағытталған қызметті жүзеге асыруға байланысты Қоғамның шығыстары шегеруге жатпайтын шығыстарды қоспағанда, салық заңнамасын ескере отырып, салық салынатын табысты айқындау кезінде шегерімге жатады.

Шегерімдерді Қоғамның табыс алуға бағытталған қызметіне байланысты осындай шығыстарды растайтын құжаттар болған кезде іс жүзінде жүргізілген шығыстар бойынша жүргізеді.

#### Салық төлемдері және бюджеттен тыс қорларға төлемдер туралы мәліметтер

Қоғам салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша міндеттемелерді есептеу кезінде «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі және Қоғамның Салықтық есепке алу саясатын басшылыққа алады.

Төлем түрі, теңгемен	2022 ж.	2023 ж.
Әлеуметтік салық	97 365 998	104 082 370
Әлеуметтік аударымдар	15 386 624	17 472 212
Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар	17 719 610	20 245 811
Жалақы қорынан салықтар және басқа да міндетті төлемдер	242 758 874	261 758 638
Мемлекеттік баж	53 344 409	82 653 520

# ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

## АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚҰРМЕТТЕУ

GRI 102-8, 102-40,  
103-2, 403-2, 403-3

Қоғам адам құқықтарының сақталуына жауапкершілікті мойындайды, өз қызметкерлеріне лайықты және қауіпсіз еңбек жағдайларын, еңбекақының бәсекеге қабілетті және әділ деңгейін қамтамасыз етуге тырысады. Қоғам мәжбүрлі еңбекті және балалар еңбегінің кез-келген түрін қолдануды қабылдамайды, кез-келген сипаттамаларға негізделген кемсітушіліктің барлық түрлеріне қарсы. Қоғам өзінің стейкхолдерлерінен адам құқықтарына жауапкершілікпен қарауды күтеді және оларды экологиялық мәселелермен және басқа да әлеуметтік аспектілермен қатар адам құқықтарын ескеретін тұрақты жеткізу тізбегін құру үшін ынтымақтастыққа шақырады.

### Қоғам Өнім берушілерінен:

- халықаралық деңгейде танылған адам құқықтары мен бостандықтарының сақталуын;
- негізгі халықаралық еңбек стандарттарына сәйкес өзінің іскерлік қызметінде балалар еңбегінің кез келген түрлерін қолданбауын;
- өз қызметкерлеріне олардың жеке ерекшеліктеріне қарай тең мүмкіндіктер мен қолайлы еңбек жағдайларын ұсынуларын;
- мәжбүрлі еңбекті пайдалануға жол бермеулерін;
- барлық өз қызметкерлеріне еңбек жағдайлары регламенттелетін жазбаша түрде ресімделген еңбек шартын ұсынуларын: қызметкерлер үшін жұмыс уақыты қолданыстағы ұлттық заңнамада белгіленген ең жоғары лимиттен аспауы тиіс;
- қызметкерлерге заңнамаға сәйкес демалуға қажетті уақытты, оның ішінде үстеме жұмыс үшін қосымша демалыс күндерін, сондай-ақ жыл сайынғы демалысты, ауруханалық емделуді, бала күтімі бойынша демалысты және демалыстың өзге де қолданылатын нысандарының берілуін;
- жұмыскерлердің жұмыс орнында қолайлы еңбек жағдайларымен қамтамасыз етілуін;
- қызметкерлердің және олардың отбасы мүшелерінің лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ететін мөлшерде қолданыстағы ұлттық заңнаманың талаптарына сәйкес қызметкерлерге жалақы төлеудің қамтамасыз етілуін күтеді.

Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында Қоғам өзінің күнделікті қызметінде ұстануға ұмтылатын іргелі принциптерді ашатын өнім берушілер үшін тұрақты даму жөніндегі жадынама орналастырылған. Қоғам үшін өнім берушілердің өз қызметкерлеріне заңнама талаптары мен салалық стандарттарға сәйкес лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз етуі, сондай-ақ әлеуметтік қолдауды арттыру, қызметкерлерді оқыту және дамыту үшін қажетті шараларды қабылдауы маңызды.

Қоғам Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына, Халықаралық еңбек ұйымының еңбек саласындағы негізгі принциптер мен құқықтар декларациясына, Қоршаған орта және даму жөніндегі декларацияға негізделген БҰҰ-ның Жаһандық шарты принциптерін ұстанады.

### БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын іске асыруға ықпал етеді:



Компанияның адам құқықтарына қатысты ұстанымы Іскерлік әдеп кодексінде, Корпоративтік басқару кодексінде, Тұрақты даму саясатында, Ішкі еңбек тәртібі қағидаларында және Стейкхолдерлер картасында бекітілген. Осы құжаттардың ережелері басшылыққа және әріптестермен, тұтынушылармен, іскерлік серіктестермен және жалпы қоғаммен жұмысында оларды басшылыққа алуға міндеттеме алатын барлық қызметкерлерге қолданылады.

2024 жылы жеке саясатты әзірлеу немесе қолданыстағы ішкі нормативтік құжаттарға адам құқықтары жөніндегі қағидаларды енгізу арқылы адам құқықтарына қатысты нормаларды регламенттеу жөніндегі мәселені пысықтау жоспарлануда.

## Адам құқықтарын, гендерлік теңдікті және инклюзивтілікті сақтау

### Контрагенттер

- Көрсетілетін қызметтерге тең қол жеткізу құқығы
- Өз деректерінің, заңмен қорғалатын ақпараттың сақталу құқығы
- Сапалы қызмет көрсету деңгейін алу құқығы

### Қызметкерлер

- Қауіпсіз еңбек ету құқығы
- Лайықты жалақы алу құқығы
- Білім алу құқығы
- Демалу құқығы
- Теңдік құқығы
- Мансаптық өсу құқығы

Қоғам Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің принциптерін басшылыққа алады, оған сәйкес еңбек құқықтарын іске асыру кезінде шығу тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, дінге көзқарасы, сенімі, тұрғылықты жері, жасы немесе дене кемістігі, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерге жатуы себептері бойынша ешкімді де кемсітуге болмайды.

Ерлер мен әйелдердің мүмкіндіктерінің теңдігі қамтамасыз етіліп, оқу мен мансаптық өсу үшін тең жағдай жасалады. Әділ еңбекақы және тең еңбек жағдайлары қызметкерді гендерлік белгілер бойынша біржақтыбағалай алмайтын грейдтер жүйесімен қамтамасыз етіледі.

Қызметкерлердің еңбек құқықтарының ықтимал бұзылуы туралы барлық сұрақтар әрқашан Омбудсменнің қарауына ауызша да, жазбаша түрде де жіберілуі мүмкін. Ұзақ уақыт бойы кемсітушілік, адам құқықтарын сақтамау фактілері тіркелген жоқ.

Әлеуетті тұтынушылар үшін онлайн оқыту платформасына қолдау көрсетіледі, онда Қоғам ұсынатын барлық қолдау құралдары туралы толық ақпарат алуға болады.

## КОРПОРАТИВТІК ӘДЕП

Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері басшылыққа алатын Корпоративтік әдеп қағидаттары мен нормалары «KazakhExport» Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 31 мамырдағы қаулысымен бекітілген (15 хаттама) «KazakhExport» Іскерлік әдеп кодексінде бекітілген.

### Негізгі мақсаттар:

**1** Жоғары этикалық стандарттарға негізделген бірыңғай корпоративтік мәдениетті дамыту;

**2** Компанияның барлық қызметкерлеріне стратегиялық маңызды шешімдер қабылдау кезінде де, күнделікті жағдайларда да өз қызметінде басшылыққа алуы тиіс негізгі құндылықтар мен қағидаттарды, іскерлік әдеп мен мінез-құлқ нормаларын бекіту;

**3** Сенім, өзара сыйластық және әдептілік атмосферасын сақтау;

**4** Үздік іскерлік тәжірибелерді қолдану арқылы мүдделі тұлғалармен тиімді өзара іс-қимылды құру.

### Негізгі құндылықтар:

#### Меритократия.

Әрбір қызметкердің жеке еңбегі мен жетістіктерін тану, оның қабілеттері мен кәсіби дайындығына сәйкес мансаптық өсуі;

#### Жауапкершілік.

Қабылданған шешімдер үшін жеке жауапкершілік.

#### Кәсібилік және даму.

Өз мамандығын терең білу, қойылған міндеттерді уақтылы және сапалы орындау, кәсіби білім мен дағдыларды үнемі жетілдіру. Барлық деңгейдегі қызметкерлердің біліктілігін арттыру, олардың кәсіби білімі мен дағдыларын дамыту үшін тең және оңтайлы жағдайлар жасау;

#### Өзара құрмет пен сенім.

Компанияға деген сенім іскерлік беделге, бизнесті жауапты жүргізуге, ашықтыққа, кәсіби қызмет принциптеріне негізделеді. Әрбір қызметкер Компанияның беделін қалыптастырады және қорғайды, өзінің мінез-құлқымен қоғамда Компания туралы пікір қалыптастырады;

#### Адалдық пен ашықтық.

Компания өзі туралы, көрсетілетін қызметтер, жетістіктер мен қызмет нәтижелері туралы ақпараттың барынша ашықтығы мен сенімділігіне ұмтылады;

#### Ұжымдық рух.

Бірлескен қызмет пен ортақ ниеттен жоғары нәтижелерге жету үшін Компанияның барлық қызметкерлері арасындағы ынтымақтастық. Қоғам қызметкерлері бір-біріне мейірімді және құрметпен қарауға, ұжымда сапалы және жемісті жұмыс істеуге ықпал ететін жағымды атмосфера құруға және сақтауға ұмтылады.

Іскерлік әдеп кодексін сақтау лауазымына қарамастан Компанияның барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

Компания қызметкерлері жыл сайын «KazakhExport» ЭСК» АҚ Іскерлік әдеп кодексінің нормалары біліміне тестілеуден сәтті өтеді.

## ОМБУДСМЕН ИНСТИТУТЫ

Кодекс ережелерінің сақтамалмауы туралы мәліметтерді жинап, оны бұзу бойынша дауларды қарауға бастамашылық жасауды, сондай-ақ дауларды реттеуге қатысуды Омбудсмен жүзеге асырады.

### Кодекске сәйкес Омбудсменнің негізгі функциялары:

- 1 «KazakhExport» компаниясы қызметкерлерінің, лауазымды тұлғаларының өтініштерін қарау, сондай-ақ мемлекеттік органдармен, «KazakhExport» басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, оларға рұқсат беру жөнінде ұсынымдар енгізу;
- 2 жыл сайын «KazakhExport» компаниясында моральдық-этикалық ахуалдың жай-күйі туралы есеп жасай отырып, осы Кодекстің ережелерін бұзу және сақтамау фактілері бойынша ақпарат жинау;
- 3 қызметкерлерге, лауазымды тұлғаларға Кодекстің ережелері бойынша консультация бөткізу;
- 4 Кодекс ережелерін бұзу бойынша дауларды қарауға бастамашы болу және оларды соттан тыс және сот тәртібімен реттеуге қатысу. Корпоративтік даулар мен мүдделер дауын Омбудсмен «KazakhExport» Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер дауының саясатына сәйкес корпоративтік даулар мен мүдделер дауын шешуге жауапты тұлғалармен өз іс-әрекеттерін үйлестіреді.


**Компанияның барлық қызметкерлері, клиенттер, әріптестер және өзге де мүдделі тұлғалар Омбудсменге жүгінуге құқылы.**

«KazakhExport» компаниясының Директорлар кеңесінің шешімімен (2022 жылғы 9 маусымдағы 7 хаттама) «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасының аппарат басшысы қызметін атқаратын Дина Викторовна Акрачкова Компанияның Омбудсмені болып тағайындалды.

Кодекстің ережелеріне сәйкес «KazakhExport» Директорлар кеңесі «KazakhExport» Омбудсменінің 2023 жылға арналған қызметі туралы есебін» қарап, мақұлдады. Есепке сәйкес, 2023 жылы Компания қызметкерлерінен Омбудсменнен консультация алуға өтініштер түскен жоқ. Кодекс ережелерін және Жұмыс беруші «KazakhExport» арасындағы еңбек даулары бойынша сот талқылауларын бұзу фактілері жоқ.

### Шағымдарды:

- 1 ауызша нысанда, оның ішінде Омбудсменнің байланыс телефоны арқылы;
- 2 жазбаша түрде Компанияның және/немесе осы бетте көрсетілген үлгі бойынша жасалған Омбудсменнің электрондық почта мекенжайына өтініш жолдау арқылы жіберуге болады.



## ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ЖАҒДАЙЛАРЫ

Жоғары білікті және ынталы қызметкерлерді тарту және ұстап қалу – Қоғамның басты міндеттерінің бірі.

Қоғам лайықты еңбек және демалыстың лайықты жағдайларын қамтамасыз етуге жауапты: бәсекеге қабілетті жалақы төлейді, кәсіби дамуға мүмкіндік береді және ұжыммен ашық диалог жүргізеді, бұл әсіресе тұрақсыздық кезеңінде маңызды.

Қоғамның корпоративтік мәдениеті өзара сенім мен құрметке, ашықтық пен адалдыққа, тұрақты даму мен жақсартуға негізделген.

Қоғам қызметкерлерге өздерінің жұмыс орындарында тиімді болуға, корпоративтік ортаға тезірек бейімделуге, сараптамалық деңгейін арттыруға, жаңа білімді игеруге мүмкіндік беретін жаңа оқыту бағдарламаларын жасап, жетілдіреді.

Осындай талантты және білікті кадрлар Компанияның табысы мен тұрақты дамуын қамтамасыз етеді. Білімді, тәжірибе мен дағдыларды «аға» ұрпақтан жаңадан бастаушыларға беру арқылы тәлімгерлік институты құзыретті персоналды тәрбиелеу процесіне қолайлы ықпал етеді. Осыған байланысты Қоғам жаңа қызметкерлерді бейімдеу рәсімін және тәлімгерлік институтын Қоғам қызметкерлерін бейімдеу және оқыту қағидаларына енгізуді регламенттеді. Бұл ретте, өз тәлімгерлерін оқыту кезінде қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін әлеуетті тәлімгерлердің күнделікті еңбек жүктемесін ескеру, сондай-ақ тәлімгерлік процесінде барлық тараптардың белсенді қатысуын ынталандыру қажет.

Қоғам барлық қызметкерлер үшін білім беру ресурстарының қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Қоғам қызметкерлерден Іскерлік әдеп кодексінде баяндалған іскерлік әдеп

қағидастарының сақталуын күтеді.

Қоғам кемсітушілік пен қысымның кез келген түріне нөлдік төзімділік тәсілін ұстанады және тең мүмкіндіктер мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Қоғам өз қызметкерлерінің әлеуеті мен өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерін дамытуға күш салады, қызметкерлерге қамқорлық көрсетеді және лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді.

Қоғам бос лауазымдарға үміткерлерді конкурстық негізде ашық және айқын іріктеуді жүзеге асырады. Кадрларды іріктеу жүйесі жұмысқа орналасуда кандидаттарға тең көзқарасқа және олардың құқықтарын шектеуге жол бермеуге негізделген. Кадрларды іріктеу кандидаттың кәсіби және жеке құзыреттерін бағалау негізінде жүзеге асырылады.

Қоғамда әртүрлі жастағы мамандар жұмыс істейді, біздің қызметкерлердің жартысына жуығы 25-45 жас аралығындағы адамдар. Барлық қызметкерлердің жоғары білімі бар.

Қоғам ерлер мен әйелдерге тең мүмкіндіктер береді. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жоғарылату кезінде ең алдымен олардың белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігі, кәсіби тәжірибесі, нәтижеге бағдарлану, жауапкершілік, өзгерістерге қабілеттілік және ұжымда жұмыс істей білу сияқты құзыреттердің болуы бағаланады.

GRI 401-1, 401-3

Қоғам өз қызметкерлерінің еңбек саласындағы құқықтарын құрметтейді, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің қағидаттарын басшылыққа алады, оған сәйкес еңбек саласында жыныстық, ұлттық, діни және басқа да белгілер бойынша кемсітуге, мәжбүрлі және балалар еңбегіне жол берілмейді.

Компания қызметкерлері мен басшылары арасындағы қарым-қатынас әдеби іскерлік әдеп кодексімен реттеледі.

Қоғамның барлық қызметкерлері іскерлік әдеп талаптары мен мінез-құлық қағидаларын бұзуға байланысты жағдайлардың алдын алу, анықтау және шешу жүйесін құруға жауапты.

#### Жұмыс түрлері бойынша бөлінген қызметкерлердің тізімі, адам саны.

	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.
Толық Жартылай	92	97	97
<b>Барлығы</b>	<b>92</b>	<b>97</b>	<b>97</b>

#### Жас топтары бойынша бөлінетін қызметкерлердің тізімі, адам саны.

	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.
18-25	5	3	2
26-35	34	42	38
36-45	46	43	46
46-55	6	8	10
55-тен асқандар	1	1	1
<b>Барлығы</b>	<b>92</b>	<b>97</b>	<b>97</b>

#### Әлеуметтік бағдарламаларға/жәрдемақыларға жұмсалған қаражат, теңге

	2021	2022	2023
ЕМС және жазатайым оқиғаларды сақтандыру	26 223 830 (ЕМС) 188 412 (ЖОС)	25 207 875 (ЕМС) 104 215 (ЖОМС)	28 748 742,43 Оның ішінде: жазатайым оқиғалар 154 602,24
Материалдық көмек	115 946 575	130 949 923	141 876 714,00 Оның ішінде: - демалысқа - 135 666 714,00 - баланың дүниеге келуі, жерлеу, некеге тұруға байланысты - 6 210 000,00
Ауырған кезеңі үшін қосымша ақы	1 082 879	10 409 372 (оның ішінде жүктілік және босану бойынша төлем 8 636 736,81)	4 775 242,924 775 242,92 (оның ішінде жүктілік және босану бойынша төлем 2 067 705,68)
<b>Барлығы</b>	<b>143 441 696</b>	<b>166 671 385</b>	<b>175 400 699,35</b>

#### Есепті кезеңде жұмысқа қабылданған қызметкерлердің жалпы саны, адам саны

	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.
Әйелдер	18	8	8
Ерлер	18	24	15
<b>Барлығы</b>	<b>36</b>	<b>32</b>	<b>23</b>

#### Басқа ақпарат

	2021	2022	2023
Басшы лауазымдардағы әйелдердің үлесі, %	-	28,6	28,6
Атқарушы басшылықтағы әйелдердің үлесі, %	-	50	38,5
Балалар еңбегін пайдалану (иә/жоқ)	-	-	(декреттегі әйелдерді ескере отырып)
Мәжбүрлі еңбекті пайдалану (иә/жоқ)	-	-	-
Кемсітушілік жағдайларының саны (нәсілі мен түсі, жынысы, діни нанымдары, саяси көзқарастары, шетелдік немесе әлеуметтік шығу тегі бойынша), дана.	-	-	-

#### Есепті кезеңдегі қызметкерлердің жұмыстан кетуі, %

	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.
Әйелдер	7,6	6,2	1
Ерлер	15,2	8,3	4,1
<b>Барлығы</b>	<b>22,8</b>	<b>14,5</b>	<b>5,1</b>

#### Қызметкерлердің жынысы, адам саны бойынша тізімі

	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.
Әйелдер	41	44	44
Ерлер	51	53	53
<b>Барлығы</b>	<b>92</b>	<b>97</b>	<b>97</b>

## ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫ

Қоғам өз қызметінде еңбекті қорғау, қоршаған орта және өндірістік қауіпсіздік талаптарын ұстанып қана қоймайды, сонымен қатар өз қызметкерлеріне барынша қолайлы еңбек жағдайларын, дене шынықтырумен айналысу үшін жағдай жасап, медициналық сақтандыруды қамтамасыз етеді.

Қоғам дәстүрлі түрде жұмысшылардың денсаулығы мен әл-ауқатына көп көңіл бөледі. Қызметкерлердің денсаулығына қамқорлық - кадр саясатының негізгі мақсаттарының бірі және қауіпсіз жұмыс орындарын құруды, әлеуметтік қолдауды және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуді қамтиды.

«Жасыл кеңсе» тұжырымдамасы ресурстарды ұтымды тұтынуды ғана емес, сонымен қатар кеңсе қызметкерлерін таза ауамен, қолайлы температурамен және жеткілікті табиғи жарықпен қамтамасыз етуді білдіреді. Жоғарыда аталған барлық жағдайлар қызметкерлердің жұмысының өнімділігін жақсартады, сонымен қатар олардың еңбек жағдайларына қанағаттанған жағдайының жанама көрсеткіштері болып табылады.

Іргелес аумақта демалуға арналған орындықтар, велосипедтерге арналған бағандар және үстел теннисімен айналысуға арналған арнайы жабдықталған үстелдер орнатылған аумақ бар. Электромобильдерге арналған зарядтау станциялары орнатылуда, бұл қызметкерлерді электромобильдерге ауысуға ынталандырады. Әрине, «жасыл кеңсе» тұжырымдамасы электромобильдерге көшуді ғана емес, сонымен қатар тазалау кезінде қауіпсіз құралдарды пайдалануды, су мен жарықты үнемдеуді, қағазды тұтынуды азайтуды және қалдықтарды бөлек жинауды білдіреді.

## ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ

Қоғамның сыйақы жүйесі қызметкерлердің еңбек нәтижелеріне негізделі отырып, олардың кәсіби өсуі үшін әділ және тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. Мерзімді түрде инфляция деңгейін ескере отырып, жалақыны индексстеу жүргізіледі. Бірдей функцияларды орындайтын ерлер мен әйелдердің негізгі жалақысы бірдей. Әртүрлі лауазымдардағы әйелдердің үлесі өсуде және басшылық позициялардағы әйелдерді жоғарылату үшін жағдайлар жасалуда.

Қоғам бала күтімі бойынша демалыс кезеңінде қосымша төлемдер ұсынады. Қоғам үшін таланттарды дамыту және адам құқықтарын сақтау үшін жағдай жасау басымдық болып табылады.

Сыйақы саласындағы саясат қызметкерлердің кәсіби қасиеттері мен қабілеттерін, олардың еңбек нәтижелерін бағалауға және ішкі құжаттарға сәйкес ынталандыру мақсатында қызметтің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуге негізделеді. Қоғамда ерлер мен әйелдердің базалық жалақысы қызметкерлердің санаттары бойынша бөлінбейді. Лауазымдық жалақылар қолданылатын грейдерлік жүйеге сәйкес қызметкерлердің біліктілігіне, біліміне және кәсіби деңгейіне байланысты тағайындалады.

Қоғамда қызметтің негізгі көрсеткіштері (бұдан әрі – ҚНҚ) негізінде қызметкерлердің жұмысының тиімділігін бағалау жүйесі жұмыс істейді – бұл сыйақыны қызметкерлер қызметінің нәтижелеріне байланыстыруды қамтамасыз етеді. ҚНҚ қабілеті жоғары тиімді қызметкерлерді нәтижелерге қол жеткізуге ынталандырып қана қоймай және

керісінше, даму қабілеті бар қызметкерлерді анықтауға мүмкіндік береді. ҚНҚ Қоғамның стратегиялық мақсаттарының жауапкершілік саласына сәйкес қызметкерлердің өнімділік деңгейіне каскадтау арқылы қалыптасады.

Жыл соңында ҚНҚ жүйесі бойынша бағалау нәтижелеріне және 180 градус жүйесі бойынша қызметкерлердің жеке құзыреттерін бағалауға (басшының өзін-өзі бағалауы және бағалауы) негізделген қызметкерлердің тиімділігін кешенді бағалау қалыптастырылады.

Кешенді бағалау нәтижесінде қызметкерлерді одан әрі дамыту және оларды мансаптық өсуі үшін кадрлық шешімдер қалыптасады.

Материалдық емес уәждемелерді арттыру мақсатында жыл сайын ерекше көзге түскен қызметкерлерді грамоталармен және алғыс хаттармен марапаттау жүргізіледі.

2023 жылы Қоғам қызметкерлері «Жылдың үздік қызметкері», «Фронт-офистің ең тиімді қызметкері», «Бэк-офистің ең тиімді қызметкері» номинациясымен марапатталды. Білім орталықтарын (team-learning) өткізу бойынша бірыңғай кадр саясатын іске асыру шеңберінде құрылымдық бөлімшелер қызметінің негізгі бағыттарын талқылау бойынша бөлімше басшылары мен қызметкерлердің қатысуымен кездесулер өткізілді.

### Қызметкерлердің алған білімдерінің сапасын бағалауды жүзеге асыру мақсатында келесі сырттай оқыған қызметкерлердің оқыту сапасына сауалнамалар өткізілді:

- 1 Кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл;
- 2 Басқарушылық коучинг-басшыларға арналған сессия;
- 3 «Excel» бағдарламасын терең білу және деректерді талдау негіздері;
- 4 Көпшілік алдында сөйлеу.

Қоғам қызметкерлерін тарту шеңберінде бизнеспсихолог қызықты спикерлермен «Өткен жылдың қорытындыларын талдау және 2024 жылға міндеттер қою» тақырыбы бойынша тікелей эфирлер ұйымдастырылды.



Материалдық емес уәждеме, сондай-ақ материалдық уәждеме бірінші кезекте бәсекеге қабілетті және құнды кадрларды тартуға және ұстап қалуға, қызметкерлер үшін қолайлы және нарықпен бәсекелес еңбек жағдайларын жасауға, салауатты корпоративтік ортаны дамытуға бағытталғанын атап өткен жөн.

## ОҚУ ЖӘНЕ ДАМУ

GRI 404-2

Қоғамның көптеген міндеттерінің орындалуы көбіне қызметкерлердің кәсіби деңгейіне және қосқан үлесіне байланысты болады. Қоғам қызметкерлерін оқыту және дамыту тұрақты даму саясатының әлеуметтік саласының басым бағыты ретінде белгіленген.

Персоналдың біліктілігін арттыру бөлігінде Қоғам жыл сайын өз қызметкерлерін сырттай оқыту және кәсіби дамыту жоспарын (бұдан әрі – Оқыту жоспары) бекітеді, сондай-ақ бизнес-процестер, заңнама, қызметті жүзеге асыруға қажет ішкі тәртіп ережелері бойынша ішкі оқыту іс-шараларының кестесін жасайды.

2023 жыл ішінде бекітілген 2023 жылға арналған Оқыту жоспары шеңберінде 26 оқыту іс-шарасы өткізілді (тіл курстары мен корпоративтік оқытуды қоспағанда: тимбилдинг), оның аясында Қоғамның 98 қызметкері білім алды.

2023 жылға арналған Қоғамның қызметкерлерін оқытудың бекітілген ішкі кестесі шеңберінде өз күшімен, Қоғамның ең құзыретті және тәжірибелі қызметкерлерін және (немесе) өзге де шақырылған тұлғаларды жаттықтырушы ретінде тарта отырып, өз күшімен 33 оқыту іс-шарасы өткізілді. Қызметкерлерді оқытудың ішкі кестесіне сәйкес оқыту жұмыс процесін жақсарту және жұмыс процесінде ықтимал бұзушылықтардың алдын алу үшін Қоғамның ішкі нормативтік құжаттары мен бизнес-процестеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Қоғам қызметкерлерін жүзеге асырылатын қызмет шеңберінде магистр дәрежесін алу және халықаралық сертификаттауға жіберу, сондай-ақ тілдерді үйрену арқылы материалдық емес ынталандыруды қолданады.

Сондай-ақ, Қоғамның 23 жаңа қызметкері үшін Қоғамның жұмыс процестеріне барынша жедел және тиімді енгізу үшін бейімдеу оқыту семинарлары өткізілді.

Сондай-ақ, тәжірибе алмасу шеңберінде ұйым ішінде «Ашық есік күні» өткізіліп, онда Қоғамның әртүрлі құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері жұмылдырылды.

Қызметкерлерді тарту деңгейін арттыру аясында салауатты өмір салты мен эмоционалдық әл-ауқат туралы ақпараттандыруды арттыру бойынша іс-шара өткізілді. «Салауатты өмір салты. Дәрумендердің адам денсаулығына әсері» тақырыбы бойынша онлайн шеберлік класс ұйымдастырылды.


Жыл сайын ұжымдық рухты көтеруге, ұжымды біріктіруге және қолайлы корпоративтік орта құруға бағытталған тимбилдинг шарасы өткізіледі. Тимбилдинг шеңберінде «Town-hall» (жұмысшылар мен Қоғам басшылығы арасындағы кері байланыс) ұйымдастырылып, жұмысшыларға Қоғамның бірінші басшысымен бейресми жағдайда араласуына мүмкіндік беріледі.



Қоғамның тұрақты дамуы саласындағы негізгі нәтижелердің біріне бір қызметкерге жұмсалған оқу сағаттарының орташа санының көрсеткіші болып табылады. 2021, 2022 және 2023 жылдардың соңында осы көрсеткіш бойынша ілгерілеу динамикасы бақыланады.

Бір қызметкерге шаққандағы орташа жылдық сағат саны = оқудың академиялық оқу сағаттарының жалпы саны (корпоративтік командалық тренингтер мен тіл курстарын қоспағанда) / оқытылған «KazakhExport» ЭСК» АҚ қызметкерлерінің жалпы саны (қызметкерлер саны жыл бойына барлық тренингтерге қатысу кезінде ескеріледі)

### «KazakhExport» ЭСК» АҚ қызметкерлеріне шаққандағы оқу сағаттарының орташа саны, академиялық сағат



2023 жылға арналған жоспарға сәйкес бір қызметкерге орташа жылдық сағат саны бір қызметкерге 16 академиялық сағат деңгейінде жоспарланған.

Орындау кезінде бір қызметкердің орташа жылдық сағат саны 2023 жылы 920 академиялық сағатты / 57 қызметкер = 16 академиялық сағатты құрады.

Сонымен қатар, жаңа білім алуға материалдық емес уәждемені арттыру мақсатында Қоғамда елдердің жетекші экспорттық-кредиттік агенттіктерімен тәжірибе алмасу бағдарламасы жұмыс істейді. Мұндай тағылымдама қызметкерлерге жаңа тәжірибе алуға мүмкіндік береді және олардың өнімділігін арттырады. Болашақта қызметкерлер өз идеяларымен, соңғы нарықтық трендтермен, пайдалы дағдылармен алмасады және өз жұмыс орындарынан тыс жерде де Компанияның қызметіне көбірек араласады. Тәжірибе деңгейі артып келеді, бұл тәжірибе алмасу қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Есепті кезеңде тәжірибе алмасу бойынша оқыту шеңберінде Қоғам қызметкерлері экспорттық кредиттерді сақтандыру саласындағы әлемдік көшбасшы болып табылатын, экспортты қолдау және дамыту шаралары бойынша семинар өткізген «Euler Hermes»-те тағылымдамадан өтті.

Семинар барысында «Euler Hermes» компаниясының экспорттық кредиттерді сақтандыру және кепілдендіру, экспорттық мәмілелерді сауда және тікелей қаржыландыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік қолдаудың басқа да механизмдері арқылы экспортты қолдау жөніндегі тәжірибесі қаралды.

Сонымен қатар, экспорттаушылармен және банктермен сыртқы коммуникацияларды автоматтандыру мәселелері, экспорттың құқықтық аспектілері, егеменді тәуекелдерді бағалау және тағы басқалар талқыланды.

Сонымен қатар, Қоғам жоғары оқу орындарының жас мамандары мен студенттерін өндірістік тәжірибеден өтуге тарту тәжірибесін кеңінен насихаттайды. 2023 жылы екі тағылымдамадан өтушімен өтеусіз қызмет көрсету туралы екі шарт жасалды.

## ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАЛАР

### ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қоғам жұмыс орындарын ашу және жұмыспен қамтамасыз ету, салық түсімдерін ұлғайту, экспорттық әлеуетті дамыту бөлігінде әлеуметтік әсер ететін жобаларды қолдау арқылы елдің дамуына өз үлесін қоса отырып, халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға әсер етеді.

Қоғамның басты назары өз қызметкерлерін әлеуметтік қорғауға бағытталған. Қоғам қызметкерлері өндіріс кезеңіне оңтайлы еңбек жағдайларымен қамтамасыз етілген. Қоғам қызметкерлеріне арналған әлеуметтік пакет шеңберінде төмендегілер қарастырылған:

- ◆ **қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері ауырған жағдайда медициналық сақтандыруды қамтамасыз ету:** жұмыстан босатылғандардың орнына жаңадан қабылданғандар қызметкерлерді есепке алғанда 90 қызметкер сақтандырылды;
- ◆ **жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беру кезінде** Қоғамның 101 қызметкеріне сауықтандыру төлемі төленді;
- ◆ **баланың дүниеге келуіне байланысты** 11 қызметкерге жәрдемақы төленді;
- ◆ **некеге тұруға байланысты** 2 қызметкерге жәрдемақы төленді;
- ◆ **жақын туысының қайтыс болуына байланысты** 3 қызметкерге жәрдемақы төленді;
- ◆ **жүктілікке және босануға байланысты демалысқа, жаңа туған баланы (жаңа туған балаларды) асырап алу демалысына байланысты табысын жоғатуға байланысты:** 4 қызметкерге жәрдемақы төленді.

Сондай-ақ, жас кадрларды қолдау мақсатында еліміздің жетекші жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық меморандумы жасалады, оның негізінде студенттер білім беру бағдарламасының сұратылған бейініне сәйкес базалық диплом алды тәжірибеден өту мүмкіндігіне ие болды.

Бұл өскелең ұрпаққа өндіріс жағдайында мамандық бойынша жұмыс істеудің тәжірибелік дағдыларын игеру кезінде және олардың алдына қойылған міндеттер шеңберінде өзіндік жұмысты дамытуда орасан зор тәжірибе алуға мүмкіндік береді.

## ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Әлеуметтік жауапты компания бола отырып, Қоғам әлеуметтік жауапкершілік мәселелерін қамтитын тұрақты даму принциптерін алға тартады. Қоғам қызметкерлері өз бастамалары бойынша қоғамымыз бен бізді қоршаған әлемге қамқорлық жасауға ұмтылады.

Оқу жылы қарсаңында Қоғам қызметкерлері қайырымдылық акциясына қатысты. Балаларға рюкзактар мен кеңсе тауарларының жиынтығы сыйға тартылды. Қазақстан Республикасы Білім министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті «Мектепке жол» акциясын бастады. Акцияға қатысуға ниет білдіргендердің барлығы: еріктілер, бизнесмендер, меценаттар, үкіметтік емес ұйымдар және басқалар.

Қоғам қызметкерлері «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ұйымдастырған «Донор күні» қайырымдылық акциясына қатысты. Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының 116 қызметкері донор болып, нәтижесінде 30 литрге жуық донорлық қан тапсырылды. Акцияның негізгі мақсаты – қызметкерлер арасында және қоғамда донорлықты насихаттау, донорлық қан мен оның компоненттерінің қорларын ұлғайту, сондай-ақ қайырымдылық және әлеуметтік бастамаларға белсенді қолдау көрсету.

Мұндай акция «Бәйтерек» холдингінде бірнеше жыл қатарынан өткізіліп келеді және әлеуметтік жауапкершілікті және қызметкерлердің қоғам өміріне белсенді қатысуын растайтын жақсы дәстүрге айналды.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ұйымдастырған қайырымдылық жәрмеңкесінде Қоғам қызметкерлері картиналар, қолөнер бұйымдарын, аспаздық кондитерлік өнімдер, кәдесыйлар, ойыншықтар мен жаңа жылдық сыйлықтар ұсынды. Бұл қайырымдылық жәрмеңке жыл сайын өткізіледі, қоғамдық сананың өсуіне түрткі болып, адамдардың гуманитарлық көмекке атсалысуына ықпал етті. Түскен қаражат жаңа жылдық шырша ұйымдастыруға және мүмкіндігі шектеулі балаларға сыйлықтар сатып алуға жұмсалды.

Қоғам қызметкерлері мал азығы мен жануарларға арналған керек-жарақтар жинау акциясына қатысты. Бұл акцияға Холдинг «СтопОтлов» қорына материалдық қолдау, құрғақ тамақ, шаруашылық керек-жарақтар және иттерді күту заттары түрінде қолдау көрсету мақсатында қатысуды ұсынды. Бұл Қор жануарларды аулаудан құтқару мақсатында құрылып, күнделікті үлкен шығындарды талап етеді (ауру, жүдеу жануарларды емдейді және олардың қорегі мен күтімін қамтамасыз етеді).



## ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ

Қазақстандық кәсіпкерлер мен екінші деңгейдегі банктер арасында қаржылық сауаттылықты арттыру мәселелері «KazakhExport» басым мақсаттарының тізіміне енгізілген.

«KazakhExport» және «Атамекен» ҰКП, «QazTrade» АҚ, «QazIndustry» АҚ және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ әріптес компаниялары арасында қол жеткізілген келісімдер шеңберінде 2023 жыл ішінде кәсіпкерлер үшін қаржылық және сақтандыру қолдау шаралары бөлігінде қолданыстағы бағдарламалар бойынша онлайн-семинарлар өткізілді.

2023 жылы семинарларға Қазақстан Республикасының 17 облысынан, сондай-ақ республикалық маңызы бар Алматы, Шымкент және Астана қалаларынан 1007 қазақстандық кәсіпкер қатысты. Бұл семинарлар сауатты шешімдер қабылдауға, тәуекелдерді азайтуға және сол арқылы кәсіпкерлердің қаржылық қауіпсіздігін арттыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар, өткен жылы Компания «QazTrade» АҚ ұйымдастырған экспорттаушыларды қолдау шаралары және қолдау құралдарын қолданудың практикалық тәжірибесі бойынша семинарлар бағдарламасымен өңірлік экспорттық кеңестердің отырыстарына тұрақты негізде қатысты.

Сауда-экономикалық қатынастарды және халықаралық қызметті дамыту шеңберінде «KazakhExport» компаниясының экспортқа бағытталған кәсіпорындарды қолдау тәжірибесін Түркия, Германия және Австрияның экспорт жөніндегі агенттіктерінің және екінші деңгейдегі банктердің өкілдері зерделеді. Кездесулер барысында «KazakhExport» компаниясының қызметкерлері қолдау құралдарын, оның ішінде сауданы қаржыландыру мен экспортты сақтандыру, экспорттың құқықтық аспектілері, тәуекелдерді андеррайтингті және көрсетілетін қызметтерді цифрландыру бойынша практикалық тәжірибелерімен бөлісті.



# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Компанияда жолға қойылған корпоративтік басқару жүйесі құрылды және жұмыс істейді, Компания мен оның органдарының қызметін реттейтін қажетті ішкі нормативтік құжаттар әзірленіп, бекітілді, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару саласында бағалауды жүзеге асыратын ішкі аудит қызметі тиімді жұмыс істейді. Компаниядағы басқару процестері мен процедуралары заңнаманың, ішкі нормативтік құжаттардың сақталуын қамтамасыз етеді және көреген және жауапты шешімдер қабылдау үшін оңтайлы жағдай жасайды.

«KazakhExport» компаниясының жоғары басқару органы  
**Жалғыз акционер**

Жалғыз акционермен өзара әрекеттесу Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жалғыз акционердің айрықша құзыреті бекітілген «KazakhExport» Жарғысына және Компанияның корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Басқару органы  
**Директорлар кеңесі**

Компанияның Директорлар Кеңесі жанынан құзыретіне аудит, тәуекелдер, стратегиялық жоспарлау, корпоративтік даму, кадрлық, сыйақы және әлеуметтік мәселелерді қарау кіретін комитеттер құрылды.

Атқарушы орган  
**Басқарма**

Компания қызметінің жекелеген бағыттары бойынша Басқарма үшін ұсынымдық сипаттағы шешімдерді дайындау мақсатында, оның ішінде Басқарма құзыретіне кіретін мәселелерді дайындау және алдын ала қарауды жүзеге асыру үшін Басқарма жанынан комитеттер құрылды.

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ

Компания өз қызметінде Компанияның табысты қызметі, оның ішінде оның құндылығын арттыру, қаржылық тұрақтылық пен табыстылықты қолдау үшін Компания ішіндегі және басқа да мүдделі тараптармен қарым-қатынастардағы іскерлік этиканың тиімділігін, ашықтығын, есептілігін, жоғары деңгейін көздейтін корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады.

Кодекс Қоғамның корпоративтік басқаруының Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (бұдан әрі – ЭЫДҰ) тиісті стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

Компания жыл сайын Директорлар кеңесінің отырысында қаралатын Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің орындалуы бойынша есеп дайындайды.

Компанияның 2023 жылғы Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуын талдау «KazakhExport» Корпоративтік басқару кодексінің барлық қағидаттары мен ережелерін сақтайтынын және корпоративтік басқару рәсімдерін жетілдіру бойынша тұрақты жұмысты жалғастыратынын көрсетті. «KazakhExport» корпоративтік басқару кодексінің 2023 жылғы қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есептің қысқаша нұсқасы жылдық есепке қосымшада берілген.

(толық нұсқасы Компанияның [www.kazakhexport.kz](http://www.kazakhexport.kz) корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылған).

### «KazakhExport» корпоративтік басқару принциптері

- ◆ Өкілеттіктердің аражігін ажырату;
- ◆ Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- ◆ Директорлар кеңесі мен Басқарманың «KazakhExport» компаниясын тиімді басқаруы;
- ◆ Тұрақты даму;
- ◆ Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит;
- ◆ Корпоративтік даулар мен мүдделер дауын реттеу;
- ◆ Ақпаратты жария етудің ашықтығы мен объективтілігі.

## ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

«KazakhExport» компаниясының жалғыз акционері «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ) – корпоративтік басқарудың озық стандарттарына сәйкес келетін және оны әртарапандыру, инновацияларды қолдау, экспортты дамыту, еңбек өнімділігін арттыру арқылы Қазақстан экономикасын тұрақты дамыту жөніндегі міндеттерді іске асыруды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының негізгі институты.

### Миссиясы

Қоғам алдындағы жауапкершілік қағидаттарында бәсекеге қабілетті бизнесті дамыта отырып, тұрғын үймен қамтамасыз ету және азық-түлік қауіпсіздігін нығайту.

### Пайымы

Жаңа салалық «өсу нүктелерін» дамыту арқылы Қазақстан экономикасының құрылымын сапалы түрлендіретін проактивті басқарушы холдинг.

### Негізгі міндеттер

- ◆ экономиканың шикізаттық емес секторларын дамыту;
- ◆ кәсіпкерлікті дамыту;
- ◆ өңдеу өнеркәсібін дамыту;
- ◆ шикізаттық емес өнімдердің экспортын қолдау;
- ◆ еңбек өнімділігін арттыру;
- ◆ бәсекеге қабілетті АӨК дамыту;
- ◆ экономиканың инвестициялық тартымдылығын арттыру;
- ◆ халықтың әл-ауқатын жақсарту.

### Қызметінің стратегиялық бағыттары

- ◆ кәсіпкерлікті қолдау;
- ◆ үлестік қаржыландыру экожүйесін дамыту;
- ◆ халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету.

### Дивиденд төлеу

«KazakhExport» 2022 жылы алған таза пайданың **70%, шамамен 1 590 502 мың теңге** көлемінде дивиденд төледі (17 ХҚЕС сәйкес қайта қарауға дейін есептелген).

### Акционерлік капитал

Орналастырылған акциялардың 100% ұстаушысы – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «KazakhExport» компаниясының жарғылық капиталы **105 100 000 000** (жүз бес миллиард жүз миллион) теңге, жарияланған жай акциялардың саны 92 000 (тоқсан екі мың) дана, орналастырылған акцияларының саны 91 440 (тоқсан бір мың төрт жүз қырық) дана, жарияланған, бірақ орналастырылмаған акциялардың номиналды құны – **1 149 387,58** (бір миллион жүз қырық тоғыз мың үш жүз сексен жеті) теңге 58 тиын (1 дана акция үшін теңгемен).



## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

**Директорлар кеңесі** заңнамамен және (немесе) Компания Жарғысымен Жалғыз акционер мен Басқарманың айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Компания қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын басқару органы болып табылады.

«KazakhExport» компаниясының Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің құрамы Компания қызметінің салалық ерекшеліктерін, қызмет аясын, Директорлар кеңесінің комитеттері қарайтын мәселелерді ескере отырып, Компания мен Жалғыз акционердің мүддесі үшін тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін олардың мүшелерінің дағдыларының, тәжірибесі мен білімінің теңгерімділігін қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің ауыл шаруашылығы, экономика және бизнесті басқару, сондай-ақ құқықтану салаларында мінсіз іскерлік беделге, білімге, дағдыларға және тәжірибеге ие.

**2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі 4 адамнан тұрады, оның ішінде Директорлар кеңесінің 3 мүшесі – тәуелсіз директорлар.**

### «KazakhExport» компаниясының Директорлар Кеңесінің 2023 жылғы 31 желтоқсандағы құрамы

Компанияның Директорлар кеңесіндегі лауазымы, аты-жөні	Жалғыз акционердің Директорлар кеңесінің құрамына сайлау туралы шешімінің күні мен нөмірі	Негізгі жұмыс орны бойынша лауазымы
Директорлар кеңесінің мүшесі <b>Қалиғазин Аслан Ермекұлы</b>	2022 жылғы 26 сәуірден бастап – қазіргі уақытқа дейін.	«KazakhExport» Басқарма төрағасы
Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор <b>Әлімұхамбетов Нұржан Ержанұлы</b>	15.11.2023 ж.	Директорлар кеңесінің төрағасы – «Базель» сақтандыру компаниясы» АҚ тәуелсіз директоры
Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор <b>Самақова Айткүл Байғазықызы</b>	13.09.2016 ж.	
Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор <b>Дильдяев Ярослав Григорьевич</b>	13.09.2017 ж.	Директорлар кеңесінің төрағасы, «Аксиом ИнРе сақтандыру брокері» ЖШҚ операциялық директоры

### 2023 жылғы Директорлар Кеңесінің құрамындағы өзгерістер

1. «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Серік Мақашұлы Жұманғариннің өкілеттігі 2023 жылғы 27 сәуірден бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2023 жылғы 27 сәуірдегі № 15/23 хаттамасы).

2. «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Әділ Бектасұлы Мұхамеджановтың өкілеттігі 2023 жылғы 03 желтоқсаннан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды («KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар Кеңесінің құрамынан шығу туралы хабарлама, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2024 жылғы 01 ақпандағы № 06/24 хаттамасы).

3. «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Дамир Серкпайұлы Сүйентаевтың өкілеттігі 2023 жылғы 14

қарашадан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2023 жылғы 14 қарашадағы № 43/23 хаттамасы).

4. «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Майкл Вайнштейннің өкілеттігі 2023 жылғы 10 ақпаннан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2023 жылғы 11 қаңтардағы № 01/23 хаттамасы).

5. Қоғамның Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес Әлімұхамбетов Нұржан Ержанұлы 2023 жылғы 14 қарашадан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2023 жылғы 14 қарашадағы № 43/23 хаттамасы).

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



### Қалиғазин Аслан Ермекұлы

**Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы**

**Туған күні:** 31 қаңтар 1982 ж.

**Жұмыс орны:** «KazakhExport» компаниясы

**Білімі:**

- 2003 жылы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің заң факультетін бітірген.
- 2005 ж. – Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институтының (ҚМЭБИ) магистратурасы.

**Жұмыс тәжірибесі:**

- 2022 жылғы 27 сәуірден бастап – «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ Басқарма төрағасы;
- 2021 жылғы тамыздан 2022 жылғы наурызға дейін – «BV Management» ЖШС бас директоры;
- 2018 жылғы қазаннан 2021 жылғы тамызға дейін – «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

### Самақова Айткүл Байғазықызы

**Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;  
Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитетінің төрағасы;  
Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі;  
Аудит комитетінің мүшесі.**

**Туған күні:** 02 ақпан 1949 ж

**Білімі:**

- 1967 жылы Алматы политехникалық техникумын химик-технолог мамандығы бойынша бітірді;
- 1973 жылы Жамбыл технологиялық институтын инженер-экономист мамандығы бойынша бітірді;
- 1985 жылы Алматы жоғары партия мектебін саясаттанушы мамандығы бойынша бітірді;
- 1999 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін заңгер мамандығы бойынша бітірген.

**Жұмыс тәжірибесі:**

- IV сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (2007 жылғы 27 тамыздан бастап), Экология және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі комитеттің мүшесі; Парламент Мәжілісі жанындағы «Нұр Отан» ХДП әлеуметтік кеңесінің төрағасы;
- 2012 жылдан 2016 жылға дейін – V шақырылым депутаты, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Экология және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі комитетінің мүшесі;
- 2016 жылдан бастап – «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.





## Дильдяев Ярослав Григорьевич

**Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;  
Стратегиялық жоспарлау комитетінің төрағасы;  
Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитетінің мүшесі;  
Директорлар кеңесінің Аудит комитетінің мүшесі.**

**Туған күні:** 19 наурыз 1969 ж  
**Жұмыс орны:** «KazakhExport»

### Білімі:

- 1994 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін заңгер мамандығы бойынша бітірген;
- 2013 жылы Мәскеу мемлекеттік индустриалды университетін магистр дәрежесімен бітірді.

### Жұмыс тәжірибесі:

- 2012 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – Директорлар кеңесінің мүшесі, «Axiomanx Reinsurance brokers Limited» шаруашылық қоғамы;
- 2004 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – Директорлар кеңесінің төрағасы, «Аксиом ИнРе сақтандыру брокері» ЖШҚ операциялық директоры.

## Әлімұхамбетов Нұржан Ержанұлы

**Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор,  
Аудит комитетінің төрағасы,  
Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі**

**Туған күні:** 7 қараша 1959 ж  
**Білімі:**

- 1983 жылы Қазақ дене шынықтыру институтын дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша бітірген (үздік);
- 1991 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының аспирантурасын педагогика әдіснамасы мамандығы бойынша бітірген («Совмин» сыйлығының стипендиаты);
- 1998 жылы Алматы менеджмент мектебін бітірген. Біліктілігі - экономика және менеджмент. Корпоративтік басқару, MBA дәрежесі.

### Жұмыс тәжірибесі:

- 1985-1988 жылдары - Өскемен құрылыс-жол институты шет тілдері кафедрасының ассистенті;
- 1992-1998 жылдары - Сыртқы экономикалық байланыстар жөніндегі директор, «Халықаралық Д.А.Қонаев қоры» ҚҚ бас директоры;
- 1998 - 2009 жылдары – «Қазақстан Халық банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ вице-президенті, Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма төрағасының бірінші орынбасары, Басқарма төрағасының орынбасары;
- 2009 жыл – «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ Кеңесі төрағасының кеңесшісі;
- 2009-2013 жылдары – «Мемлекеттік аннуитеттік компания» Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы;
- 2013-2018 жылдары – «Trust Insurance» сақтандыру компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі;
- 2013-2018 жылдары – «Kompetenz» сақтандыру компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің кеңесшісі;
- 2017-2019 жылдары – тәуелсіз директор – Назарбаев Университетінің УМС «Ұлттық онкология және трансплантология ғылыми орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;
- 2018-2019 жылдары – тәуелсіз директор – «ҚазАгрогарант» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;
- 2017-2021 жылдары – тәуелсіз директор, «ҚДБ – Лизинг» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі («Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ);



- 2020 жылғы 16 наурыздан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Sinoasia B&R» СК» АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі (Синозия БиЭндАр);
- 2022 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «QazExproCongress» ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры;
- 2022 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – Директорлар кеңесінің төрағасы – «Базель» сақтандыру компаниясы» АҚ тәуелсіз директоры

## Директорлар кеңесінің қызметі

Директорлар кеңесінің қызметі кәсібилік, парасаттылық, адалдық пен объективтілік қағидаттарына, Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау қағидатына негізделген. 2023 жыл ішінде «KazakhExport» компаниясының Директорлар кеңесі 22 отырыс өткізді: 15 күндізгі және 7 – сырттай отырыс. 141 мәселе қаралды.

Мәселелерді жан-жақты қарау үшін материалдар, түсіндірме жазбалар «KazakhExport» компаниясының Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелеріне «KazakhExport» Директорлар кеңесі туралы ережеде белгіленген мерзімде Директорлар кеңесінің отырысы өтетін күнге дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын жолданды.

## «KazakhExport» компаниясының Директорлар кеңесінде қаралған мәселелердің құрылымы

2023 жылы «KazakhExport» компаниясының Директорлар кеңесінің отырыстарында 141 мәселе қаралды.

Атап айтқанда, Директорлар кеңесі келесі мәселелерді қарады:



## Директорлар кеңесінің комитеттері

Директорлар кеңесіне жан-жақты негізделген ұсынымдар әзірлеу арқылы «KazakhExport» компаниясының дамуын басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында «KazakhExport» компаниясында келесі консультативтік-кеңесші органдар құрылды және жұмыс істейді:

- 1 «KazakhExport» компаниясы Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті;
- 2 «KazakhExport» компаниясы Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті;
- 3 «KazakhExport» компаниясы Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитеті.

Комитеттер әзірлеген барлық ұсыныстар «KazakhExport» компаниясы Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылатын ұсынымдар болып табылады.

### «KazakhExport» компаниясы Директорлар кеңесі Комитеттерінің 2023 жылғы 31 желтоқсандағы құрамы

#### Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті

Төрағасы, мүшелері, сарапшылары	Аты-жөні	Лауазымы
<b>Комитет төрағасы</b>	Әлімұхамбетов Нұржан Ержанұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
<b>Комитет мүшесі</b>	Самақова Айткүл Байғазықызы	Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор

#### Комитет по кадрам, вознаграждениям и социальным вопросам Совета директоров

Төрағасы, мүшелері, сарапшылары	Аты-жөні	Лауазымы
<b>Комитет төрағасы</b>	Самақова Айткүл Байғазықызы	Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
<b>Комитет мүшесі</b>	Дильдяев Ярослав Григорьевич	Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор

#### Комитет по стратегическому планированию Совета директоров

Төрағасы, мүшелері, сарапшылары	Аты-жөні	Лауазымы
<b>Комитет төрағасы</b>	Дильдяев Ярослав Григорьевич	Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
<b>Комитет мүшесі</b>	Әлімұхамбетов Нұржан Ержанұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор

### «KazakhExport» компаниясы Директорлар кеңесі комитеттерінің хатшысы «KazakhExport» Корпоративтік хатшысы А.Р. Оралбаева

2023 жыл ішінде Компанияның Директорлар кеңесінің комитеттері «KazakhExport» компаниясында жеке және бейнеконференция байланыс арқылы отырыстар өткізді:

#### 2023 жыл ішінде «KazakhExport» Директорлар кеңесінің комитеттері 169 мәселені қарады, оның ішінде:

- Аудит жөніндегі комитет – 123 мәселе (73%);
- Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет – 37 сұрақ (22%);
- Стратегиялық жоспарлау комитеті – 9 мәселе (5 %).

«KazakhExport» Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағасы мен мүшелеріне «KazakhExport» Директорлар кеңесі комитеттері туралы ережелерде белгіленген мерзімдерде Комитет отырысы өткізілетін күнге дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын мәселелерді жан-жақты қарау үшін материалдар, түсіндірме жазбалар жіберілді.

## БАСҚАРМА

Басқарма компанияның ағымдағы қызметіне басшылық жасайды және Даму жоспарының және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер қабылдаған шешімдердің орындалуына жауап береді. Басқарманың қызметі Компанияның Басқармасы туралы ережемен реттеледі.

2023 жыл ішінде **Басқарманың 97 күндізгі отырысы** өткізіліп, **462 мәселе** қаралды.

#### 2023 жылы «KazakhExport» Басқарма мүшесіне келесі тұлғалар кірді:

Аты-жөні	Лауазымы	Басқарма құрамына кіру күні
Қалиғазин Аслан Ермеқұлы	"KazakhExport" Басқарма төрағасы	27.04.2022 ж. (Жалғыз акционердің 2022 жылғы 26 сәуірдегі №19/22 шешімі)02.10.2014 ж.
Бекхожин Ержан Ерланұлы	Басқарма төрағасының орынбасары	(Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 30 қыркүйектегі 83 шешімі) Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 17 қарашадағы шешіміне (№16 хаттама) сәйкес өкілеттіктер мерзімінен бұрын тоқтатылды
Жақсыбаев Рауан Өмірбекұлы	Басқарма төрағасының орынбасары	12.07.2016 ж. (Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 12 шілдедегі №104 шешімі)
Бектібаева Аян Ерспайқызы	Басқарма төрағасының орынбасары	30.03.2021 ж. (Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 30 наурыздағы №2 шешімі)
Мұқажанов Қуаныш Амангелдіұлы	Басқарма төрағасының орынбасары	30.10.2021 ж. (Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 29 қыркүйектегі №9 шешімі)

## БАСҚАРМАНЫҢ ҚҰРАМЫ



### Қалиғазин Аслан Ермекұлы

«KazakhExport» Басқарма төрағасы

Туған күні: 31 қаңтар 1982 ж.  
Жұмыс орны: KazakhExport

#### Білімі:

- 2003 жылы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің заң факультетін бітірген.
- 2005 ж. – Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институтының (ҚМЭБИ) магистратурасы.

#### Жұмыс тәжірибесі:

- 2022 жылғы 27 сәуірден бастап – «KazakhExport» Басқарма төрағасы;
- 2021 жылғы тамыздан 2022 жылғы наурызға дейін – «BV Management» ЖШС бас директоры;
- 2018 жылғы қазаннан 2021 жылғы тамызға дейін – «KazakhExport» Басқарма төрағасының орынбасары.

### Бектібаева Аян Ерспайқызы

Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі.

Туған күні: 18 қаңтар 1983 ж.

#### Білімі:

- 2003 жылы Мемлекеттік қаржы институтын экономист біліктілігімен бітірді.

#### Жұмыс тәжірибесі:

- 2021 жылғы сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін – «KazakhExport» Басқарма төрағасының орынбасары;
- 2018 жылдан 2021 жылға дейін – «KazakhExport» Басқарушы директоры.



### Жақсыбаев Рауан Өмірбекұлы

Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі.

Туған күні: 22 қыркүйек 1981 ж.

#### Білімі:

- 2002 жылы Мемлекеттік қаржы институтын экономист-қаржыгер біліктілігімен бітірді;
- 2004 жылы Қазақ гуманитарлық-заң университетін заңгер мамандығы бойынша бітірген.

#### Жұмыс тәжірибесі:

- 2021 жылғы сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін – «KazakhExport» Басқарма төрағасының орынбасары;
- 2021 жылғы қаңтардан 2023 жылғы мамырға дейін – «Еуразиялық қаржы компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры;
- 2016 жылдан 2021 жылға дейін – «KazakhExport» Басқарушы директоры, Басқарма мүшесі.



### Мұқажанов Қуаныш Амангелдіұлы

Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі.

Туған күні: 26 қараша 1980 ж.

#### Білімі:

- 2002 жылы Қазақ ұлттық аграрлық университетін академиялық дәрежемен бітірді: Халықаралық экономикалық қатынастар бакалавры;
- 2004 жылы Вайнштефан-Трисдорф университетін (Германия) «іскери әкімшілік магистрі» академиялық дәрежесімен бітірді.

#### Жұмыс тәжірибесі:

- 2021 жылғы қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «KazakhExport» Басқарма төрағасының орынбасары;
- 2021 жылғы 12 шілдеден 30 қыркүйекке дейін – «KazakhExport» Басқарушы директоры;
- 2016 жылдан 2021 жылға дейін – «KazakhExport» ЭСК» АҚ Сақтандыру департаментінің директоры.



### Бекхожин Ержан Ерланұлы

Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі.

Туған күні: 23 мамыр 1982 ж.

#### Білімі:

- 2006 жылы Монаш университетін (Мельбурн, Австралия) бизнес және информатика бакалавры дәрежесімен бітірді.

#### Жұмыс тәжірибесі:


- 2014 жылдан 2023 жылға дейін – «KazakhExport» Басқарма төрағасының орынбасары;

#### Кәсіби біліктілігі:

- 2021, қаржылық тәуекел менеджері – Тәуекелдерді басқарудың жаһандық кәсіпқойлар қауымдастығымен сертификатталған.

## «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының ұйымдық құрылымы

Штат саны  
98 бірлік.



«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 21 желтоқсандағы

№ 19 шешімімен бекітілген «KazakhExport» ЭСК» АҚ ұйымдық-функционалдық құрылымы туралы Ережеге №5 өзгерістер мен толықтыруларға қосымша

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 13 маусымдағы шешімімен бекітілген (№8 хаттама) «KazakhExport» ЭСК» АҚ ұйымдық-функционалдық құрылымы туралы Ережесіне 13-қосымша

GRI 102-18

## ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

«KazakhExport» компаниясындағы Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) «KazakhExport» компаниясының жалғыз акционері «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның мүдделері мен құқықтарын қорғау, корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестерінің тиімділігін бағалау мен арттыруға жүйелі және дәйекті көзқарас есебінен стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге қолдау көрсету мақсатында құрылған. «KazakhExport» ІАҚ өз қызметінде Халықаралық ішкі аудиторлар институты қабылдаған ішкі аудиттің барлық қолданыстағы халықаралық кәсіби стандарттарын және Ішкі аудиторлардың этика кодексін ескереді және ішкі аудит бойынша бекітілген ішкі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

Қоғамда Ішкі аудит қызметі ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес келеді, яғни ішкі аудит функциялары ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару функцияларына бөлек. Ішкі аудит аудиторлардың объективтілігін және ІАҚ тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы функционалдық және әкімшілік бағыну және есеп беру режимінде болады. Осы есептілік аясында «KazakhExport» KazakhExport басқару органдары ішкі бақылау, корпоративтік басқару және тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімділік деңгейі туралы сенімді және өзекті ақпаратпен қамтамасыз етілген.

Тағайындалған құзыреттерге сәйкес «KazakhExport» Директорлар кеңесі Аудит салаларының тәуекелге бағытталған картасын, Аудиттің жылдық жоспарын, ІАҚ және оның қызметкерлері қызметінің негізгі көрсеткіштерін бекітеді.

ІАҚ қызметі туралы есеп тоқсан сайын Аудит жөніндегі комитетке және «KazakhExport» Директорлар кеңесіне ұсынылады.

Ішкі аудит қызметінің 2023 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарына сәйкес 9 аудиторлық тапсырма, оның ішінде сыртқы аудитті тарта отырып, ақпараттық қауіпсіздік және ақпараттық технологиялар аудиті – «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС көзделді және толық көлемде орындалды.

ІАҚ сондай-ақ болашаққа бағдарланған ұсынымдар беру және консультациялар өткізу мақсатында консультациялық тапсырмаларды жүзеге асырады.

ІАҚ мерзімді негізде ІАҚ және сыртқы аудиторлар ұсынымдарының орындалуына мониторинг жүргізеді.

ІАҚ қызметкерлері біліктіліктерін арттыру және жетілдіру мақсатында, оның ішінде кәсіби сертификат алу үшін тұрақты оқытылады.

Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 01 желтоқсандағы шешімімен ІАҚ өкілеттігінің жаңа мерзімі 2024 жылғы 15 ақпаннан бастап үш жыл болып белгіленді.

## КОРПОРАТИВТІК ДАУЛАР МЕН МҮДДЕЛЕР ДАУЫН РЕТТЕУ

«KazakhExport» компаниясында Корпоративтік даулар мен мүдделер дауын реттеу жөніндегі саясат бекітілді, ол корпоративтік даулар мен мүдделер дауы тәуекелдерінің туындауын және іске асырылуын болдырмауға бағытталған шаралар тізбесін айқындайды.

Аталған саясатпен Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің соңғысы мен оның Жалғыз акционерінің мүддесі үшін әрекет ету міндеті нақты бекітілген, сондай-ақ олардың жауапкершілігі айқындалған.

### Дауларды болдырмау мақсатында «KazakhExport» лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері:

- 1 Қолданыстағы заңнамада және ішкі құжаттарда белгіленген тәртіппен Компанияның тиісті басқару органдарының қарауынсыз және келісімінсіз ірі мәмілелер мен мүдделі мәмілелерді жасамауға;
- 2 Компанияны заңсыз қызметке қатысу мүмкіндігіне жол бермеу;
- 3 Корпоративтік даулар мен мүдделер дауын реттеу жөніндегі саясатпен танысқанын және оны сақтауға міндеттенетінін жазбаша растауға міндетті.
- 4 Жалғыз акционерге дау туындауы мүмкін мәселелер бойынша толық ақпараттың уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етуге;
- 5 Қазақстан Республикасы заңнамасының, «KazakhExport» Жарғысының және ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға;
- 6 Дауларға әкелуі мүмкін әрекеттер жасаудан және шешімдер қабылдаудан аулақ болуға;
- 7 Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Компанияның қызметі туралы ақпаратты ашуға;

«KazakhExport» 2023 жылы корпоративтік даулар мен мүдделер дауы болмағанын, сондай-ақ Жалғыз акционерден Компанияның және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне өтініштер түспегенін растайды.

## КОМПЛАЕНС ТӘУЕКЕЛІН БАСҚАРУ

Комплаенс-тәуекелін басқару – ішкі бақылау жүйесі функциясының құрамдас бөлігі. Оның мақсаты Компания қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы ережелерінің, сақтандыру нарығында қызмет көрсету және операциялар жүргізу тәртібін регламенттейтін ішкі құжаттардың сақталуын бақылау арқылы «KazakhExport» компаниясының, оның әріптестері мен клиенттерінің мүдделерін қорғау болып табылады.

Комплаенс-тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесі және оны тиісті жағдайда ұстау басшылыққа «KazakhExport» даму мақсаттарын толық іске асырудың барлық елеулі тәуекелдерін уақтылы анықтауға мүмкіндік береді.

Компанияның барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлері өз құзыреті мен жауапкершілігі шегінде комплаенс-тәуекелдерді басқару жүйесінің қатысушылары болып табылады және бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайды.

Комплаенс-тәуекелдерді басқарудың негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасы заңнамасының, уәкілетті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің, корпоративтік құжаттар мен рәсімдердің, сондай-ақ «KazakhExport» қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасының талаптарын сақтамау салдарынан «KazakhExport» компаниясында қаржылық шығындардың туындауы, оның іскерлік беделіне нұқсан келтіру, оған заңдық санкциялар қолдану сияқты комплаенс-тәуекелдерді барынша азайту және/немесе қолайлы деңгейде ұстап тұру.

Комплаенс-тәуекелді тиімді басқару мақсатында «KazakhExport» Директорлар кеңесі жыл сайын Комплаенс бағдарламасын бекітеді және тоқсан сайын Комплаенс қызметінің өз жұмысы және осы бағдарламаның орындалуы туралы есебін қарайды.

2023 жылы Комплаенс қызмет Комплаенс бағдарламасында көзделген және «KazakhExport» қызметінде комплаенс тәуекелінің туындауын барынша азайтуға бағытталған барлық іс-шараларды жүзеге асырды.

Атап айтқанда, Комплаенс-қызмет Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын орындау мақсатында Компания клиенттермен жүргізетін операциялар бойынша қаржылық мониторинг функцияларын жүзеге асырады.

Есепті жылдың қорытындысы бойынша «KazakhExport» сақтандыру өнімдері желісінің қылмыстық жолмен алынған кірістерді

заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелінің жоғары деңгейіне ұшырауына жол берілмеді.

Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган тұрақты түрде жасайтын терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға, жаппай қырып-жоютын қаруды таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбелеріне енгізілген клиенттермен іскерлік қатынастар орнату жағдайларының алдын алу мақсатында тұрақты негізде мониторинг және бақылау жүргізілді.

Әлемнің әртүрлі мемлекеттері арасындағы санкциялар мен сауда-экономикалық соғыстардың күшеюімен қатар келген, әлемдегі күрделі геосаяси жағдайдың сақталуына байланысты 2023 жылы «KazakhExport» шетел мемлекеттерінің өзіне қатысты қарсы қайталама санкциялардың қолдануына жол бермеу үшін күшейтілген бақылау шараларын қабылдады.

Компанияның жекелеген жеке және заңды тұлғаларға, сондай-ақ мемлекеттерге қарсы енгізілетін санкциялық шараларды бұзу жағдайларының алдын алуға, халықаралық бірлестіктер мен шет мемлекеттер салған санкциялардың жекелеген түрлерін айналып өтуге қолдау көрсетуге ерекше назар аударылды.

Есепті жыл бойы уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан «KazakhExport» және оның лауазымды тұлғаларына қатысты санкциялар мен әкімшілік жазалар қолданылмады.

Компания сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ретінде оның қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторлардың басталуына жол бермеді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша «KazakhExport» Директорлар кеңесі комплаенс-тәуекелді басқару деңгейінің тиімділігін қанағаттанарлық деп таныды.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖӘНЕ АЛАЯҚТЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

GRI 103-2, 205-1, 205-3

«KazakhExport» сыбайлас жемқорлыққа және олардың кез келген көріністеріндегі алаяқтыққа нәлдік төзімділік саясатын ұстанады, ол үшін барлық мүдделі тараптармен және уәкілетті мемлекеттік органдармен белсенді өзара іс-қимыл жасауға тырысады.

Компания өзінің күнделікті қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету және алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

Қоғам әдеп нормаларды сақтау және сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша ішкі рәсімдерді реттейді және жүзеге асырады.

**Бұл рәсімдер Қоғамның Жалғыз акционерінің, Директорлар кеңесінің және Басқармасының шешімдерімен бекітілген келесі корпоративтік нормативтік құжаттарда көрсетілген:**

- Корпоративтік басқару кодексі;
- Іскерлік этика кодексі;
- Мүдделер даулары мен корпоративтік дауларды реттеу саясаты;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат;
- Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі қағида.

**Жоғарыда аталған корпоративтік нормативтік құжаттар Тұрақты даму саясатының принциптерін ескереді.**

**Комплаенс қызметі сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы жүйені ұйымдастыруға және оның жұмыс істеуіне жауапты бөлімше ретінде 2023 жылы сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық тәуекелдерін азайтуға бағытталған комплаенс бағдарламасында көзделген келесі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етті:**

- дайындалған жобаларға, ішкі нормативтік құжаттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу;
- клиенттермен және контрагенттермен іскерлік қатынастар орнату кезінде, оның ішінде автоматтандырылған ақпараттық-анықтамалық сервистерді қолдана отырып, олардың сенімділігіне тексеру жүргізу;
- «KazakhExport» лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтауы;
- сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды квазимемлекеттік ұйымдарға жұмысқа қабылдау туралы заңнамалық тыйымның сақталуын бақылау;
- «KazakhExport» лауазымды тұлғалары мен олардың жұбайларының халықтың табыстарын жалпыға бірдей декларациялау саясатын іске асыру шеңберінде активтер мен міндеттемелер туралы және кірістер мен мүлік туралы декларацияларды уақтылы тапсыру туралы Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарын орындауын бақылау;
- «KazakhExport» қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;
- «KazakhExport» қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу.

Сондай-ақ комплаенс қызметі бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде қызметі және/немесе оның лауазымды адамдары туралы жарияланымдарға тұрақты түрде талдау жасайды.

Есепті кезеңде «KazakhExport» қызметі туралы 2 679 жуық жарияланым болды. Олардың ішінде «KazakhExport» лауазымды тұлғаларының немесе қызметкерлерінің заңсыз әрекеттері, сыбайлас жемқорлық немесе алаяқтық жағдайлары туралы жарияланымдар болған жоқ.

Компания корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына әкелуі мүмкін факторларды зерделеу және талдау бойынша шаралар қабылдайды.

«KazakhExport» компаниясында сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың алдын алу және оған қарсы тұрудың ережелерін анықтайтын, сыбайлас жемқорлық көріністері немесе алаяқтық жағдайлары туралы хабарлайтын адамдарға қорғауды және қудалаудың болмауын қамтамасыз ету кепілдіктерін айқындайтын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатты қоса алғанда, қажетті ішкі нормативтік құжаттар бар.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру шеңберінде «KazakhExport» сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық тәуекелдерін төмендетуге бағытталған алдын алу жұмыстарына үлкен көңіл бөледі.

**Осылайша, 2023 жылы ішкі қызметкерлерді оқыту бағдарламасы аясында келесі семинарлар мен тренингтер өткізілді:**

- 1 «Квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттар»
- 2 «Компанияның алаяқтық тәуекелдеріне ұшыраған бизнес-процестері»
- 3 «Компанияның ағымдағы қызметінде Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын және оның нормаларын қолдану»

**«KazakhExport» компаниясында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі шаралар туралы ақпаратты ашудың келесі механизмдері қарастырылған:**

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен алаяқтық фактілерін болғызбау немесе анықтау мақсатында «KazakhExport» қызметкерлері, клиенттері, контрагенттері және өзге де мүдделі тұлғалар сенім телефоны мен «Сенім» жедел желісінің электрондық пошта жәшігін, Комплаенс қызметі қызметкерлерінің электрондық поштасын, олардың байланыс телефондарын, сондай-ақ «KazakhExport» интернет-ресурсының бөлімінде немесе «KazakhExport» пошталық мекенжайына нысанды толтыру арқылы хабарламаны жіберуді қоса алғанда, құпиялылықты қамтамасыз ететін кез келген жалпыға қолжетімді байланыс арналары бойынша хабардар ете алады. Өзіне белгілі болған сыбайлас жемқорлық көріністері немесе алаяқтық жағдайлары туралы хабарлаған әрбір қызметкерге немесе адамға мұндай ақпараттың құпиялылығына және қандай да бір теріс салдарларының болмауына кепілдік беріледі;

Қоғам қызметкерлері немесе Қоғамға қатысты өзге де адамдар тарапынан ықтимал алаяқтық әрекеттер немесе сыбайлас жемқорлық көріністері жағдайлары туралы келіп түскен ақпарат, олардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар комплаенс қызметпен тексерілуі және адамның (адамдардың) кінәсіздігі презумпциясын негізге ала отырып, жүргізілген қызметтік тергеп-тексеру шеңберінде жіберілген бұзушылықтар дәлелдерін алғанға дейін зерделенуі тиіс. Жүргізілген қызметтік тергеп-тексерулердің нәтижелері бойынша құқықтық, ұйымдастырушылық, тәртіптік сипаттағы шаралар қабылдау туралы шешімдер айқындалады.

Қажет болған жағдайда «KazakhExport» компаниясының Комплаенс-қызметі «KazakhExport» компаниясына қатысты алаяқтық әрекеттер мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жасалған жағдайларының жолын кесуге және тергеп-тексеруге қолдау көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

«KazakhExport» компаниясы қызметкерлері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қолдау көрсеткен (көрсететін) басқа да мүдделі тұлғалардың қудалау мен кемсітушіліктен зардап шекпейтініне кепілдік береді. «KazakhExport» қызметкерлері және «KazakhExport» компаниясында сыбайлас жемқорлық көріністері немесе алаяқтық жағдайлары туралы ақпаратты хабарлайтын мүдделі тұлғаларды қорғауды және қудалаудың болмауын қамтамасыз ету кепілдіктері «KazakhExport» интернет-ресурсында ашық қолжетімділікте орналастырылған;

Қызметкерлерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында Комплаенс қызметі «KazakhExport» Адам ресурстарын басқару департаментімен бірлесіп, алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша қызметкерлерді ішкі даярлау және оқыту бағдарламасын іске асыруды жүзеге асырады;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері «KazakhExport» интернет-ресурсында барлық мүдделі тұлғаларға танысу үшін ашық қолжетімділікте орналастырылады.

## Жедел желі

«KazakhExport» компаниясында «Сенім» +7 (7172) 55-44-70 «жедел желі» телефонының арналары және «senim@kazakhexport.kz.» сенім электрондық поштасы жұмыс істейді.

Барлық мүдделі тұлғаларға Компания қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық көріністері, лауазымдық теріс пайдалану, алаяқтық жағдайлары туралы өзіне белгілі болған ақпарат туралы хабарлауға мүмкіндік беріледі.

Бұл ретте мұндай өтініштерді қарау кезінде құпиялылық пен анонимділікке кепілдік беріледі.

2023 жыл бойы Комплаенс-қызметтің электрондық пошта мекенжайларына немесе «Senim» сенім жедел желісі» арналары арқылы Комплаенс-қызметтің басшылығы мен қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық және алаяқтық белгілері бар іс-әрекеттер жасау туралы өтініштер түскен жоқ.

2023 жылдың қорытындысы бойынша «KazakhExport» және оның қызметкерлері қызметінде сыбайлас жемқорлық және корпоративтік алаяқтық фактілері расталмағанын атап өткен жөн.

Сонмен қатар «KazakhExport» пен оның лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасы заңнамасының және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер, қаржылық бақылау шаралары, мүдделер қақтығысы жағдайларын іске асыруды болдырмау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы корпоративтік мәдениетті қалыптастыру жөніндегі корпоративтік нормативтік құжаттардың талаптарын сақтау қамтамасыз етті.

## Ақпаратты ашу

«KazakhExport» өзі және өз қызметі туралы ақпаратты уақтылы және толық ашудың маңызын түсіне отырып, ішкі және сыртқы стейкхолдерлермен үздіксіз байланыстарды тұрақты негізде қолдайды. Компания туралы ақпаратты Жалғыз акционерге, инвесторларға, клиенттерге, бұқаралық ақпарат құралдарына, мемлекеттік органдарға және «KazakhExport» компаниясының басқа да мүдделі тұлғаларына ашу қағидаттары мен тәртібі Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 23 ақпандағы шешімімен (2020 жылғы 25 қарашадағы өзгерістермен және толықтырулармен) бекітілген «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ-ның ақпаратты ашу саясатында көрсетілген.

### «KazakhExport» туралы ақпаратты ашудың негізгі қағидаттары:

- ◆ ақпаратты ашудың жүйелілігі мен уақтылығы;
- ◆ ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі;
- ◆ ақпарат мазмұнының нақтылығы мен толықтығы;
- ◆ ақпаратты ашудың жеделдігі;
- ◆ тепе-теңдік.



Саясатты іске асыру шеңберінде жыл сайын медиа-жоспарлар әзірленеді, оларға сәйкес Компания қызметін ақпараттық жариялау үшін PR – іс-шаралар жүргізіліп, корпоративтік интернет-ресурсты жаңарту бойынша жедел жұмыс жүргізіледі.

### 2023 жылы «KazakhExport» келесі ақпараттық іс шараларды іске асырды:

- ◆ 222 бұқаралық ақпарат құралдарында 120 материал жарияланды;
- ◆ Компанияның әлеуметтік желілерінде 494 материал жарияланды;
- ◆ 100-ден астам пресс-релиздер мен ақпараттық хабарламалар дайындалды және жарияланды;

- ◆ телеарнала эфирінде 10-нан астам бейнесюжеттер мен арнайы репортаждар шықты;
- ◆ БАҚ пен әлеуметтік желілерде «KazakhExport» туралы 2679 жарияланым жарияланды;
- ◆ БАҚ-та Компания басшылығымен 10 кездесу ұйымдастырылып, өткізілді;
- ◆ БАҚ-тан келіп түскен сауалдарға 15-тен астам жауап дайындалды;
- ◆ Компания қызметкерлерінің қатысуымен әлеуметтік желілерде орналастырылатын қолдау құралдары туралы 10 бейнеролик әзірленді;
- ◆ Компанияның өнімдері мен қызметтері туралы бейнеролик әзірленді.

## САТЫП АЛУ ТӘЖІРИБЕСІ

GRI 103-2, 204-1

### «KazakhExport» компаниясының сатып алу рәсімдері келесі принциптерге негізделген:

- 1** сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;
- 2** сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындылығы;
- 3** әлеуетті өнім берушілерге сатып алу процесіне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;
- 4** әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік;
- 5** сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі;
- 6** сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу.

Есепті кезеңде сатып алу қызметі Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 1253 бұйрығымен бекітілген Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілері үшін сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес жүргізілді.

Компания Сатып алу қағидаттарын қамтамасыз ету мақсатында Еуразиялық электрондық порталдың «eep.mitwork.kz» электрондық сатып алу интернет-алаңын пайдалануды жалғастыруда, мұнда кез келген әлеуетті өнім беруші баға ұсыныстарын және ашық тендер/аукцион арқылы сұрау тәсілімен өтінімдерді тіркеп, сатып алуға қатысуға өтінім бере алады.

Бұл веб-портал сатып алудың электрондық шарттарын, сондай-ақ олар бойынша тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қабылдау-беру актілерін келісу және қол қою жөніндегі функционалдығын жүзеге асырады, бұл шартты орындау процесін айтарлықтай жеңілдетеді және автоматтандырады, Компанияның уақыты мен ресурсын үнемдейді.

2023 жылы Компанияның сатып алған тауарлары, жұмыстары мен көрсетілетін қызметтерінің жалпы көлемі 712,7 млн теңгені құрады (көрсетілетін қызметтер – 637, 9 млн теңге, тауарлар – 74, 8 млн теңге).

## СЫРТҚЫ АУДИТ

2023 жылы қаржылық есептіліктің сыртқы аудиті бойынша жұмысты «PricewaterhouseCoopers» ЖШС (ПрайсуотерхаусКуперс) жүргізді. Сыртқы аудитормен шарт 2023-2024 жылдар аралығына жасалған.

Сыртқы аудитті ұйымдастыру және өткізу жөніндегі саясатқа сәйкес, сыртқы аудитор әрбір бес жыл сайын жоба бойынша әріптесін ротациялау принципін ұстануы тиіс.

Егер алдыңғы жылы сыртқы аудитті жүзеге асырған сыртқы аудитор таңдалса, мұндай аудитор жоба әріптесі үшін сабақтастық жоспарын дайындайды, ол «KazakhExport» Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің қарауына ұсынылады. Жоба бойынша әріптестің сабақтастық жоспарын дайындау бұрынғыдан басқа сыртқы аудиторды таңдаған жағдайда талап етілмейді.

Әдеп кодексін сәйкес, аудиторлық емес қаржылық есептіліктің бірқатар аудиторлық

емес қызметтерін көрсету Сыртқы аудитордың тәуелсіздігіне әсер ететін мүдделер дауына әкелуі мүмкін.

Қаржылық есептілік аудитін, салықтар бойынша аудитті, арнайы мақсаттағы аудитті жүзеге асыратын сыртқы аудитордың пікірінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «KazakhExport» компаниясына осы аудитордың бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау жөніндегі көрсетілетін қызметтерін сатып алуға және/немесе алуға тыйым салынады.

«KazakhExport» көрсетілетін қызметтерін алу кезінде сыртқы аудитор тәуелсіздігіне қауіп төнетінін анықтау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасын және «KazakhExport» ішкі нормативтік құжаттарын, оның ішінде Сыртқы аудитті ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі саясатты басшылыққа алады.

индикаторлары, іске асырылған тәуекелдер базасы, тәуекелдер картасы сияқты құралдар пайдаланылады.

Анықталған тәуекелдерді жүйелеу үшін «KazakhExport» компаниясында тоқсан сайын жаңартылатын тәуекелдер тізілімі мен тәуекелдер картасын пайдаланылады. Тәуекелдерді сәйкестендіру тәуекелдер мен олардың негізгі сипаттамаларына шолу жасау, тәуекелдердің бір-бірімен байланысын анықтау, тәуекелдер деңгейін саралау, тәуекелдер мен оларды басқару әдістері туралы ақпараттандыруды арттыру, сондай-ақ ең маңызды тәуекелдерге назар аудару арқылы алдағы мақсаттарға жету сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, «KazakhExport» қызметіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдің ұлғаюы және/немесе ықтимал оқиға туралы ерте сигналдарды болдырмау үшін тәуекелдердің негізгі көрсеткіштері (бұдан әрі – ТНК) пайдаланылады. ТНК өзінің шекті мәнінен асып кеткен кезде тәуекелдер деңгейін олардың қолайлы мәніне дейін келтіру мақсатында тәуекелге ден қою шаралары қабылданады.

GRI 102-11

## ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Тәуекелдерді басқару жүйесі «KazakhExport» қызметінің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады және барлық елеулі тәуекелдерді анықтауға, бағалауға және мониторингілеуге, сондай-ақ қаржылық тұрақтылық пен беделге теріс әсер етуі мүмкін олардың деңгейін төмендету жөнінде шаралар қабылдауға бағытталған. Тәуекелдерді басқару жүйесі ішкі капиталдың жеткіліктілігін бағалау процесіне негізделген. Тәуекелдің әрбір түрі бойынша «KazakhExport» деңгейінде ішкі капиталды есептеу және оны барлық тәуекелдерді жабуға арналған Компанияның қолда бар қаржы ресурстарымен салыстыру үшін оны одан әрі біріктіру мақсатында оның сандық түрде анықталады. Ішкі капитал қалыпты және стресстік жағдайларда есептелетін тәуекелдердің несиелік тәуекел, валюталық және пайыздық тәуекел, операциялық тәуекел, бизнес-процестер, тәуекелдер мен бақылаулар матрицасы, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары, тәуекелдердің негізгі

«KazakhExport» тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберінде, тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіру және тұрақты мониторингілеу мақсатында тәуекелдер тізілімі, бизнес-процестер, тәуекелдер мен бақылаулар матрицасы, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары, тәуекелдердің негізгі

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын, Холдингті реттеу және дамыту агенттігінің талаптарына және корпоративтік басқарудың озық тәжірибесіне сәйкес «KazakhExport» Басқармасына және Директорлар кеңесіне тәуекелдер туралы есеп тұрақты негізде ұсынылады.

Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділік (жетілу) деңгейі «жетілген» деп жіктеледі. ТБЖ негізгі элементтері «үздік тәжірибеге» сәйкес келеді және ТБЖ айтарлықтай тиімді.

KazakhExport ішкі бақылау жүйесі (бұдан әрі – ІБЖ) – «KazakhExport» қаржылық-шаруашылық қызметіне тиімді ішкі бақылауды қамтамасыз ету үшін «KazakhExport» Директорлар кеңесі мен Басқармасы құрған ұйымдастырушылық саясаттардың, рәсімдердің, мінез-құлық нормаларының, әрекеттерінің, ішкі бақылау әдістері мен механизмдерінің жиынтығы.

«KazakhExport» компаниясындағы ішкі бақылау операциялық қызметті, қаржылық және басқарушылық есептілікті дайындауды, нормативтік және заң талаптарын сақтауды қоса алғанда, қызметтің үш негізгі бағыты бойынша тәуекелдердің алдын алуға бағытталған. «KazakhExport» ІБЖ бақылау ортасы, тәуекелді бағалау, бақылау рәсімдері, ақпарат және оны беру және мониторинг сияқты өзара тәуелді бес құрамдас бөліктен тұрады.

## Клиенттер мен контрагенттердің тәуекелдерін бағалау

Компанияның контрагенттері мен клиенттеріне тән тәуекелдерді бағалау үшін банк және сақтандыру секторларының халықаралық тәжірибесіне негізделген ішкі әдістермен көзделген рәсімдер қолданылады.

Қоғам мамандандырылған әдістемелерге негізделген скорингтік модельдер түріндегі өзіндік әзірлемелерді пайдаланады. Осылайша, 2017 жылдан бастап экспорттық кредиттің, халықаралық факторингтің және экспорттаушының қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің сақтандыру тәуекелдерін бағалау үшін скоринг қолданылады және оң көрсеткіштермен расталады.

Әлемдегі жоғары турбуленттілікті ескере отырып, өткен жылы Қоғам ел тәуекелдерін бағалауда өзінің құзыреттілігін белсенді түрде

Жұмыс істемейтін бақылау рәсімдерін анықтау тұрғысынан және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру және қызметкерлерді ІЖК маңызы туралы хабардар ету мақсатында ішкі бизнес-процестердің тәуекел-аудиттері тұрақты негізде жүргізіледі.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің сәйкестігін бағалау қорытындылары бойынша «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы №198 қаулысының талаптарына сәйкес тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелеріне қойылатын талаптарға сәйкестіктің жалпы бағасы 94% құрады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде, пруденциалдық нормативтерде көзделген есептілік түрлерін қалыптастыру және ұсыну мерзімдерін бұзу жағдайлары, басқа да міндетті шектеулер тіркелген жоқ.

дамытты – осылайша елдік санаттарды бағалаудың өзіндік нормативтік базасы әзірленді және қабылданды (әлеуметтік-саяси шиеленістерді, елдердің экономикалық көрсеткіштерін және т.б. талдау негізінде).

Қаржылық тұрақтылықты бақылау мақсатында Қоғам сақтандыру тәуекелдерін Қазақстан Республикасының резидент және резиденті емес сақтандыру ұйымдарына және бейрезиденттеріне қайта сақтандыруға беруді жүзеге асырады. Бүгінде Қоғам халықаралық «А» рейтингісінен төмен емес халықаралық қайта сақтандыру ұйымдарымен облигациялық және факультативтік шарттар жасады.

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТЕПЕ-ТЕҢДІК

## ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІ

GRI 103-2, 302-3,  
303-2, 305-5, 305-7,  
306-2, 307-1

Қоғамның Тұрақты даму саясатын іске асыру жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған іс-шаралардың жаңа жоспарында Қоғамның қоршаған ортаға әсері жөніндегі бірқатар іс-шаралар көзделген:

- ◆ экологиялық менеджмент жүйесін енгізу мүмкіндігін қарастыру;
- ◆ кредит беру жөніндегі өз қызметінде және қаржылық делдалдықтың басқа да операцияларында климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдер (өтпелі тәуекелдер және физикалық тәуекелдер) туралы ақпаратты ашу мүмкіндігін қарастыру;
- ◆ біздің еліміздегі ең қарқынды парниктік газдар шығарындыларын шығаратын секторлар сияқты ең маңызды әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін басым бағыттарды көрсете отырып, ұсынылған іс-шаралар мен климатқа қатысты салалық саясатты көздейтін климаттық стратегияны әзірлеу мүмкіндігін қарастыру;
- ◆ климаттық тәуекелдерді бағалауды және салдарларды азайту жөніндегі тиісті іс-шараларды жүргізу мүмкіндігін қарастыру. Бұл ақпаратты ашу TCFD сияқты қолданыстағы есеп беру жүйелеріне сәйкес келуі мүмкін;
- ◆ Score 1, Score 2 және Score 3 есептерін әзірлеуді қарастыру және халықаралық стандарттарға сәйкес парниктік газдар шығарындылары туралы мәліметтерді жариялау.

Score 1, Score 2 және Score 3 немесе қарапайым тілмен айтқанда I, II және III санаттағы шығарындылар, бұл әлемдегі көптеген компаниялардың парниктік газдар шығарындыларын азайтуға қалай ұмтылатындығы туралы.

Шығарындыларды азайту шараларын қабылдау үшін бізге ең алдымен олардың қайдан келетінін түсініп, олардың өлшемін алу керек.

Бұл үш бағыт Компанияның өз қызметінде және өзінің кеңірек «құнын жасау тізбегінде» (өз өнім берушілері мен тұтынушылары) шығаратын шығарындылардың әртүрлі түрлерін жіктеу әдісін білдіреді. Парниктік газ туралы хаттама (Greenhouse Gas Protocol) – көмірқышқыл газының шығарындыларын есепке алудың әлемдік стандарты. Бұл әлемдегі ең көп қолданылатын парниктік газдарды есепке алу стандарты болып табылатын «World Resources Institute» және «World Business Council for Sustainable Development» бірлескен жобасы.

I, II және III санаттағы шығарындылардан тұратын шығарындылардың толық тізілімін (парниктік газдар) әзірлеу компанияларға құн тізбегіндегі бүкіл шығарындылар тізбегін түсінуге және өз күш-жігерін оларды азайтудың барынша мүмкіндіктеріне бағыттауға мүмкіндік береді.

**I санаттағы шығарындылар – бұл Компанияға тиесілі немесе бақыланатын тікелей шығарындылар, ал II және III санаттағы жанама шығарындылар Компания қызметінің салдары болып табылады, бірақ оған тиесілі емес және бақыланбайтын көздерден келеді.**

#### I санаттағы шығарындылар (Score 1)

I аймақ ұйым иелік ететін немесе тікелей бақылайтын көздердегі шығарындыларды қамтиды, мысалы, көлік паркінде жағармай жағудан (егер олар электр жетегімен жабдықталмаған болса).

#### III санаттағы шығарындылар (Score 3)

III санат Компанияның өзі шығармайтын және оған тиесілі немесе бақыланатын активтердің нәтижесі болып табылмайтын шығарындыларды қамтиды, бірақ ол өз құнының тізбегі бойынша жанама түрде жоғары жауаптылықта, ал құнын жасау тізбегі бойынша төмен жауаптылықта болады. Бұған мысал ретінде өнім берушілердің өнімдерін сатып алу, пайдалану және кәдеге жарату жағдайларын келтіруге болады. III санаттағы шығарындылар I және II санат шекараларына кірмейтін барлық көздерді қамтиды.

#### II санаттағы шығарындылар (Score 2)

II аймақ – бұл Компания жанама түрде шығаратын және сатып алатын және пайдаланатын энергия өндіретін жерде пайда болатын шығарындылар. Мысалы, өз ғимараттарымызда пайдаланатын электр энергиясын өндіруден туындайтын шығарындылар осы санатқа жатады.

Қоғам өз қызметімен қоршаған ортаға елеулі әсер етпесе де, өзінің қандай да болмасын әсерін азайту компаниямызның стратегиялық мақсаттарының бірі болып табылады. Осыған байланысты экологиялық менеджмент жүйесін енгізу маңызды рөл атқарады, өйткені ол өзінің экологиялық аспектілерін бақылауға және басқаруға мүмкіндік бере отырып, ресурстарды тиімді пайдалануға, қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуға және компанияның имиджін арттыруға ықпал етеді. Бұл стандарт барлық секторлардағы кез-келген көлемдегі компанияларға күнделікті операцияларын тұрақты етуге көмектеседі. Тұрақтылық, сайып келгенде, ақшаны үнемдеуге, компанияның беделін арттыруға, қызметкерлерді тартуға және белгісіз жағдайларға төзімділікті арттыруға және өзгерістерге тез бейімделуге мүмкіндік береді.

Қоғам БҰҰ-ның Жаһандық шартының мүшесі бола отырып, Тұрақты даму қағидаттарын басшылыққа алады және қоршаған ортаны қорғау саласына және БҰҰ-ның келесі Тұрақты даму мақсаттарын іске асыруға үлес қосуға ұмтылады:



Қоғам компанияның бизнес-процестеріне инновациялық шешімдерді енгізуге және ресурстарды (қағаз, электр энергиясы, жылу энергиясы және су) неғұрлым тиімді тұтынуға кезең-кезеңімен көшуді көздейтін негізгі процестерді автоматтандыруға ұмтылады.

Электрондық құжат айналымына көшу кеңсе қағазын тұтынуды ғана емес, сонымен қатар құжаттарды жеке көлікпен де, курьерлік қызметпен де тасымалдауды азайту арқылы парниктік газдар шығарындылары бойынша қоршаған ортаға әсерді азайтады.

**Қоғамның қоршаған ортаны қорғау саласындағы басымдықтары Тұрақты даму саясатында және Корпоративтік басқару кодексінде бекітілген және келесілерді қамтиды:**

- ◆ ресурстарды ұтымды пайдалану;
- ◆ өзіндік әсерді азайту;
- ◆ ресурстарға ұқыпты қарау және тиімділікті арттыру;
- ◆ қалдықтарды жауапты басқару.

## РЕСУРСТАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ӨҢДЕУ

Қоғам «Бәйтерек» бизнес-орталығының заманауи және жайлы жалға берілетін орынжайында орналасқан. Бизнес-орталық қоршаған ортаны сақтау және электр энергиясын ұқыпты пайдалану мәселелеріне жауапкершілікпен қарайды. Бұл жағдайда ресурстарды үнемдеу сапаны үнемдеуге әкелмейді. Бизнес-орталықта жалға алушылардың өмір сүру сапасы мен денсаулығына ерекше назар аударылады. Бірегей қайта өңдеу және ауаны тазарту жүйесі электр қуатын тұтынуды азайтуға ғана емес, сонымен қатар жылдың кез келген уақытында таза ауамен қамтамасыз етіп қоймай, су тазалау әдісін де мұқият бақылауда ұстайды.

Бизнес орталық ғимараты энергияны, суды және жылу энергиясын үнемдеуге ықпал ететін жаңа технологияларды ескере отырып жасалған.

#### Операциялық қызметке ESG принциптерін енгізу:

- ◆ экологиялық білім беру тренингтерін өткізу;
- ◆ ішкі бизнес-процестерді автоматтандыру;
- ◆ сенбіліктер өткізу;
- ◆ «Жасыл кеңсе» тұжырымдамасын іске асыру;
- ◆ қалдықтарды бөлек жинауға арналған бокстар орнату (қағаз, пластик, батареялар және т.б.);
- ◆ электрондық визитка түрінде цифрлық девайстар енгізу;
- ◆ үгіт материалдарын орнату арқылы жүзеге асырылады.

Жыл сайын Қоғам өз күшімен Қоғам қызметкерлерін ішкі оқыту жоспарына сәйкес оқыту форматында экологиялық ағарту жұмыстарын жүргізеді.

Компанияда кабинеттерге гүл отырғызу құпталады, ол ауаның сапасына жағымды әсер етеді және бөлмені оттегімен қанықтырады, ұжымдағы эмоционалды климатты жақсартады, өнімділікті арттыруға ықпал етеді және жемісті жұмыс үшін қолайлы жағдай жасайды.

Кеңсе қағазын тұтыну есебі жүргізіледі, екіжақты басып шығару белсенді қолданылады, өйткені қағаз сақтандыру компаниялары күнделікті операциялық қызметте пайдаланатын негізгі материалдардың бірі болып табылады.

Процестерді ауқымды цифрландыру және автоматтандыру шеңберінде қағазды пайдалану көлемін едәуір қысқарту жоспарлануда, бұл қалдықтардың түзілуінің алдын алып, компания шығындарын қысқартады. Бұл бағыт экологияға әсер етіп қана қоймайды, сонымен бірге экономикалық тиімді.

Бұрын пайдаланылған кеңсе техникасын кәдеге жарату және сақтау мәселесі пысықталуда. Табиғатқа зиянды заттарды жеткізушілердің бірі өндіріс пен жұмыс қалдықтары болып келеді.

Қоғамның бизнес-үдерістерін автоматтандыру нәтижесінде көптеген кадрлық үдерістер еңбек шарттары, демалыс кестелері, демалыс беру туралы бұйрықтар, іссапарға жіберу туралы бұйрықтар, материалдық жауапты тұлғалардың шарттары және т.б. электрондық түрге көшірілді. Қызметкерлерді уәкілетті органдардың шешімдерімен таныстыру, ішкі оқыту процестері де цифрландырылды.

#### Энергия тиімділігі және суды тұтыну

	2021 жылғы тұтыну	2022 жылғы тұтыну	2023 жылғы тұтыну
Су тұтыну (суық су)	810,52 м3	1 078,82 м3	1 243,1 м3
Жылу энергиясы және ыстық су	238,42 Гкал	223,73 Гкал	235,4 Гкал
Электр энергиясы	259 261,47 кВт/сағ	280 480,08 кВт/сағ	310 396,42 кВт/сағ

Бизнес-орталықта адамдар үнемі бола бермейтін орындарда фотоэлементтер орнатылған, сантехникалық жабдық суды үнемді жұмсау датчиктерімен жабдықталған. Жалға берушінің ақпараты бойынша 2023 жылы 386 кг картон мен 322 кг қағаз қайта өңдеуге берілді.

Энергия ресурстары мен суды тұтынуды азайту жөніндегі іс-шаралар Қоғам қызметкерлеріне экологиялық ағарту аясында жүзеге асырылады, атап айтқанда, жұмыс күнінің соңында электр қуатын өшіруді бақылау, мониторларды өшіру, баспалдақтарды пайдалану туралы ескертеді.

Ғимараттың қасбеттік әйнегі орнатылған панорамалық терезелер энергияны үнемдеуге көмектеседі. Кейбір аймақтарда шамдарды қосу үшін қозғалыс сенсорлары орнатылған.

Суды тұтынуды үнемдеу мақсатында сумен жабдықтау сенсорлары орнатылған.



## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК

2023 жылы сәуірде экологиялық жауапкершілік жөніндегі іс-шараны іске асыру шеңберінде Астана қаласының әкімдігімен бірлесіп жалпы қалалық сенбілік шеңберінде аумақты тазалау жұмыстары жүргізілді. «ЭКСПО» көрмесінің ауданында тазалауға арналған аумақ анықталды. Астана қаласы Есіл ауданының әкімдігі қажетті жұмыс құралдарымен (тырма, күрек, сыпырғыш, қоқыс дорбалары) қамтамасыз етті. Сенбілікке «KazakhExport» ЭСК» АҚ-ның 75% астамы қызметкерлері қатысты.

Компания қызметкерлерін көліктің экологиялық түріне көшуге ынталандыру мақсатында «Автокөліксіз күн» акциясы өткізілді. Бұл акцияға Компания қызметкерлерінің 50% астамы қатысып, осындай акцияларды жүйелі түрде өткізуге ниет білдірді.

Қоғам өзінің үлгісімен өзінің мүдделі тараптарын экологиялық белсенділік танытуға және экологиялық сананы қалыптастыруға ынталандыруға ұмтылады, бұл тұтастай алғанда елдің тұрақты дамуына оң әсер етуі тиіс.



## GRI 102-54, 102-55

## 1-ҚОСЫМША. «GRI» ИНДЕКСІ

«Gri» стандарты және оның жарияланған жылы	Көрсеткіш	Бет нөмірі, бөлім және/немесе URLерекшеліктер/	Пікірлер
GRI 102: Жалпы ақпарат (2021)	Ұйым профилі	«Компания туралы» бөлімі	
	102-1 Ұйым атауы	«Компания туралы» бөлімі	
	102-2 Қызмет бағыттары	«Компания туралы» бөлімі, «Бизнесмодель» бөлімшесі	
	102-3 Бас кеңсенің орналасқан жері	«Байланыс ақпараты» бөлімі	
	102-4 Іс-әрекет географиясы	«Экономикалық өсу» бөлімі, «Халықаралық қызмет» бөлімшесі	
	102-5 Меншік нысаны	«Компания туралы» бөлімі	
	102-6 Сату нарықтары	«Экономикалық өсу» бөлімі	
	102-7 Ұйымдастыру ауқымы	«Компания туралы» бөлімі	
	102-8 Қызметкерлер туралы ақпарат	«Әлеуметтік жауапкершілік» бөлімі	
	102-9 Жабдықтау тізбегі	«Компания туралы» бөлімі, «Бизнесмодель» бөлімшесі	
	102-10 Компания жұмысындағы елеулі өзгерістер	«Негізгі оқиғалар» бөлімі	
	102-11 Сақтық принциптері	«Корпоративтік басқару» бөлімі, «Тәуекелдерді басқару» бөлімшесі	
	102-12 Сыртқы бастамаларды қолдау	«Тұрақты даму» бөлімі	
	102-13 Бірлестіктерге мүшелік	«Компанияның даму кезеңдері» бөлімі	
	<b>Стратегиясы</b>		
102-14 Менеджмент мәлімдемесі	«Директорлар кеңесі Басқарма төрағасының сөзі» бөлімі «Басқарма төрағасының сөзі» бөлімі		
<b>Әдеп және адалдық</b>			
102-16 Құндылықтар, принциптер, стандарттар және мінез-құлық нормалары	«Корпоративтік басқару» бөлімі, «Корпоративтік әдеп» бөлімшесі		
<b>Корпоративтік басқару</b>			
102-18 Структура управления	Раздел «Корпоративное управление», подраздел «Организационная структура»		
<b>Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл</b>			
102-40 Мүдделі тараптардың тізімі	4-қосымша «Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл»		
102-41 Ұжымдық шарттар	«Әлеуметтік жауапкершілік» бөлім		
102-42 Мүдделі тараптарды анықтау және таңдау	4-қосымша «Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл»		
102-43 Өзара әрекеттесу тәсілдері	4-қосымша «Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл»		
102-44 Негізгі тақырыптар мен көтерілген мәселелер	«Тұрақты даму» бөлімі, «Маңызды тақырыптарды анықтау» бөлімшесі		

Есеп мәліметтері			
	102-46 Есеп мазмұны мен шекараларын анықтау 102-47 Маңызды тақырыптар тізімі 102-53 Есептің мазмұны бойынша сұрақтар үшін байланыс ақпараты 102-54 «GRI» стандарттарына сәйкестік деңгейі 102-55 «GRI» мазмұн индексі 102-55 «GRI» мазмұн индексі	«Есеп туралы» бөлімі «Тұрақты даму» бөлімі, «Маңызды тақырыптарды анықтау» бөлімшесі «Байланыстар» бөлімі 1-қосымша «GRI индексі» 1-қосымша «GRI индексі» 1-қосымша «GRI индексі»	
<b>Маңызды тақырыптар</b>			
<b>Экономика</b>			
<b>Экономикалық нәтиже</b>			
«GRI» 103: Басқару тәсілдері (2021)	103-1 Маңыздылық және шекаралар 103-2 Басқару тәсілдері	«Тұрақты даму» бөлімі, «Маңызды тақырыптарды анықтау» бөлімшесі «Даму жоспары» бөлімі	
«GRI» 201: Экономикалық тиімділік (2021)	201-1 Экономикалық құнды қалыптастыру және бөлу 201-4 Мемлекеттен алынған қаржылық көмек	«Даму жоспары» бөлімі «Директорлар кеңесі төрағасының сөзі» бөлімі	
<b>Жанама экономикалық әсер</b>			
«GRI» 103: Басқару тәсілдері (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар 103-2 Басқару тәсілдері	«Тұрақты даму» бөлімі, «Маңызды тақырыптарды анықтау» бөлімшесі «Даму жоспары» бөлімі, «Әлеуметтік-экономикалық әсер» бөлімшесі	
«GRI» 203: Жанама экономикалық әсер (2016)	203-1 Инфрақұрылымдық инвестициялар және сервистік қолдау	«Даму жоспары» бөлімі, «Әлеуметтік-экономикалық әсер» бөлімшесі	Компания шикізаттық емес экспортты қолдауға бағытталған іс-шараларды жүргізеді
<b>Сатып алу тәжірибесі</b>			
«GRI» 103: Басқару тәсілдері (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар 103-2 Басқару тәсілдері	«Тұрақты даму» бөлімі, «Маңызды тақырыптарды анықтау» бөлімшесі «Корпоративтік басқару» бөлімі, «Сатып алу тәжірибесі» бөлімшесі	
«GRI» 204: Сатып алу тәжірибесі (2016)	204-1 Жергілікті өнім берушілерге арналған шығыстардың үлесі	«Корпоративтік басқару» бөлімі, «Сатып алу тәжірибесі» бөлімшесі	
<b>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес</b>			
«GRI» 103: Басқару тәсілдері (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар 103-2 Басқару тәсілдері	«Тұрақты даму» бөлімі, «Маңызды тақырыптарды анықтау» бөлімшесі «Корпоративтік басқару» бөлімі, «Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы әрекет» бөлімшесі	

«GRI» 205: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет (2016)	205-1 Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне бағаланған операциялар	«Корпоративтік басқару» бөлімі, «Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы әрекет» бөлімшесі	
	205-3 Сыбайлас жемқорлықтың расталған оқиғалары	«Корпоративтік басқару» бөлімі, «Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы әрекет» бөлімшесі	
<b>Салықтар</b>			
«GRI» 103: Басқару тәсілдері (2021)	103-1 Маңыздылық және шекаралар	«Тұрақты даму» бөлімі, «Маңызды тақырыптарды анықтау» бөлімшесі	
	103-2 Басқару тәсілдері	«Тұрақты даму» бөлімі, «Салық саясаты» бөлімшесі	
«GRI» 207: Салықтар (2021)	207-1 Салық салу тәсілі	«Тұрақты даму» бөлімі, «Салық саясаты» бөлімшесі	
<b>Экология</b>			
«GRI» 103: Басқару тәсілдері (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар	«Тұрақты даму» бөлімі, «Маңызды тақырыптарды анықтау» бөлімшесі	
	103-2 Басқару тәсілдері	«Экологиялық баланс» бөлімі	Экологиялық әсерді басқару саясаты қоршаған ортаны қорғаудың барлық негізгі мәселелерін қамтиды
<b>Энергия</b>			
GRI 302: Энергия (2016)	«302-3 Энергия тұтынуды азайту»	Экологиялық баланс» бөлімі	
<b>Су</b>			
«GRI» 303: Су (2016)	303-2 Ұйымның су алуы айтарлықтай әсер ететін су көздері	Экологиялық баланс» бөлімі	
<b>Шығарындылар</b>			
«GRI» 305: Шығарындылар (2016)	305-5 Парниктік газдар шығарындыларын азайту (COR2R)	Экологиялық баланс» бөлімі	
<b>Қалдықтар</b>			
«GRI» 306: Төгінділер мен қалдықтар (2016)	306-2 Қалдықтарды орналастыру түрі мен тәсілі бойынша жалпы массасы	Экологиялық баланс» бөлімі	
<b>Талаптарға сәйкестік</b>			
«GRI» 307: Талаптардың сақталуы (2016)	307-1 Экологиялық заңнаманың және нормативтік талаптардың сақтамалмауы туралы ақпарат	Экологиялық баланс» бөлімі	
<b>Әлеуметтік санат</b>			
GRI 103: Басқару тәсілдері (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар	«Есеп құрамын анықтау» бөлімі	
	103-2 Басқару тәсілдері	«Әлеуметтік жауапкершілік» бөлімі	Кадр саясаты персоналды басқарумен байланысты тұрақты дамудың әлеуметтік аспектілерін қамтиды

<b>Жұмыспен қамту</b>			
GRI 401: Жұмыспен қамту (2016)	401-1 Жалдамалы қызметкерлер және қызметкерлердің тұрақтамауы	«Әлеуметтік жауапкершілік» бөлімі, «Қызметкерлерді басқару және еңбек жағдайлары» бөлімшесі	
	401-3 Баланың дүниеге келуіне байланысты ана/әке болу демалысы	«Әлеуметтік жауапкершілік» бөлімі, «Қызметкерлерді басқару және еңбек жағдайлары» бөлімшесі	
<b>Қызметкерлер мен басшылық арасындағы қарым-қатынас</b>			
GRI 402: Қызметкерлер мен басшылық арасындағы қарым-қатынас (2016)	402-1 Ұйымның қызметіндегі елеулі өзгерістер туралы ескертудің ең аз кезеңі	«Әлеуметтік жауапкершілік» бөлімі, «Омбудсмен институты» бөлімшесі	
<b>Денсаулық және қауіпсіздік</b>			
GRI 403: Денсаулық және қауіпсіздік (2016)	403-2 Өндірістік жарақаттанудың түрлері мен деңгейі, кәсіби аурулардың деңгейі, жұмыс орнында болмаған күндер мен жұмысқа келмеу коэффициенті, сондай-ақ өндірісте қайтыс болғандардың жалпы саны	«Әлеуметтік жауапкершілік» бөлімі	
	403-3 Кәсібіне байланысты жарақаты жоғары және сырқаттану қаупі жоғары жұмыскерлер	«Әлеуметтік жауапкершілік» бөлімі	
<b>Білім</b>			
GRI 404: Тренинг және білім (2016)	404-2 Дағдыларды дамыту бағдарламалары	«Әлеуметтік жауапкершілік» бөлімі, «Оқыту және дамыту» бөлімшесі	
<b>Мүмкіндіктердің әртүрлілігі мен теңдігі</b>			
GRI 405: Мүмкіндіктердің әртүрлілігі мен теңдігі (2016)	405-1 Басқару органдардың құрамы	«Корпоративтік басқару» бөлімі	
<b>Тұтынушының денсаулығы мен қауіпсіздігі</b>			
GRI 103: Басқару тәсілдері (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар	«Тұрақты даму» бөлімі, «Жауапты сақтандыру» бөлімшесі	
	103-2 Басқару тәсілдері	«Тұрақты даму» бөлімі, «Жауапты сақтандыру» бөлімшесі	
GRI 412: Адам құқықтарын бағалау	103-2 Басқару тәсілдері	«Тұрақты даму» бөлімі	
GRI 416: Тұтынушының денсаулығы мен қауіпсіздігі (2016)	413-1 Тұтынушы үшін өнімнің қауіпсіздігін бағалау	«Тұрақты даму» бөлімі, «Жауапты сақтандыру» бөлімшесі	

## 2-ҚОСЫМША.

«Kazakhstan Export» ЭСК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарын сақтау/сақтамау туралы есеп

## 3-ҚОСЫМША. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУ

Компанияның толық қаржылық есебімен «<https://kazakhstanexport.kz>» корпоративтік сайтынан танысуға болады

GRI 102-40, 102-42, 102-43

## 4-ҚОСЫМША. МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Қоғамның мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу мәселелері Қоғам өз қызметі процесінде өзара іс-қимылды жүзеге асыратын мүдделі тараптардың (стейкхолдерлердің) тізбесін, олардың ықпал ету дәрежесін айқындау мақсатында әзірленген және Қоғамның қоршаған ортасы туралы ақпаратты жүйелеуге және визуализациялауға, сондай-ақ Қоғамның қоршаған ортасы туралы стейкхолдерлердің әрқайсысымен жұмыс істеудің барабар стратегиясы Қоғам Басқармасының 2021 жылғы 30 қыркүйектегі шешімімен бекітілген Қоғам Стейкхолдер картасымен реттеледі.

Жылдық есеп мүдделі тараптарды Қоғамның қызметі туралы үнемі хабардар етудің негізгі арнасы болып табылады.

Корпоративтік интернет-ресурста Қоғамның сервисі мен қызметтеріне қанағаттану деңгейіне сауалнама жүргізіледі.

Мүдделер/мотивтер	Өзара әрекеттесу әдістері
<b>1. Жалғыз акционер</b>	
Пайда мен жылдық дивидендтердің өсуі, Қоғам құнының өсуі, Қоғам қызметінің тиімділігі	Қызметтің негізгі бағыттарын, сондай-ақ Қоғамның жалпы басшылық етуіне қатысты мәселелерді келісу. Корпоративтік басқару қағидаттары шеңберінде Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғам Жарғысына сәйкес негізгі шешімдерді тиімді қабылдауға бағытталған құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғысының, Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы нақты ақпарат беру. Қоғам қызметінің жоспарлары, жетістіктері, проблемалары туралы ақпарат беру. Жалғыз акционердің шешімдері.
<b>2. Басқару органы</b>	
Қоғам қызметіне жалпы басшылық ету	Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Жарғымен Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басшылық етуді жүзеге асыру.
<b>3. Менеджмент</b>	
Жалақы, бонустар, сыйлықақылар, мәртебе, жауапкершілік аймақтары Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындау.	Қоғамның даму жоспары мен стратегиясын, сыни тәуекелдерін басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын дайындау, іске асыру және орындалуын бақылау. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда көзделген, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының құзыретіне жататын басқа да мәселелерді (Қоғамның Жарғысына сәйкес) дайындау және жүзеге асыру. Қоғам Басқармасының және Басқарма жанындағы комитеттердің отырыстары. Жұмыс топтары, жедел кеңестер.
<b>4. Қызметкерлер</b>	
Жалақы, сыйлықтар, мансаптық өсу, кәсіби өсу, еңбек шарттары, әлеуметтік кепілдіктер (соның ішінде медициналық сақтандыру), өкілеттік пен жауапкершілік деңгейі, жұмысқа қанағаттану деңгейі	Қоғамның міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді орындау. Білікті және ынталы кадрларды қалыптастыруға бағытталған ашыққадр саясатын жүргізу. Еңбек қызметі процесінде барлық қызметкерлердің әлеуетін іске асыру, олардың нәтижелерін әділ бағалау үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, оларды тек кәсіби қабілеттері, білімі мен дағдылары негізінде іріктеу және мансаптық өсіру. Сауалнамалар мен сұрақтар.
<b>5. Клиенттер</b>	
Коммерциялық мүдделер, қолайлы тарифтер бойынша жоғары сапалы қызметтерді алу	Қоғамның өнімдері мен көрсетілетін қызметтерінің тұтынушылардың күтулеріне сәйкестігін қамтамасыз ету. Шарттар жасау, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау. Тұтынушылардың қанағаттануын талдау. Келіссөздер, консультациялар.

<b>6. Мемлекеттік органдар</b>	
Заң шығарушы және атқарушы қызметтер, салықтық түсімдер, экономикалық өсу, халықты жұмыспен қамту	Қоғам ұйымдастыратын жұмыс топтарына, форумдарға, конференцияларға қатысуға шақыру. Қоғамның мемлекеттік сатып алуға қатысуы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық қажетті рәсімдерді жүргізуге дайын болу және жүзеге асыру. Қоғам қызметінің негізгі бағыттарын үйлестіру. Мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу. Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғамның Жарғысының, ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес мүдделі мәселелер бойынша нақты ақпарат ұсыну. Үкіметтік жұмыс топтарына қатысу; Үкіметтік мемлекеттік органдармен консультациялар. Тексерулер мен инспекциялар. Кездесулер мен отырыстар.
<b>7. Холдингтің еншілес ұйымдары</b>	
Бірлескен қызмет, коммерциялық мүдделер	Өзара тиімді ынтымақтастық, іскерлік және технологиялық процестерді жетілдіру және оларды автоматтандыру. Шарттар жасау, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.
<b>8. Бәсекелестер</b>	
Сақтандыру және қайта сақтандыру қызметі нарығында қатысу үлесін арттыру	Құрмет көрсету, негізсіз артықшылықтарды пайдалануға және бәсекелестікті бұрмалауға жол бермеу. Корпоративтік басқару кодексінің және Қоғамның іскерлік этика кодексінің қағидаттарын сақтау. Нарықты бақылау, талдау және маркетингтік зерттеу.
<b>9. Қоғам әріптестері</b>	
Бірлескен қызмет, коммерциялық мүдделер	Өзара тиімді ынтымақтастық және өзара түсіністік туралы шарттар мен келісімдер жасау. Шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.
<b>10. Экспорттық-кредиттік агенттіктері</b>	
Елдер арасындағы қаржылық-сақтандыру қолдауын дамыту жөніндегі іс-қимылдарды талқылау, шарттарын әзірлеу және келісу, экспортты қаржылық-сақтандыру қолдау бойынша тәжірибе және ақпарат алмасу, бірлескен жобаларды іске асыру, коммерциялық мүдделер	Өзара тиімді ынтымақтастық және өзара түсіністік туралы шарттар мен келісімдер жасау. Шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.
<b>11. Халықаралық қаржы институттары</b>	
Бірлескен халықаралық жобаларды жүзеге асыру, коммерциялық мүдделер, тәуекелдерді қайта сақтандыру	Өзара тиімді ынтымақтастық және өзара түсіністік туралы шарттар мен келісімдер жасау. Бизнес-процестерді жетілдіру және оларды автоматтандыру. Шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.
<b>12. Қаржы институттары</b>	
Депозиттік шоттарға бос ақша қаражатын орналастыру, Қоғамның бағдарламаларын іске асыруға қатысу, Қоғамның тәуекелдерін сақтандыру (соның ішінде медициналық сақтандыру), тәуекелдерді қайта сақтандыру, Қоғамның арнайы шоттарын жүргізу және есепке алу, эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер	Шарттар жасау, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау. Шарт талаптарын жетілдіру.
<b>13. Өнім берушілер</b>	
Коммерциялық мүдделер, шарттық міндеттемелерді сақтау	Шарттар жасау, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау. Іскерлік хат алмасу, сұраулар. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды келесі қағидаттар негізінде қамтамасыз ету: - сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы; - сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаның оңтайлы және тиімді жұмсалыуы; - сапалы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу; - мүгедектігі бар адамдар ұйымдарының (жеке тұлғалар – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедектігі бар адамдар) қолдауын ескере отырып, барлық әлеуетті өнім берушілерге сатып алу процесіне қатысудың тең мүмкіндіктерін ұсыну; - тауарлардағы, жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту үлесін арттыру; - әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік; - қабылданатын шешімдерді бақылау және жауапкершілік; - сатып алу процесіне делдалдардың қатысуын барынша азайту. Өзара тиімділікке, сыйластыққа, сенімге, адалдық және әділдікке негізделген өзара әрекеттестік. Әлеуетті өнім берушілерге арналған ақпаратты интернет-сайтта жариялау.

<b>14.Шетелдік контрагенттер</b>	
Коммерциялық мүдделер, қолайлы тарифтер бойынша жоғары сапалы қызметтерді алу	Қоғамның өнімдері мен қызметтерінің тұтынушылардың күтулеріне сәйкестігін қамтамасыз ету. Шарттар жасау, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау. Тұтынушылардың қанағаттануын талдау. Келіссөздер, консультациялар.
<b>15.Халық</b>	
Жұмысқа орналасу мүмкіндігі, әлеуметтік проблемаларды шешу, Қоғам қызметінің ашықтығы, экологияны қорғау	Қоғамдық пікірді сұрау, коммуникациялық стратегияны жүзеге асыру. Қоғамның қаржылық және қаржылық емес есептілігін жариялау. Әлеуметтік жауапкершілік, қызметтің ашықтығы және тұрақты даму қағидаттарына практикалық адалдықты көрсету. Адал бәсекелестікті, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға ұмтылу. Қосымша әлеуметтік міндеттемелерді қабылдау, өзекті әлеуметтік мәселелерді шешу. Қайырымдылық.
<b>16.Қоғамдық ұйымдар</b>	
Қоғамдық бірлестіктердің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру, демеушілік көмек алу	Құқықтық нормаларды сақтау. Ынтымақтастық және өзара түсіністік туралы келісімдер жасау. Қайырымдылық пен демеушілікті жүзеге асыру. Бірлескен іс-шаралар (кездесулер, форумдар, конференциялар және т.б.) өткізу.
<b>17.Қоғамдық кеңес</b>	
Қоғамдық кеңестің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру, қоғамдық бақылауды жүзеге асыру	Қоғамды дамытудың стратегиялары мен жоспарларының жобаларын талқылау; Қоғамның даму стратегиялары мен жоспарларының іске асыру есептерін талқылау және мониторинг жүргізу; Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу және мемлекеттік органдарға енгізу.
<b>18.Бұқаралық ақпарат құралдары</b>	
Қоғамның қызметі, коммерциялық мүдделері туралы жариялау және ақпараттандыру	Ақпараттық қызметті ұйымдастыру: <ul style="list-style-type: none"> <li>- PR-іс-шараларды іске асыру (баспасөз турлары, баспасөз конференциялары, брифингтер);</li> <li>- Мақсатты аудиторияға Қоғамның мықты жақтары мен мүмкіндіктері туралы есеп беру;</li> <li>- Қоғамдық оң пікір қалыптастыру;</li> <li>- Ақпаратты сенімді, тұрақты, үздіксіз және уақтылы ашу арқылы Қоғам қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету;</li> <li>- Қоғамның брендінің жұртшылық арасында танымалдығын қолдау;</li> <li>- Қоғам қызметінің нәтижелерін жұртшылыққа ұсыну.</li> </ul>



KAZAKHEXPORT

Қазақстан Республикасы,  
Z05T3E2, Астана қаласы,  
Мәңгілік Ел даңғылы, 55 «А»

GRI 102-3

тел.: +7 (7172) 95 56 56  
e-mail: [info@kazakhexport.kz](mailto:info@kazakhexport.kz)  
[www.kazakhexport.kz](http://www.kazakhexport.kz)

GRI 102-53